

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Министерство образования и науки Республики Казахстан

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
Национальная академия образования имени И. Алтынсарина



ТАҢДАУЫ БОЙЫНША КУРСТАРДЫҢ МАЗМҰНЫ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ БОЙЫНША ТАЛДАМАЛЫ МАТЕРИАЛДАР

Талдамалы материалдар

АНАЛИТИЧЕСКИЕ МАТЕРИАЛЫ ПО СОДЕРЖАНИЮ И ОРГАНИЗАЦИИ КУРСОВ ПО ВЫБОРУ

Аналитические материалы

Астана
2015

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2015 жылғы 18 мамырдағы № 4 хаттамасы)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 4 от 18 мая 2015 года)

Таңдауы бойынша курстардың мазмұны және ұйымдастырылуы бойынша талдамалы материалдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2015. – 80 б.

Аналитические материалы по содержанию и организации курсов по выбору. – Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2015. – 80 с.

Талдамалы материалдар жинағына әлемдік білім беру тәжірибесінде ҚР Білім және ғылым министрлігі жалпы білім беретін мектептерде міндетті оқуға ұсынған, білім беру ұйымдары әзірлеген, сонымен қатар Қазақстанның инновациялық мектептерінде жүзеге асырылатын таңдауы бойынша курстардың мазмұны мен ұйымдастырылуы туралы материалдар берілген.

В аналитический сборник включены материалы курсов по выбору, реализуемых в мировой образовательной практике, содержания и организации курсов для общеобразовательных школ, рекомендованных для обязательного изучения МОН РК, курсы, разрабатываемые организациями образования, также реализуемые в инновационных школах Казахстана.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2015.

© Национальная академия образования
им. И. Алтынсарина, 2015.

Кіріспе

Зерттеуге арналған тақырыптың өзектілігі:

Оқыту мен тәрбиелеудің басқа компоненттерімен салыстырғанда білім беру мазмұны ең негізгісі және тұрақтысы болып табылады. Сондықтан да білім мазмұнын жаңарту білім берудің жаңа жақтарын жасайды және педагогикалық шарттарға қажетті өзгерістер кешенімен қамтамасыз етеді.

Білім мазмұнын жаңарту аясында оқу бағдарламаларына енгізілетін өзгерістер мен толықтырылулардың, мектепте жүргізілетін таңдауы бойынша курстарға да қатысы бар.

Таңдауы бойынша курстар дербес білім беру бағдарламаларын құрудың маңызды құралы болып табылады, өйткені мектеп оқушысының білім беру мазмұнының элементтерін өзінің қабілетіне, қызығушылығына, болашақ жоспарларына байланысты таңдауына неғұрлым көп мүмкіндік береді.

Таңдауы бойынша курстар үш түрге бөлінеді:

1) әдістемелік қамтамасыз етуді қолдануға негізделген, дәстүрлі пәндік курстар (мысалы, дағдылы факультативтік курстар, оқытудың модульдері, оқу пәндері бойынша қосымша сабақтардың түрлері және басқалар);

2) пәнаралық курстар, олардың мақсаты – оқушылардың табиғат және қоғам туралы білімдерін біріктіру;

3) базистік оқу жоспарына кірмейтін пәндер бойынша курстар:

– оқушылардың жақын және алыс болашақтары үшін тәжірибелік қызығушылықтарын тудыратын білім мен дағдыларды тереңдетуді;

– оқушылардың заманауи мамандықтар әлемінде бағдарлануы үшін тереңдетілген білім және практикаға бағытталған база құруды;

– оқушыларды таңдаған мамандықтарына сәйкес келетін, неғұрлым кең тараған іс-әрекет түрлерімен практика жүзінде таныстыруды талап етеді.

Таңдауы бойынша курс бағдарламаларының мазмұны пәндердің базалық тақырыптарын тереңдету мен кеңейту есебінен құрастырылады, сонымен қатар: оқу пәндерінің базалық мазмұнына; білім беру мекемелерінің бейініне; оқушылардың жеке тілегіне, қоғамның сұранысына және оқу бағдарламаларын жүзеге асыру мүмкіндіктеріне сәйкес жасалады.

Сондай-ақ курстардың оқу мазмұны жаңашылдық пен маңыздылыққа ие, қызықты, бірақ стандартты емес болуы тиіс; базалық курстан ерекшеленуімен қатар оны толықтыруы және тереңдетуі тиіс; логикаға сәйкес құрастырылған материалдардың мазмұны білімнің кіріктірілуін, пәнаралық байланысын және практикаға бағытталуын көрсетуі тиіс; жүргізілетін жұмыстар мен іс-әрекеттердің түрлері мен формаларын оқушылардың талаптарына сәйкес топтастыру қажет және олар оқушылардың дербестік пен тұлғалық қасиеттерін қамтамасыз етуге, ықыласын дамытуға бағытталуы тиіс.

Таңдауы бойынша курс бағдарламаларының мазмұнына қойылатын талаптар:

1) білім берудің заманауи технологияларына бағытталуы;

2) курс мазмұнының қойылған мақсаттарға және құрылымының логикаға

сәйкестігі;

- 3) оқушылардың оқу жүктемесінің нормаға сәйкестігі;
- 4) бағдарламаларды әзірлеудің қолданыстағы талаптарына сәйкестігі;
- 5) қажетті ақпараттар бар құралдардың болуы.

Білім беру мазмұнын жаңарту мектептегі таңдауы бойынша курстардың да мазмұнын өзгерту мен толықтыруды жобалайды. Өзгертулер мен толықтырулар келесі жағдайларды қарастырады:

- жүйелі-әрекеттік тәсілді жүзеге асыру арқылы білім мазмұнының практикаға бағытталуын күшейту;
- оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту;
- пәнаралық кіріктіруді күшейту және оқу материалдарын деңгейлер бойынша қайта бөлу арқылы оқу пәндерінің мазмұнын жүйелеу;
- білім мазмұнын саралауды күшейту;
- қазақстандық компонентті кеңейту;
- тәжірибелік, сарамандық, зертханалық, жобалық-зерттеушілік және эксперименттік жұмыстар санын көбейту;
- бағдарламадағы ескірген, бүгінгі күні өзекті емес тақырыптардың орнын, қазақстандық қоғамды әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан жетілдіруді бейнелейтін материалдармен толықтыру.

Қазақстандық білім беру жүйесіндегі таңдауы бойынша курстар типтік оқу жоспарының вариативтік компонентінің құрамына кіреді және оқушылардың қызығушылығы мен қабілетіне сәйкес білім алу бейінін саналы түрде таңдауға дайындау арқылы, оқытуды тұлғаландыру мақсатында жүзеге асырылады.

Нормативтік-құқықтық құжаттар аясында олар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 ж. 25 шілдедегі № 296 және 2013 ж. 27 қарашадағы № 471 бұйрықтарымен реттеледі.

Таңдауы бойынша курстар екі топқа бөлінеді, олар:

1. ҚР БҒМ міндетті оқуға ұсынған курстар.
2. Білім беру ұйымдары әзірлеген курстар.

Қазіргі уақытта Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы жалпы білім беретін мектептердің 9-11 сыныптарына арналған «Абайтану», 9-сыныптарға «Дінтану негіздері», 7-сыныптарға «Өлкетану» міндетті курстарының оқу бағдарламаларын әзірледі.

Сонымен қатар типтік оқу жоспары бойынша, білім беру ұйымдары оқушылардың білімі, қызығушылығы және қабілеттеріне сәйкес таңдау курстарын өз беттерінше таңдайды және әзірлейді.

Жыл сайынғы «Жалпы орта білім беретін ұйымдарында ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы» басылымда Академия оқу пәндері мазмұнының вариативті бөлімінде таңдауы бойынша курстардың тізімін ұсынады.

Бұл құралдың мақсаты ҚР жалпы білім беретін ұйымдарындағы таңдауы бойынша курстардың жағдайына және ұйымдастырылуына талдау жасау болып табылады.

Негізгі мақсаттан *келесі міндеттер* туындайды:

– білім беру ұйымдарындағы таңдауы бойынша курстардың мазмұны және ұйымдастырылуы бойынша халықаралық тәжірибені зерделеу;

– ҚР Білім және ғылым министрлігімен ұсынылған таңдау курстарының мазмұнына және ұйымдастырылуына талдау жасау;

– жалпы білім беретін ұйымдардың өздері әзірлеп жүргізетін таңдауы бойынша курстардың жағдайы мен ұйымдастырылуын қарастыру;

– инновациялық жалпы білім беретін ұйымдарда таңдауы бойынша курстардың жүргізілуі тәжірибесін зерделеу («Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, ҚТЛ, «Мирас», «Көгілдір желкен – *Blue sail* – Голубой парус», «Хэйлибэри» халықаралық мектептері және басқалар).

Оқушылардың қажеттілігі туралы мониторинг материалдары, шетелдік және отандық ғалым-педагогтардың еңбектері, әлеуметтік сауалнамалар, пәндік салалар бойынша оқу материалдары және құжаттар *зерттеу базасы* болып табылады.

1 Әлемдік білім беру тәжірибесіндегі таңдау курстары

Бүгінгі күні әлемнің көптеген дамыған елдерінде білім беру реформалары жүргізілуде. ХХІ ғасырда ақпараттық-технологиялық қоғамда мемлекеттердің бәсекелестігінде білім, ғылым және мәдениет деңгейі, жаңашыл технологияны дамыту және жүзеге асыру үшін жағдайлар жасау айқындайтыны белгілі. Бұл ретте маңызды рөл оқытудың бейіндік жіктеу мәселесіне бөлініп отыр [1].

Еуропа елдерінде (Франция, Нидерланды, Ұлыбритания, Швеция, Финляндия, Норвегия, Исландия, Дания) негізгі жалпы білім беру мектептерінің 1-6 сыныптар аралығындағы барлық оқушылар формальды бірдей білім алады. 7-сыныптан бастап оқушы өзінің таңдауын жасауы керек. Әр оқушыға негізгі мектепте білімін жалғастыру үшін екі нұсқа ұсынылады: біріншісі ары қарай жоғары білімге жол ашатын «академиялық» нұсқа және екіншісі негізінен қолданбалы және бейіндік пәндерден, таңдау бойынша курстардан тұратын жеңілдетілген оқу жоспары бойынша оқытылатын «кәсіби» нұсқа ұсынылады [2].

АҚШ-тағы саралап оқытудың теориясы мен практикасының ұзақ жылғы тарихы бар. Оның пайда болуы мен ары қарай дамуы басқа дамыған елдермен салыстырғанда белгілі өзгешілігімен ерекшеленеді. Бейіндік жіктеу көмегімен талантты жастарды анықтау және оқыту, білім алуға, өзінің кәсіби деңгейін өмір бойы көтеруге олардың қабілеті мен ынтасын қалыптастыру бойынша АҚШ мектептерінде іске асырылатын шаралар назар аударуға тұрарлық. Бұл және бұдан басқа шаралар білім берудің бірқатар күрделі мәселелерін шешуді қамтамасыз етті, бұл өз кезегінде елдің шығармашылық әлеуетін қалыптастыруға, оның экономикасының тиімділігін арттыруға ықпал етті.

Сонымен қатар, көпбейінді мектептер пайда болған алғашқы жылдардан-ақ саралаудың көмегімен американдық қоғам мектепте прагматизм рухын «орнатуға» мүмкіндік алды. Э. Торндайк, Л. Терменнің және АҚШ-тың басқа педагогтері мен психологтерінің жұмыстарында көпбейінді мектептердің артықшылықтары және осы қағидаға сәйкес оқушылардың әртүрлі санаттарына арналған әртүрлі оқу жоспарлары негізделді. Мұнда оқытылатын білімнің тереңдігі мен көлеміндегі айырмашылықтар оқушылардың жеке сұраныстарын қанағаттандыру қажеттілігі, «олардың ары қарай тағдырын адекватты қалыптасуына» ықпал ететіндігі сенімді көрсетілген. Олар ұсынған оқушыларды іріктеуге арналған әдіс бірінші кезекте «интеллектуалды дарындық» теориясының ережелерімен және олардың негізінде жасалған тестілердің («айкью») көрсеткіштеріне негізделген [3].

Саралау көзқарасы әртүрлі қабілеттерге, жалпы даму және оқу жетістіктері деңгейіне ие оқушыларды, оқу бағдарламаларының күрделілігі мен толықтығының әртүрлілігі бойынша оқытуды болжамдайды. Кейде «группинг», «фуркация» деп аталатын саралаудың бұл түрі, білім берудің келесі кезеңдерінде үнемі тереңделіп, жетілдіріліп, ары қарай едәуір дәрежеде ағындар мен бейіндерге бөлінуін алдын ала анықтайды.

Білім берудің бейіндік саралау негіздері орта мектептің жоғары сатысында

(10-шы, 11-ші және 12-ші сыныптар) толық ашылады. Міндетті пәндер топтамасы мұнда 3 пәнді: ағылшын тілін, қоғамтануды, дене шынықтыруды қамтиды. Ал білім алушылардың таңдауына курстардың көптеген түрлері ұсынылады. Кейде олардың саны 150-200-ге жетеді.

Ағым бойынша оқушыларды бөлу үшін олармен әртүрлі курстарды таңдауы ғана емес, арнайы толтырылатын сауалнамалық форма түріндегі стандартты тестілер және мұғалім және кеңесшілермен берілетін ұсынымдардың көрсеткіштері өлшемдік негіз болып табылады. Бұл көрсеткіштер негізінен бұрынғы саралау нәтижелерін (бастауыш мектептегі қабілеттілікке байланысты топтар, бастауыш, орта сатыдағы әртүрлі оқу бағдарламалары бойынша дәрістер) сипаттайтын болғандықтан, олар білім алушылардың болашағының мәнін өзгерте қоймайды. Ресми түрде сабақ барысында оқушының орта мектептегі таңдалған (дұрысырақ, ол үшін орнатылған) оқу сипатын өзгертуіне мүмкіндігі бар. Егер ол бар болған жағдайда, әдетте мұнда «төменге апаратын лифт» қолданылады. «Сәтсіздікке ұшырағандар» мен «көңілі қалғандарды», негізінен жалпы ағынды абсорбациялайды [4].

Ұлыбритания мектеріндегі саралап оқыту негізінде ХХ ғасырдың 30-ы жылдарында С.Берт жасаған дәстүрлі биологизаторлық тұжырымдама жатыр. Оның көрнекті ізбасары – психолог, профессор Г. Айзенк өзінің еңбектерінде генетикалық факторлардың адамның дамуында 2/3 және одан да жоғары көрсеткішті (80%-ға дейін) құрайтынын және «жеке ерекшеліктер нақты балаға сәйкес келетін білім берудің типін анықтауда күмәнсіз маңызды рөл атқаруы керек деп жазады. Бұл ақыл-ой қабілеттеріне қатысты аксиомалық дерлік» деп тұжырымдайды.

Ұлыбританияның орта мектептеріндегі білім беруді ұйымдастыру толығымен саралау қағидатында құрылған. Барлық оқушылар шамамен 11 жастан бастап біріктірілген орта мектепке қабылданады және осы мектептің шеңберінде оқушылардың қызығушылықтары мен қабілеттеріне негізделген академиялық және практикалық сипаттағы түрлі бағыттарға бөлінеді.

Білім берудің саралануы орта мектептің 4-ші оқу жылында (оқушылардың жас шамасы – 14 жас) басталып, анық сипатта болады. Оқу уақытының 50 пайызы бағдарламаның негізі (өзегі) деп аталатын міндетті пәндерге бөлінеді. Қалған уақыт таңдау бойынша пәндерге берілген. Академиялық пәндер негізіне тек қана ағылшын тілі мен математика, сондай-ақ дін және дене шынықтыру кіреді. Ағылшын тілі әдебиеттің де оқытылуын қамтиды.

Таңдау бойынша пәндер мектепке байланысты оқушылар көп немесе аз санын таңдауы керек блоктарға топталады. Негізінен мектептер таңдау бойынша бес міндетті пәндерді ұсынады. Мысалы, Ланкашир графтығының біріктірілген мектептерінде ағылшын тілі мен әдебиеті, математика, дін, кәсіби бейін, дене шынықтыру міндетті пәндер болып табылады.

1-блокта – физика, физика ғылымы, биология, жаратылыстану, күнделікті өмірге арналған пән;

2-блокта – география, тарих, дін, музыка, іс жүргізу, түзету курсы;

3-блокта – француз тілі, бейнелеу өнері, дизайн, технология, үй шаруашылығы, компьютерлер;

4-блокта – химия, тарих, драма, технология, үй шаруашылығы, түзету курсы;

5-блокта – география, бейнелеу өнері және дизайн, биология, технология, іс жүргізу, түзету курсы таңдау бойынша пәндер болып табылады.

Оқушылар блоктардың әрқайсынан төрт курс, аптасына барлығы тек 20 сабақ қана болатындай таңдау жасауы керек. Әрбір блокта физика, биология, география немесе басқа пән бойынша бірнеше курстар болуы мүмкін. Кейде бұл әртүрлі курстар, болмаса бір курс бойынша оқушылардың бірнеше топтары құрылады. Оқушылардың аса талаптылары әдетте жеке пәндерді оқиды, ал қабілеті төмендері – интеграцияланған курстарды оқиды. Үлгерімі төмен оқушыларға негізінен ағылшын тілі, кейде математика бойынша түзету курстары ұсынылады. Осылайша оқушыларды пәндердің әртүрлі жиынтығы бойынша ғана емес, күрделілігі мен тереңдігі деңгейі әртүрлі курстар бойынша бөлу жүргізіледі.

Блоктар төрт курстың әрқайсысынан таңдау жасап, оқушылар азды-көпті үйлестірілген оқу жоспары бойынша оқитындай түзілген, яғни таңдау бойынша пәндер жиынтығы гуманитарлық, жаратылыстану, практикалық курс пен математиканы және т.б. қамтиды. Алайда блоктардағы пәндер жиынтығының талдауы оқушының сол немесе басқа пәндерді (мысалы физиканы немесе географияны) оқудан қашып құтылуы мүмкін деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Толық орта мектептің 6-шы екі жылдық сыныбында бейіндеу өзінің шарықтау шегіне жетеді. Әрбір оқушыда гуманитарлық немесе жаратылыстану немесе аралас бағыттағы мамандану пәндерінен тұратын өзінің оқу жоспары қалыптасады. Бұл мемлекеттік, сондай-ақ жеке меншік мектептерге тән құбылыс.

Жоғары біріктірілген орта мектептердегі бейіндік саралау міндетті оқыту сатысында негізгі пәндер бойынша жеткілікті жоғары дайындық қамтамасыз етіледі деген шартпен үлкен артықшылықтарға ие. Толық орта мектеп жоғарғы оқу орнына түсуге дайындық сатысы болғандықтан, тек бірнеше пәндерді артық оқу орынды болып көрінеді. Бұл таңдалған пәндерді тереңірек оқып, бағдарламаны жеңілдетуге, оқу жүктемесін азайтуға мүмкіндік береді. Ағылшын мектептеріндегі ерте жастан – 14 жастан бастап мамандану мен оқу уақытының 50%-на дейінгі терең саралау оқушылардың көпшілігіне толыққанды базалық білім алуға мүмкіндік бермейтіндей болып көрінуі мүмкін.

Ағылшын білім беруінің дамуында маңызды кезең болып табылатын 1988 жылы Ұлттық оқу жоспарын енгізумен жоғары мектептерде оқу уақытының 20 пайызы жаратылыстану пәндеріне бөліне бастады. Ал оқу уақытының 75-85 пайызға дейінгі уақыты міндетті пәндерге, қалған уақыт таңдау бойынша пәндерді тереңдетіп оқуға бөлінді [5].

Германияда мектептегі білім берудің барлық жүйесін ұйымдастыруда

эртүрлі формада практикада енгізілетін саралап оқыту қағидаты жатыр. Германиядағы мектептік білім беру жүйесі басқа батыс еуропалық елдермен салыстырғанда өзінің сипаты бойына аса демократияшыл емес. Ол ескі дәстүрлерді ұстанған, ХІХ ғасырдан бері келе жатқан тұрақты жүйе болып табылады. Онда жалпы білім беру мектептерінің негізгі, реалды және гимназия үш эртүрлі тең келмейтін дуализм типі сақталған. Осы мектептердің әрбірінің мәртебесінде оқытудың эртүрлі мерзімдері, білім берудің мақсаттары, жалпы білім беру дайындығының деңгейі, оқыту әдісі, ары қарай білім берудің және нақты өмірде орналасудың болашағы көзделген.

Бастауыш мектептің басты мақсаты – «баланы ойын саласынан шығарып, оқуға енгізу, оқу әрекетіне тарту, бала сүйенетін қажетті білім мен дағдылармен қаруландыру» болып табылады. Ондағы міндетті пәндерге ана тілі, математика, дін, қоршаған орта туралы практикалық білім, музыка (көркемдік тәрбие), еңбек және спорт жатады. Шет тілі (ағылшын) – жоғары типті мектептерде ары қарай оқу үшін алғышарт болып табылады. Бұл саты «балаларға қатысты демократияшыл және әділетті деп сипатталады», себебі ол балалардың оқу процесінде, бір-бірімен қарым-қатынаста дамуына ықпал етеді, әрбір баланың білім алудың және кәсіби дайындықтың ары қарай жолдары туралы негізді шешім қабылдау үшін жеке дайындығын жүзеге асырады.

Негізгі мектеп (4+5 немесе 6 жылдық білім беру) дегеніміз бөлуден соң жоғары типті мектепке түспегендер үшін бастауыштың базасындағы барлығы үшін міндетті толық емес орта мектеп болып табылады. Бұл мектеп еңбек өміріне дайындайды, төменгі кәсіби мектептерде оқуға құқық береді.

Реалды мектеп негізгі және гимназия арасында аралық орын алатын толық емес орта мектеп (4+6 жас). Реалды мектеп дәстүрлі түрде әкімшілік аппараты мен өндіріс үшін кіші және орта қызметкерлерді дайындауға арналған. Ол орташа қабілетті оқушыларды оқытуға және негізгі мектептерге қарағанда олардың мол жалпы білім дайындығын алуына есептелген. Реалды мектеп Германияда өте танымал, себебі ол жұмысшылар мен кіші қызметкерлердің балалары үшін жоғары типті мектепке айналып бара жатыр. Оның тартымды күші оның практикалық мамандықтарға дайындауында, бітірген соң орта арнаулы оқу орындарында оқу мүмкіндіктерін, ал егер ықыласы болса «жоғары оқу орындық кәметтікті» алу үшін гимназияның (емтихансыз) жоғары сатысында үш жыл немесе орта арнайы мектепте екі жыл оқу мүмкіндігін беруінде болып отыр. Бұл белгілі профильді (инженерлік іс, экономика, басқару және т.б.) жоғары оқу орындарына түсуге құқық беретін реалды мектептердің (11-12 - сыныптар) бітірушілеріне арналған.

Реалды мектептердегі практикалық мамандықтардың үлкен санына дайындық жарытылыстану және математика, лингвистика, экономика-социологиялық, техникалық, музыка-эстетикалық білімдер саласын таңдау бойынша пәндер мен эртүрлі бейін бойынша саралап оқыту көмегімен жүргізіледі. Ана тілі, математика, физика, химия, биология, дін, тарих, география, әлеуметтану, экономика, құқық, бюджет дәстүрлі түрде міндетті пәндер болып табылады. Бұдан басқа таңдау бойынша міндетті пәндер:

стенография, мәшеңкемен басу, көркем тәрбие, текстильді жұмыстары, шет тілдері: бастапқы ағылшын, екінші – француз тілі (бейініне байланысты) оқытылады.

Гимназия – тікелей жоғары оқу орнына дайындайтын орта жалпы білім беру мектебі (4 + 9 жыл). Қазірде бар дәстүрлі үш гимназия түрімен (ежелгі тілдер, жаңа тілдер, математика және жаратылыс ғылымдары) қатар әлеуметтік типті гимназиялардың көптеген типтері – экономикалық, әлеуметтік, музыкалық және техникалық гимназиялар пайда болды.

Гимназияның жоғары сатысы, яғни 11-13 сыныптар аса үлкен өзгерістерге ұшырады. Мысалы, ұйымдастыру жоспарында – бұл курстық жүйенің енгізілуі, сынып дегенді тарату. Білім беру процесінің өзіне келетін болсақ, міндетті және аптасына 30 сағат көлемін құрайтын таңдау пәндері 2:1 қатынасында болады. Міндетті пәндер: ана (неміс) тілі, шет тілі, бейнелеу өнері, философия, дін, қоғамтану (немесе тарих), география, әлеуметтану, экономика, математика, физика, химия, биология. Таңдау бойынша пәндерге жоғарыда аталғандар (міндеттілердің арасынан), сондай-ақ педагогика, психология, әлеуметтану, құқық, геология, астрономия, технология, статистика, бағдарламалау және т.б. таңдау бойынша міндетті пәндер циклындағы негізгі курстар мен үлгерім бойынша курстар болуы мүмкін [6].

Францияда орта мектепте оқытуды бейіндеу жүз жылдан аса уақыттан бері жүзеге асырылып келеді. Соңғы онжылдықта онда да маңызды өзгерістер жүзеге асты. Қазіргі уақытта білім беру жүйесі білім берудің жүйелі бірізді кезеңдерінен тұрады: бастауыш – элементарлы мектеп, толық емес орта мектеп – колледж, толық орта мектеп – лицей.

Француз оқушыларын саралап оқыту ресми түрде колледжде басталады, бірақ білім берудің тең емес бағыттары бойынша бөлу үшін алғышарттар оқудың бастауыш, ресми біріңғай кезеңінде жасалады. Коллеж бұқаралық орта мектептің біріңғай типі болып жарияланған, онда бұрын болып келген классикалық және реалды бөлім болып бөліну формалды түрде таратылған.

Коллеждегі алғашқы екі жылдық оқу – «бақылау кезеңі» (француз белгіленуі бойынша 6-шы және 5-ші сыныптар). Оның мақсаты: «бастауыш білім беруді бекіту және толықтыру, орта білім негіздерін игеруді қамтамасыз ету».

Келесі ек жыл (4-ші және 3-ші сыныптар) – «бағыттау кезеңі» оқушыларды оқудың келесі түрлеріне бағыттауға арналған. Факультативтік пәндер немесе ежелгі тілдер, шет тілдері, технологияларды таңдау бойынша курстардың көмегімен жүзеге асырылады. Олардың бірін таңдау міндетті. Бұл таңдау іс жүзінде оқудың бұдан кейінгі сипатын айқындайды. Біреулерге бұл толық орта мектеп-лицейінің гуманитарлық немесе жаратылыстану ғылыми секциялары болса, басқалар үшін лицейдің технологиялық секциялары немесе кәсіптік-техникалық оқу орындарына ауысу болып табылады.

Толық орта білім беруді аяқтайтын кезең – лицей. Мұнда коллежді бітірген соң бұрын оқуға түскен оқушылардың 54 пайызынан астамы оқуға келеді.

Лицейдің бірінші жылы (оқудың 10-шы жылы немесе «2-ші сынып»)

«анықтау сыныбы» деп аталады. Оқу жоспарында барлық оқушылар үшін міндетті жалпы білім беру пәндері – француз тілі, шет тілі, математика, физикалық ғылымдар, жаратылыстану, тарих, география, азаматтану, дене шынықтыру негізгі орын алады. Білім берудің бейіндік түрі таңдау бойынша курс формалары түрінде жүзеге асырылады. Оларға 3-11 сағатқа дейін бөлінеді. Әрбір оқушы жалпы апталық жүктемесі 34-36 сағаттан аспайтындай есеппен бір немесе бірнеше пәндерді таңдауы керек. Таңдау бойынша пәндер үш топқа біріктірілген:

1-ші топ – өндірістік технология, жаратылыстану-математикалық ғылымдар, зертханалық зерттеулер технологиясы, медициналық-әлеуметтік ғылымдар, қолданбалы өнер;

2-ші топ – ежелгі ғылымдар, шет телдері, әлеуметтік-экономикалық ғылымдар, әкімшілік іс, көркем тәрбие, мамандандырылған спорттық дайындық;

3-ші топ – қолданбалы сипатты пәндер (мәшкенкемен басу, қол өнері, қызмет көрсету саласының бірін үйрену). Осылайша, таңдау бойынша курстардың мақсаты – жалпы білім беру дайындығын кеңейту, сонымен қатар болашақ мамандану бойынша бағыт беру болып табылады.

Франция мектептеріндегі жоғары сыныптарда бейіндік оқытудың ерекше сипаты – жоғары білім ретінде сараланатын және негізінен екі жылға созылатын лицейлерде бакалавриаттан кейінгі курстардың өткізілуі. Олардың бірқатары оқушыларды жетекші университеттерге конкурстық қабылдау емтихандарына дайындайды [7].

Эстония Республикасындағы білім беру жүйесі Республиканың Конституциясымен, Балаларды қорғау актімен және Білім туралы актімен реттеледі. Конституцияға сәйкес ұлтына қарамастан барлығының білім алуға құқы бар.

Білім беру 17 жасқа дейінгі барлық балалар үшін міндетті болып табылады. Білім беру жергілікті мектеппен (тұрғылықты жері бойынша) ұсынылады.

Эстондық білім беру жүйесі бастауыш және орта білім болып бөлінбейді. Міндетті білім берудің негізі 1 сыныптан (7 жастан оқытылады) басталады және 9 сыныпты қамтиды. Оқудың бұл түрі білім алудың үш кезеңіне бөлінген: 1-кезең (1-3 сынып); 2-кезең (4-6 сынып) және 3-кезең (7-9 сынып).

Гимназия жалпы білім беру мектептерінің орнына келетін елдегі орта білімнің негізгі құрылымдық бірлігі болып табылады. Гимназиялардағы апталық оқу жүктемесінің ең көп мөлшері 35 сағат деп анықталған. Ұлттық оқу жоспарларымен анықталатын және пәндердің жалпы санының 75 % құрайтын міндетті пәндерден бөлек, пәндердің 25 % оқушылардың өздері мен мектептердің таңдауы бойынша пәндерге бөлінеді. Сондай-ақ жеке пәндерді тереңдетіп оқытатын гимназиялар бар, мысалы шет тілдерін, математиканы, бизнесті және т.б. 1997 жылдан бастап орта мектептерде бірыңғай мемлекеттік бітіруші емтихандар енгізілген. Емтихандарды табысты тапсырған бітірушілерге толық орта білім туралы куәлігі беріледі [8].

Жапониядағы орта мектеп – бұл (7-9 сыныптар) тюгакко. Жалпы орта білім толық емес 3 жыл мерзімге (I-кезең) және толық үш жылдық (II-кезең) сатыларға бөлінеді. Орта мектептер жалпы білім беру, мамандандырылған және аралас типтерге бөлінеді. Ақыл-ой және дене дамуы кеміс балаларға арналған мектептер желілері де бар.

Орта мектептің төменгі сатысында (12-15 жастағы балалар үшін) оқу жоспары міндетті пәндер мен таңдау бойынша пәндерден тұрады. Міндетті пәндер: жапон тілі, математика, қоғамтану, жаратылыстану, мораль, музыка, бейнелеу өнері, дене шынықтыру, техника, үй шаруашылығы. Таңдау бойынша пәндер: шет тілі, музыка, дене шынықтыру, өнердің қосымша курстары. Апталық жүктеме 29-30 сағатты құрайды. Оқушылар су және ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, сауда және балық шаруашылығымен таныса отырып, практикалық қызметке дайындалады.

Бүгінгі күні жапон мектептерінің оқу жоспарларында химия, физика, биология, география, тарихтың жүйелі курстары жоқ. Олардың орнына жаратылыстану мен қоғамтанудың синтетикалық курстары оқытылады, алайда оларға тән эклетика мен жүйесіз сұрыптау білім берудің деңгейінің төмендеуіне алып келді, сондықтан жаңа бағдарламаларда аталған пәндерді саралап оқыту көзделген.

Жоғары мектеп – бұл (10–12 сыныптар) котогакко. Орта мектептен жоғары мектепке өту емтихандардың нәтижесі бойынша жүзеге асырылады. Өзінің мектептегі үлгерімінің негізінде алдымен оқушылар түсуге мүмкіндігі бар жоғары мектептердің тізімін алады. Содан соң өту емтиханын тапсырады және оның нәтижелері мен бұрынғы үлгерімінің негізінде оқушының қандай жоғары мектепке түсетіні туралы мәселе шешіледі.

Орта білімнің екінші сатысы (3 жыл) котогакка міндетті емес, алайда сәйкес жас топтарының шамамен 97 % қамтиды. Котогаккода екі бөлім бар: жалпы білім беру (гуманитарлық және жаратылыстану ғылыми бағыттарына бөлінеді) және кәсіптік (техникалық, ауылшаруашылығы, коммерциялық, үй шаруашылығы бағыты және теңіз кәсіпшілігі). Жастардың 36% оқуын университеттер мен колледждерде жалғастырады, ал 12% арнайы оқу орындарында жоғары білім алады. Формалды білім жас жапондыққа тек қажетті білім мен дағдының тек жартысын ғана беретінін атап өту керек. Екінші жартысын ол өз бетінше немесе оны жалдаған кәсіпорында өтуі тиіс кәсіби дайындық құрайды.

Жоғары саты жалпы білім беру және кәсіптік бөлімдерге бөлінеді. Біріншісі жоғары оқу орнына түсуге дайындыққа (академиялық бөлім), екіншісі осымен өзінің білімін шектеуге арналған оқушыларға арналған. Бөлім және топтарына қарамастан барлық оқушылар жапон тілі, қоғамтану, математика, жаратылыстану, классикалық әдебиет, саясиэкономия, физика, химия, дене шынықтыру, бейнелеу өнері міндетті пәндерін оқиды. Бұдан басқа ұсынылатын міндетті пәндердің бірі – музыка, көркем өнер, еңбек каллиграфия, қыздар үшін – үй шаруашылығы, жігіттер үшін техника (өндіріс негізі). Апталық жүктеме – 34-36 оқу сағатын құрайды.

Кәсіптік бөлімде өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, коммерциялық қызмет, су шаруашылығы, балық шаруашылығы - бес топтың бірін таңдай отырып, оқушылар 30 сынақтық бірлік (1 бірлік – 35 оқу сағатына тең) көлемінде таңдау бойынша пәндерді игереді. Коммерциямен айналысқысы келетіндер саны көп. Барлық топтардың (коммерциялықтан басқа) сондай-ақ тар көлемді мамандануы бар, мысалы, ауыл шаруашылығында бұл егін шаруашылығы, мал шаруашылығы. Бұдан басқа аптасына бір сағат қоғамдық қызметке жұмсалады.

Жалпы, Жапонияда әртүрлі бағыттар бойынша 90-нан астам бағдарлама бар, бірақ әрбір мектепте оларды таңдау екі-үшеуімен шектеледі [9].

Финляндияда қазіргі уақытта ХХ ғасырдың 90 жылдарының ортасында әзірленген «оқитын қоғам» тұжырымдамасы қабылданған, оған сәйкес үздіксіз білім беру қағидаты іске асырылады.

Базалық 9 жылдық білім берудің оқу жоспары дәстүрлі: ана тілі, шет тілі (2 сыныптан – ағылшын тілі, 7 сыныптан бастап елде екінші мемлекеттік тіл болып табылатын швед тілі қосылады), математика, табиғаттану және экология (4-сыныпқа дейін), биология немесе география (5-ші сыныптан), химия, физика – 7-ші сыныптан, дін немесе этика, тарих немесе қоғамтану (5-ші сыныптан), музыка, бейнелеу өнері және еңбекке баулу 7-сыныпқа дейін, дене шынықтыру. Факультативтік пәндер «таңдау бойынша сабақтар) 8 сыныптан басталады (аптасына 7 сағ.). Апталық оқу жүктемесі 1-2 сыныптарда 19 сағаттан бастап 7-9 сыныпқа қарай 30 сағатқа дейін ұлғаяды. Осылайша, 6 сыныпқа дейін балалар тұрақты және жеткілікті терең мазмұнды оқу пәндерінің жеткілікті жиынтығын оқиды.

7-ші сыныптан бастап мектеп оқушысында ұсынылатын жиынтықтан жылына таңдау бойынша үш курсты таңдап өзінің қызығушылығын білдіруге мүмкіндік туады (өзінің таңдауын жыл бойы ауыстыруға болмайды). Таңдау бойынша пәндердің жиынтығы әртүрлі. Мысалы, *Hatsale* классикалық жоғары мектепте бұл шет тілі (француз, неміс, орыс), жаратылыстану ғылымдары, АКТ, шешендік өнер, театр, музыка, үй шаруашылығы, тігін ісі.

Бірдей базалық білім алғаннан соң оқушылар жоғары мектепте (*general upper secondary schools*) немесе кәсіптік дайындық мекемесінде (*vocational institutions and apprenticeship training* – кәсіби бағдар және оқушының мақсаты) 3-4 жыл бойы білім алады.

Оқу жылының басында әрбір студент «Вилла» компьютерлік бағдарламасының көмегімен бір жылға жеке оқу жоспарын құрады (30 кредит): Ұсынылған 12 оқу пәнінен ол 8-ін таңдауы керек. Бір бөлігі міндетті, бір бөлігі – таңдау бойынша пәндер. Пәндер бойынша курстар курстардың тізімінен, олардың қысқаша мазмұны мен курсты оқитын оқытушы көрсетілген және курсқа бөлінген кредиттер санынан тұратын материалдардың электрондық түрінде ұсынылады. Әрбір курс үшін алдын ала кесте беріледі. Бұл оқушыға курсты таңдау кезінде оларға қатысуын үйлестіруге мүмкіндік береді. Курсқа алынатын студенттердің максималды саны 32 адамды құрайды. Бағдарламаның көмегімен оқушы қандай курстарды тапсырғанын, қайсысынан онда қарызы бар екендігін бақылай алады. Тілек білдірген оқушы басқа лицейден оған

қажетті курсты таңдауы мүмкін. Оқушы курстар таңдай алатын ашық университет бар. Қосымша курстар бойынша жинақталған кредиттер лицейде немесе ары қарай университеттегі оқу кезінде есепке алынады [10].

90-жылдардың соңында **Ресейде** жоғары оқу орнында ары қарай оқу мақсатында олармен таңдалған білім беру салалары бойынша мектеп оқушыларын тереңдетіп оқытуға бағытталған жалпы білім беру мекемелерінің жана түрлері (лицей, гимназиялар) пайда болды. Сондай-ақ көптеген жылдар бойы көркемөнер, спорт, музыка және т.б. мамандандырылған (белгілі дәрежеде бейіндік) мектептер табысты өмір сүріп және дамып келді. Бұл процеске білім беру мекемелері мен білім беру бағдарламаларының көпнұсқалығы мен көп түрлі типтерін бекіткен 2002 жылы Ресей Федерациясымен қабылданған «Білім беру туралы» Заңы ықпал етті.

Мектептегі оқу жоспарының құрылымы онда инварианттық және варианттық бөліктерді сипаттау қажеттілігімен негізделген. Оқу жоспарының инварианттық бөлігі (түйіні) оқушылардың базалық мәдениетін қалыптастыру мақсатында жалпы мәдени және ұлттық маңызды құндылықтарға араласуын қамтамасыз етеді. Оқушылардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін, қызығушылықтары мен ынталарын ескеретін вариативтік бөлік оқу процесін дараландыруға мүмкіндік береді.

Оқу жоспарының өздерін толықтыратын және салыстырмалы түрде автономды бөліктері толықтай тәуелсіз емес. Кез келген жалпы білім беру мекемесінің оқу жоспарында олардың түйісуінің нәтижесінде оқу сабақтарының үш негізгі түрі ажыратылады: жалпы орта білімнің базалық негізін құрайтын міндетті дәрістер; оқушылардың таңдауы бойынша міндетті дәрістер; факультативтік дәрістер (таңдау бойынша міндетті емес дәрістер).

2013 жылдың 7 ақпанында қабылданған №163-р «2013-2020 жылдарға «Білім беруді дамыту» Ресей Федерациясының мемлекеттік бағдарламасына» және «2020 - Білім беруді дамыту тұжырымына» сәйкес «...элеуметтену, кәсіби құзыреттілік пен қабілеттеріне акцентті күшейту кезінде оқушыларды кәсіптік даярлау мүмкіндіктерін кеңейтумен қоса жалпы білім берудің жоғары сатысында кәсіптік оқытуды дамытуды» құру міндеті тұр [11].

Кәсіптік өзін-өзі анықтаудың бейіндік оқытуы және ақпараттық қамтамасыз етуі бірінші кезекте өзінің қарым-қатынастарын, бейімін, сол немесе басқа қызметпен айналысу (немесе айналыспау) ынтасын анықтауға арналған әртүрлі сынамалардың едәуір санын ұсынатын мектеп пәндері мен оқу курстарымен жүзеге асырылады. Жоғары сатыдағы кәсіптіктің идеясын іске асыру негізгі сатының бітірушісіне білім алуды жалғастырудың мүмкін жолдарына қатысты алдын ала айқындау – жауапты таңдау жасау қажеттілігін қояды.

Кәсіптік оқытуға дейінгі кезеңдегі педагогтердің мақсаты – оқушыларға олардың қабілеті, бейімі мен қызығушылықтарына сәйкес, бірінші кезекте таңдау бойынша оқу курстары «пакетін» таңдауда оқушыларға айқындалуға көмектесу.

Таңдау бойынша курстар үш типке бөлінеді:

1) бар әдістемелік қамтамасыз етуді қолдануға негізделген дәстүрлі пәндік курстар (мысалы, кәдімгі факультативтік курстар, оқу модульдері, кәдімгі оқу пәндері бойынша қосымша дәрістердің топтамасы және т.б.);

2) пәнаралық элективтік курстар, олардың мақсаты – оқушыларда қоғам мен табиғат туралы білімді интеграциялау;

3) базистік оқу жоспарына кірмейтін пәндер бойынша элективтік курстар.

Элективтік курстардың типтік көптүрлілігі мектеппен, жеке педагогтермен, сондай-ақ дәстүрлі емес оқу технологияларын (сондай-ақ білім беру желісінің құрамына кіретін құрылымдармен жасалатын және іске асырылатын «желілік курстар») қолданумен құрылатын авторлық курстарды қамтиды.

Бірінші курстың типтері негізінен прагматикалық функция (оқушыларды 9 сыныптың бітіруші емтихандарын жақсы тапсыруға мақсатты дайындық); басқа типтің курстарына негізінен дамытатын функция тән болады.

Таңдау бойынша авторлық курстар болуы мүмкін, олардың құрылымы және мазмұны нақты мән-жәйлардың ретіне байланысты, вариативтік сипатта болады, оның ішінде:

– оқушыға муниципалды білім беру желісін ұсынатын үшінші сатыда бейіндер жиынтығының ерекшеліктері;

– осы білім беру мекемесі мен муниципалды білім беру желісіндегі жалпы кадрлық жағдай (бейіндеу сыныптарында жоғары оқу мамандарын жұмысқа тарту немесе ресурстық орталықтардың кадрлық әлеуетін қолдану мүмкіндіктері және т.б.);

– оқушылардың құрамының ерекшелігі (саны, алдыңғы дайындық деңгейі, жыныстық құрамы және т.б.). Мүмкін топтың бір бөлігіне жетіспеушіліктерді жою керек болса, басқаларға – тапсырманың күрделі жоғары деңгейін шешу тәжірибесін алу керек [12].

Осылайша таңдау бойынша курстар шет елдердің бірқатарында жоғары сынып оқушыларын бейіндік оқыту элементтері болып табылады және педагогикалық ғылым мен практиканың негізгі ізденісі адамның даму мүмкіндіктеріне, оның әлеуметтенуі мен өзгертін әлемде бейімделуінің табыстылығына, оқушылардың қызметтің әртүрінің кең спектріне енуіне бағытталғандығын растайды.

2 ҚР Білім және ғылым министрлігімен ұсынылған таңдау курстары мазмұны мен ұйымдастырылуының талдамасы

Қазіргі кезде республиканың жалпы білім беретін ұйымдарында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің міндетті оқуға ұсынған таңдауы бойынша курстары оқытылады, олар:

- «Абайтану» – 9-11 сыныптар;
- «Дінтану негіздері» – 9-сынып;
- «Өлкетану» – 7-сынып.

9-11-сыныптарға арналған «Абайтану» курсы таңдау пәнінің бағдарламасы 2012 жылы 27 сәуірде бекітілген «Қазақстанның ішкі саясатындағы идеологиялық менеджментті қайта жаңғырту жөніндегі 2012-2013 жылдарға арналған Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының» 41 және 42- тармақтарына сәйкес әзірленді. «Абайтану» курсы оқу бағдарламасы ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген және 2013-2014 оқу жылында мектептердің оқу үдерісіне енгізілді.

Жалпы білім беретін мектептердің 9-11-сыныптарына арналған «Абайтану» курсы таңдау пәнінің жылдық оқу бағдарламасына 34 сағат бөлінген. Оның 31 сағаты бағдарламадағы материалдарды оқуға, 2 сағаты шығармашылық жұмыстарды орындауға, 1 сағаты оқушылардың пән бойынша алған білімдерін жүйелі түрде қорытындылауға беріледі.

Ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы. Абайды тану, бағалау, насихаттау, оқыту қоғамдық ой-санада тың серпілістер туғызары анық. Сондықтан заман, уақыт талабына орай Абайды жаңа қырынан тану, ғылыми тұрғыдан тың байламдар жасау, ақынның мұрат-мақсаттарын бүгінгі жастарымыздың санасына сіңіру абыройлы борышымыз болмақ.

Келер ұрпақты елін, жерін сүйетін елжанды, отансүйгіш етіп тәрбиелеу міндеті білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыты болып табылады.

«Абайтану курсының негізгі мақсаты – Абай Құнанбайұлының қазақ әдебиетінің көшбасшысы ретіндегі құбылыстық сипатын, ақындық әлемін, өлең өнеріндегі қайталанбас өзгешелігін, ойшыл, кеменгерлігін танытуға бағытталған.

Курсты оқытудың міндеттері:

- қазақ сөз өнеріндегі Абайдың орны мен ақындық болмысын тану;
- Абайтанудың кезеңдерін саралап, шығармашылығындағы тұлға концепциясына қатысты өзекті мәселелерді айқындау;
- Абайдың шығыс пен батыс әдебиетін терең меңгеруінің мәні мен маңызын жан-жақты ашу;
- ұлы ақынның өмірбаяндық тың деректеріне сүйене отырып, қазақ әдебиетіндегі көшбасшылық орнын көрсету;
- ақын шығармаларындағы ғылым, білім, ақындық өнер, елдік мәселелердің маңыздылығын түсіндіру;

– Абай шығармаларын оқып-білудің өзектілігін, Абайтану ғылымының мол мұрасы – қазақ өмірінің тарихи факторы іспеттес екендігін ұғындыру;

– қазіргі Абайтанушы ғалымдардың ақын шығармаларын зерттеу, жинақтау, жариялау, насихаттау турасындағы жұмыстарынан хабардар ету;

– Абай шығармашылығындағы толық адам тұжырымын айқындау;

– Абайдың ақындық мектебі, поэзиясындағы дәстүр мен жаңашылдық ұғымының мәні мен маңызын рухани кемелдік танымы тұрғысынан таныту;

Абай және қазіргі қазақ әдебиетінің рухани байланысын ғылыми негізде пайымдау;

– ақын қарасөздерінің, өлеңдерінің, поэмаларының, аудармаларының, ән мен күйлерінің мазмұны адамгершілікті, имандылықты, махаббатты, достықты, әділеттілікті, татулықты, бірлікті жырлайтындығын келер ұрпаққа үлгі-өнеге ету» [13].

«Абайтану» курсы ақынның өмір жолынан, туып-өскен ортасы мен әдеби мектебі, Абайтану мәселелері, тәлім-тәрбиелік мәні зор қарасөздері, өлеңдері, поэмалары және поэзияға қойған биік мақсаттары топтастырылып берілді. Абайдың шығыс пен еуропа, орыс әдебиеті классиктерінің туындыларымен жете танысуы, оның шығармашылық, ақындық өнеріне игі ықпалын тигізіп, поэзия мен қарасөз жанрында теңдессіз дүниелер тудырғанын шәкірттердің санасына жеткізу. Абайдың әдеби мұрасы дүниежүзі халықтары әдебиетінің алтын қорына қосылған жәдігер туындылар екендігін жас буын ұрпаққа үлгі-өнеге ету. Мектеп оқушыларына Абай шығармашылығының ұлттық әдебиетіміздің өркендеуіне жасаған идеялық-көркемдік ықпалын жан-жақты саралай отырып терең ғылыми негізде ұғындыру. Абайтанудың тарихи, ғылыми құнды нәтижелерін терең танып, білуге баулу.

9-сыныпта жас ерекшеліктеріне қарай берілген Абай шығармаларының мазмұны 10-11-сыныптың «Абайтану» курсының оқу бағдарламасында кеңейтіліп, спираль тәріздес дамытылып берілген. 9-сыныпта Абайдың өмірі, Абай ақындығының бастаулары, Абай шығармаларындағы шығыстық сарындар, Абай және орыс, батыс әдебиеті, Абай мұрасының орыс және өзге тілдерде танылуы, Абайтану мәселелері, Абай шығармаларындағы ғылым, білім тақырыбы, Абай танымындағы ән мен күй, поэмалары берілген.

10-11-сыныпта Абай мұрасының ХХ ғасырдың отызыншы-алпысыншы жылдарындағы зерттелу жайы, қазіргі абайтанудағы өзекті мәселелер, өнер, білім, қоғамдық құрылыс, тарих, ел, махаббат, азаматтық көңіл-күй, сыншыл, сатиралық мазмұндағы шығармалары, ақын шығармаларындағы исламдық дүниетаным және Алланы тану туралы философиялық ойлары, қарасөздері, өлеңдері және аудармалары, поэмалары топтастырылып берілді. Абайдың талантты ақын шәкірттерінің шығармашылығына да көңіл бөлінді. Абай шығармашылығындағы тұлға болмысы, толық адам танымдарының идеялық-көркемдік ұстаным негізіндегі байламдарын байыпты бағдарлауға назар аударылды.

Жалпы орта білім беретін мектепте қазақ әдебиеттану ғылымының бір саласы Абайтануды оқытудың маңызды екені белгілі. Абай өлеңдері мен

қарасөздерінің тәрбиелік мәні зор, идеялық деңгейі жоғары. Абай көтерген мәселелер бүгінгі күні де маңызды, өзектілігін еш жойған жоқ.

Абай – адамзат ақыл-ойы мен ақындығының ірі тұлғасы. Абай ең алдымен кеменгер ойшыл ақын, хакім. Әдебиеттану саласы бойынша көптеген ғалымдар Абайды тануға айтарлықтай үлестерін қосты. Қазақ әдебиеттану ғылымының тәуелсіздік кезеңінде Абай мұрасына белгілі Абайтанушы ғалымдар сүбелі еңбектер арнады. Абай шығармаларын оқыту әдістемесіне де арналған біршама еңбектерде жарық көрді. Қ. Бітібаеваның «Мектепте Абай шығармаларын оқыту», Ұ.Әбілдаұлының «Абайды оқу әліппесі: (Төменгі сынып оқушыларына ұлы ақындық таныстыру)», М. Жүсіповтің «Орта мектептегі Абайтану және оның негізгі бағыттары», Н. Омашевтің «Абайтануды оқытудың тиімділігі», З. Қазмағамбетованың «Ақын шығармаларын оқыту», Т. Рахметованың «Бастауыш кластарда Абай шығармаларын оқыту» т.б. еңбектерін атап өтуге болады.

Жалпы білім беретін мектептің 9-11-сыныптарында Абайтану курсы оқытудағы мақсат не? – деген сұрақ туындауы мүмкін.

Біріншіден, қазақ әдебиеті пәнінде Абайдан басқа да тұлғалар, әдебиеттің кезеңдері оқытылады.

Екіншіден, оқу бағдарламасындағы оқуға берілген сағат саны ақын әлеміне терең бойлауға мүмкіндік бермейді. Сондықтан ұлттың идеологиясы, хакім Абайдың мұрасын оқып, «толық адам» болуға ұмтылу үшін «Абайтану» таңдау курсы оқытудың маңызы ерекше. Бүгінгі жеткіншек ұрпақ арасында батысқа еліктеп, халықтық салт-дәстүріміз бен ата-бабамыздан келе жатқан ұлттық тәрбиеден алыстап бара жатқандардың жиі кездесіп қалатыны жасырын емес. Осындай жағымсыз құбылыстан құтылудың рухани жолы ұрпақты Абайдың әдеби мұрасы арқылы тәрбиелеу болып табылатыны сөзсіз. Бұл айтылғандарға абайтанушы ғалым М. Мырзахметұлының: «Қазақ халқының ой-санасының, дүниетанымының шыңы Абайдың әдеби мұрасында жатыр. Жастардың адамгершілік мінез-құлқын, адами қалпын қалыптастыруда Абайтану ілімі іргетасқа айналып отыр. Осы себепті, ең алдымен, Абай мұрасын меңгеру, терең танып білу – бүгінгі күннің аса қажетті мәселесі», – деген ойлары дәлел [14].

Қолданыстағы негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлерінің 9-11-сыныптары үшін «Абайтану» курсының типтік оқу бағдарламасында Абай мұрасының XX ғасырдың 30-60 жылдарындағы зерттелу жайы қарастырылған және ақынның өмір жолынан, туып-өскен ортасы мен әдеби мектебі, тәлім-тәрбиелік мәні зор қарасөздері, өлеңдері, аудармалары мен поэмалары, поэзияға қойған биік мақсаттары, қазіргі Абайтанудағы өзекті мәселелер топтастырылып берілген.

Абай шығармашылығындағы тұлға болмысы, толық адам танымдарының идеялық-көркемдік ұстаным негізіндегі байламдарын байыпты бағдарлауға назар аударыла отырып, Абайдың талантты ақын шәкірттерінің шығармашылығына көңіл бөлінген.

Абайдың дүниетанымының қалыптасуында шығыс мәдениетінің ықпалы

зор болған. Кеңес заманында бұл тақырып жабық болды. Абайтанушы ғалым М. Мырзахметұлы «Абайды баяғы ескі кеңестік стереотиптік сарынмен оқытуға болмайды. Оған бұдан былайғы жерде жол берілмеу керек. Біз осы күнге дейінгі пайдаланып келген оқулықтарда Абайды атеист, материалист етіп көрсеткенбіз. Кеңестік саясатқа байланысты барлық буын Абайды осылай таныды. Бүгінгі уақыт басқа, дүниетаным өзге, олар тәуелсіз санаға қарай бейімделу үстінде. Абайды жаңаша қырынан танып, тәуелсіздік рухы тұрғысынан бағалайтын сәт туды деп ойлаймын» [15] – деген еді. Сондықтан бағдарламаның 11-сыныбында «Алла мінсіз әуелден, пайғамбар хақ» деген тақырыпта арнаулы қамтылған ақын шығармаларындағы исламдық дүниетаным және Алланы тану туралы философиялық ойлары, Абайдың діни танымы, «Толық адам» философиясы, Абай іліміндегі «Хауас» мәселесіне жеке тоқталып, талдауды мақсат еттік.

Абай дүниетанымының қалыптасуындағы Шығыстық, соның ішінде түркі әлемінің рухани қазына көздерінің алар орынын терең байыптай әрі пысықтай келе, «Абай дүниетанымының қалыптасу негізінің арналары – ақын мұрасының рухани нәр алған қазына көздерінде, онда да оның Шығыстық жағалауында жатыр. Әсіресе, Абайдың адамшылық идеалы болған «толық адам» туралы ілімінің дерек көздерін сопылық классикалық поэзия мен сопылық ғылыми-теориялық еңбектерден ғана таба алмақпыз. Абайдың дүниетанымындағы асу бермес биік белестей көсіліп жатқан адамшылық жолдағы асыл мұраттары – ислам әлеміндегі сопылық іліммен тікелей байланыста жатқан рухани құбылыс екенін мойындауға тура келеді» [14] – деп түйеді.

Адам болу туралы ой-танымына орай «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде көп нәрсенің төркінінен хабар беруі себепті, М. Әуезов ол өлеңді «Абайдың, әсіресе, көп ой қорытып айтқан мағыналы және програмдық бір өлеңі», – деп ерекше мән бере бағалауында үлкен сыр жатыр. Абайдың:

Бес нәрседен қашық бол,

Бес нәрсеге асық бол,

Адам болам десеңіз, – деп адам бойындағы, мінез-құлқындағы қарама-қарсы ұғымдардың сырын 7-қарасөзінде айтылатын «жанның тамағы» дейтін пәлсапалық мағынасы бар ұғыммен салыстыра отырып сырын ашсақ, көп мәселенің тамырын дөп басамыз.

Абай танымындағы «жанның тамағы» жан қуаты арқылы біртіндеп қорланатын рухани байлықты меңзейді. Өйткені Абай «... құмарланып жиған қазынамызды көбейтсек керек, бұл жанның тамағы еді», – деп көрсетуі арқылы әрбір талапкер жас өзінің дүниетанымының қалыптасу жолында жанның пайдалы тамағымен сусындауға саналы түрде бет бұрса ғана толық адам жолына түсе алмақ, болмаса жоқ деп көрсетеді [16].

Ақынның «бес нәрседен қашық бол» деп таңбалап отырғаны адамды аздыратын жанның зиянды тамақтары болып шығады. «Әуелде бір суық мұз ақыл зерек» өлеңінде:

Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек, – деп ой байламын білдіргенде

қайрат, ақыл, жүрекке ерекше мән береді.

Оқушыларға Абайды танытуда біз Абайдың діни танымы, «Толық адам» философиясы, Абай іліміндегі «Хауас» мәселесіне ерекше тоқталуымыз керек. Сонда барып Абай әлемін терең бойлап, жас ұрпақтың бойына ақын армандаған кемел адамның қасиеттерін дарыта аламыз.

Оқушылардың «Абайтану» курсы бойынша алған білімдерін бағалау мен тексерудің мынандай жолдарын ұсынуға болады:

- тақырыптар бойынша тест сұрақтарын дайындап, жауап алу;
- оқылған әдебиеттерге аннотация жаздырту;
- ойтолғау, эссе т.б. шығармашылық жұмыстардың түрлерін орындату;
- берілген тақырып бойынша ғылыми жоба жұмыстарын жаздырту әрі қорғату.

«Абайтану» курсы таңдау пәнін оқыту барысында интерактивтік оқыту әдістерін, жаңа педагогикалық технологиялардың түрлерін пайдалана отырып, оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттыруға болады. Заманауи әдіс-тәсілдерді қолдану – оқушылардың өзіне деген сенімділігін арттырып, өздерін еркін ұстап, жеке тұлға ретінде қалыптасуларына ықпал етеді. Оқушылар сабақты саналы түрде игеріп, өз тұжырымдарын, ой-пікірлерін қазақ әдебиеті, Қазақстан тарихы пәндерімен пәнаралық байланыста қарап, айқын жеткізе алады. Аталмыш курстың оқу бағдарламалары оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес, рухани құндылықтарға толы ұлттық, патриоттық, отансүйгіштік тәрбие беруге бағытталған.

«*Дінтану негіздері*» курсының бағдарламасы 11 жылдық мектептің 9-сыныптарына арналып әзірленген, ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген. Негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарының вариативті компоненті есебінен 9-сыныптар үшін міндетті түрде «Дінтану негіздері» курсына 1 сағат апталық жүктеме (жылына 34 сағат) беріледі [13].

«Дінтану негіздері» курсын оқытудың мақсаты – оқушыларды әлемдік және дәстүрлі діндердің тарихы мен қазіргі жағдайы туралы оқыту, олардың қоғамда алатын орны, діни сенімдерінің еркіндігін, қабілеттерін қалыптастыруға және алған білімдерін өмірде пайдалана алуға, рухани-адамгершілік құндылықтары негізінде оқушыларды толеранттылық қасиетке тәрбиелеу және олардың гуманистік дүниетанымын қалыптастыру, сонымен қатар экстремизм, терроризм және діни радикализм идеологияларын қабылдамауға үйрету.

Курсты оқыту міндеттері – оқушылардың дін тарихы және оның қазіргі қоғамдағы рөлі туралы білімдерін жүйелеу және тереңдету; діннің дүниетанымдық, мәдениеттанымдық және гуманистік негіздерін ашу; толеранттылыққа және қазіргі діни білім мен ағымдарды сын көзімен бағалай алуға тәрбиелеу; Қазақстандағы және әлемдегі ұлтаралық, конфессияаралық келісімдерді нығайту үшін азаматтық жауапкершілікке баулу; экстремизм, терроризм, діни радикализм идеологиялары мен тәжірибелерін қабылдамауға тәрбиелеу; діни әдебиеттер, электрондық білім және бұқаралық ақпарат құралдар материалдарын сыни тұрғыда сараптау мәдениеті мен қабілеттерін

қалыптастыру; құқықтық сауаттылыққа, Қазақстан азаматтарының құқықтары мен еркіндіктерін сыйлауға тәрбиелеу.

«Дінтану негіздері» курсының білім мазмұны төмендегідей тақырыптарды қамтиды: «Дінтану негіздері» курсының мәні; Дін бастаулары мен тарихи түрлері; Буддизм, Христиан, Ислам; Қазақстан тарихы мен мәдениетіндегі орын алған діндер; Жаңа діни қозғалыстар; Қазақстан – конфессияаралық келісім аумағы.

Курстың нәтижесінде 9-сыныптың оқушылары дайындық деңгейіне қойылатын талаптар бойынша дін оқуына, діни өмірге, әлемдік және дәстүрлі діндердің құрылымына, тәжірибесі мен ерекшеліктеріне сипаттама бере алады, әртүрлі діндердің рухани өмірінен хабардар болады; діннің негізгі моральдық құндылықтарын түсіндіре біледі; дәстүрлі діндер идеологиясы мен тәжірибесін экстремистік, террористік, теріс сипаттағы ұйымдардан айыра біледі; діни оқулардың әр алуан әлемінен хабардар болады. Тұлғалық нәтижелер бойынша оқушылар: дін оқуына, діни өмірге, әлемдік және дәстүрлі діндердің құрылымына, тәжірибесі мен ерекшеліктеріне сипаттама бере алады; әртүрлі діндердің рухани өмірінен хабардар болады; діннің негізгі моральдық құндылықтарын түсіндіре біледі; дәстүрлі діндер идеологиясы мен тәжірибесін экстремистік, террористік, теріс сипаттағы ұйымдардан айыра біледі; діни оқулардың әр алуан әлемінен хабардар болуы сияқты артықшылықтар көрініс таба алады. Жүйелі-әрекеттік нәтижелер бойынша оқушылар: діннің тарихы, оқуы және қазіргі жағдайы туралы жүйелі білімді меңгереді; әлемдік діндердегі киелі идеялардың негізгі мазмұны мен идеялары бойынша білімдерін жалпы эрудицияны, дінтанушылық сауаттылық деңгейін арттырады; экстремистік, террористік ұйымдардың, қауіпті діни ағымдардың идеологиясы мен тәжірибесіне қарсы әсер ету иммунитетін қалыптастырады; ғылыми, оқу әдебиеттерімен, электрондық дереккөздермен жұмыс істеуге, бұқаралық ақпарат құралдарын білім алу мақсатында пайдалануға дағдыланады.

Жалпы білім беру мекемелерінің базистік оқу жоспарының мектеп компоненті мен оқушы компонентін жүзеге асыруды көздейтін бағдарлы оқу процесінде маңызды орын алатын қолданбалы және тандау курстарын ұйымдастырудың әдістемелік ерекшеліктеріне ерекше мән берілді. Аталған курстар бағдарлы оқытуды жүзеге асырудың басты құралы ретінде қарастырылады. Қолданбалы курстар бағдарлы пән бойынша берілетін теориялық білімнің қолданбалы сипатын ашып көрсетуге бағытталғандықтан, оларға барлық оқушылардың қатысуы міндетті. Қолданбалы курстар мазмұны пән тұрғысынан емес, оның практикалық пайдалығы тұрғысынан құралады.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты бағдарламалық мақаласында:

– орта, техникалық және кәсіптік, жоғары оқу орындарында «Акмеология, жеке және әлеуметтік табыс негіздері», «Қазақстан құқығы», «Өлкетану» сияқты міндетті оқу курстарын енгізу жөнінде тапсырмалар берген болатын.

Бағдарламалық мақаладағы тапсырмаға сәйкес еліміздің жалпы білім

беретін мектептерінің 7-сыныптары үшін «*Өлкетану*» курсының типтік оқу бағдарламасы әзірленді, бағдарлама Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3-сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітіліп 2013 жылдың 1-қыркүйегінен қолданысқа енгізілді [13].

Мектептегі өлкетану пәні білім беру мен тәрбиелеуді өмірмен байланыстыратын маңызды құрал болып табылады. Пән өлкенің бұрынғы және қазіргі өмірін білу, оның жаңаруына тікелей ат салысу үшін қажет, өйткені туған өлке – шегі жоқ әлемнің бір бөлігі. Өлкетану оқушының адамгершілік, интеллектуалдық, эстетикалық, еңбексүйгіштік, тұлғалық дамуының маңызды факторы болып табылады. Туған өлкенің өткенімен, қазіргі кезімен және жорамалды болашағымен, табиғи, экономикалық, тарихи, мәдени және басқа да ерекшеліктерімен танысу оқушының дүниетанымын қалыптастыруға жағдай жасайды.

«Өлкетану» пәнінің оқу бағдарламасы оқушылардың өз өлкесіне тән негізгі ерекшеліктерді анықтауға жағдай жасайтын, өлкетанудағы оқу-ізденушілік әрекетінің негізгі түрі ретіндегі бағдарлама, сонымен қатар іздеу-зерттеу әрекеттерінің алгоритмі болып табылады. Бағдарлама жан-жақты сипатқа ие және еліміздің кез-келген бөлігінде орналасқан туған өлкені, ауылды немесе қаланы, олардың төңірегін оқып-білудегі негізгі бағыттарды көрсетеді.

Жалпы білім беретін мектептердің 7-сыныбына арналған «Өлкетану» курсының мазмұны келесі бөлімдерден тұрады:

«Туризм негіздерімен танысу және карталармен жұмыс істеу» бөлімі «География» оқу пәнінің 6-сыныптағы базалық білім мазмұнында берілген «Жер бетінің жазықтықта бейнеленуі. План және карта» бөлімімен тығыз байланысты. Яғни оқушылар 6-сыныпта жергілікті жердің планымен, планда жер беті элементтерінің бейнеленуімен танысады және шартты белгілердің көмегімен елді мекендердің сызбанұсқаларын оқуды үйренеді. «Масштаб», «азимут» ұғымдарымен танысады, масштабтың көмегімен қашықтықты өлшеу, компаспен жергілікті жерде және план бойынша бағытты анықтау дағдыларын дамытады. Оқу пәнінен алынған теориялық білім практикалық жұмыс орындау арқылы пысықталады.

«Өлке аумағының жер бедері» бөлімінің мазмұны оқушыларды туған өлкенің жер бедері түрлерімен, рельеф құрушы негізгі факторларымен, тау жыныстарымен таныстыруды жоспарлайды. Мұғалімнің басшылығымен туған өлкенің (ауылдың, ауданның, қаланың) маңайына саяхат жасау арқылы, оқушылардың 6, 7-сыныптарда география пәніндегі «Литосфера және жер қыртысы», «Литосфера» бөлімдерінен алған білімдерін тереңдету мүмкіндіктері бар. Жер бедерінің әр түрлі формаларының (жазықтар, ойпаттар, қыраттар, дөңдер, төбелер, тау тізбектері, шұңқырлар, жылғалар, жыралар, көшкіндер, сайлар) шығу тегімен танысады, олардың биіктігін, тереңдігін, ұзындығын өлшеу, беткейдің тіктігін анықтау жұмыстарын жүргізеді, сыртқы бейнесін, пішінін суреттейді және қағаз бетінде бейнелейді. Аталған бөлімнің мазмұны өлкетанудың география, тарих, математика пәндерімен тығыз байланыстылығын, жергілікті жердің мысалында пәндерден алынған білімді

практикамен ұштастыру арқылы балалардың функционалдық сауаттылығын дамытуға мүмкіндік береді.

Өлкенің табиғи ресурстарын тиімді пайдалану және адамзатты табиғи ресурстармен қамтамасыз ету өте күрделі мәселелердің бірі болғандықтан, елдің азаматын мектеп қабырғасынан бастап табиғи ресурстардың түрлері: отын-энергетикалық, минералдық, климаттық, су, топырақ-өсімдік, жануарлар дүниесінің қорларымен таныстыру және экологиялық тәрбие беру маңызды мәселе болып табылады. Оқушылардың география пәнінің бастапқы курсына «Гидросфера», «Биосфера», биология курсына «Өсімдіктермен жалпы танысу», «Өсімдіктердің негізгі тіршілік әрекеттері», «Жануарларды жіктеу», «Желілілер типі», «Табиғи бірлестіктер» т.б. тақырыптарынан алған білімдерін, өлкенің табиғи ресурстарымен танысу арқылы тереңдету мүмкіндігі жүзеге асырылады. Туған өлкені танумен қатар табиғатты қорғау, экологиялық тәрбие қамтылады және балалардың сыныптастарының арасында сөйлеу, өз ойын жеткізу, пікірталас жүргізу дағдылары қалыптасады.

«Жергілікті жердің ауа райы және климаты» бөлімі келесі сұрақтарды қарастырады: климат қалыптастырушы факторларды анықтау, ауа райын бақылау әдістері, ауа райы өзгерістерінің жергілікті белгілері т.б. Оқушылар атмосфералық қысымды, ауа температурасын, желдің күші мен бағытын, атмосфералық жауын-шашын мөлшерін өлшеуге арналған құралдармен жұмыс істеу арқылы осы мақсаттарға қол жеткізеді. Сонымен қатар жергілікті белгілер бойынша ауа райын болжауды үйренеді.

«Өлкенің сулары және оларды пайдалану» бөлімінде жергілікті жердің өзендерін, көлдерін, бұлақтарын, батпақтарын, жер асты суларын, құдықтарын зерделеу арқылы өлке аумағындағы су нысандарымен танысу қарастырылған. Оқушылар зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы өзен ағысының жер бедеріне және өзен аңғарын құрайтын тау жыныстарына тәуелділігін, жауын-шашын мөлшерінің өзен, көл, бұлақ суының деңгейіне әсер ететінін байқайды. Бұл бөлім оқушылардың география пәнінің «Гидросфера», «Дүниежүзілік мұхит» тақырыптарынан алған білімдерін тереңдетуге жағдай жасайды.

«Өлкенің топырағы», «Өлкенің және қаланың өсімдіктері», «Өлкенің жануарлар дүниесі» бөлімдері агромелиорация технологияларымен, ауыл шаруашылығы мамандарымен, өлкеде өсетін өсімдіктердің жекелеген түрлерімен, олардың пайдалы және емдік қасиеттерімен, жануарлардың топтарынымен, олардың ғажайып түрлерімен танысуға, қауіпті және пайдалы жәндіктерді анықтауға, яғни бастауыш сыныптарда және биология пәнін оқу барысында басталған жұмыс түрлерін жалғастыру мүмкіндігі бар.

«Өлкенің, қаланың шаруашылығы», «Өлкенің және қаланың ерекше қорғалатын аумақтары және табиғатты қорғау», «Өлкеде өмір сүретін халықтардың тарихы және мәдениеті» тақырыптары оқушының туған жеріндегі экономикалық маңызы бар өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы кәсіпорындарымен, өлкенің кәсіпорындары және мекемелерінде сұранысқа ие мамандықтармен, ерекше қорғалатын аумақтар және нысандармен, жақын маңдағы археологиялық ескерткіштермен, тарихымен, мәдениетімен

танымды және зерттеуді қарастырады. Бұл бөлімдерді оқу математика, тарих пәндерімен байланыс арқылы жүзеге асырылады, сонымен қатар балалар экономика, қаржы салаларынан білім алады, бұл олардың болашақ мамандық туралы ойлануларына түрткі болады. Өндірісаралық байланыстар, өнім шығарудың технологиялық сызбанұсқаларын құруға бағытталған практикалық жұмыстар орындау арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру жұмысы жүргізіледі.

Сонымен жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған «Өлкетану» пәні оқу бағдарламасының мазмұнын талдаудың нәтижесінде келесідей қорытынды: өлкетану жұмысын жүргізе отырып оқушыларды туған жерін сүйю, үлкендерді сыйлау, табиғатты аялау, туған жердің гүлденуіне үлес қосу талпынысын тәрбиелеу мәселелерін шешуге жасауға болады. Оқушыларға білім беру мен тәрбиелеуде елді мекендердің жер бедері, табиғи ресурстары, ауа райы мен климаты, сулары, топырағы, өсімдік жамылғысы, жануарлар дүниесі, өзен-көлдері, шаруашылығы, халқының ерекшеліктерін ескере отырып, яғни өлкенің бай әлеуетін пайдалану қазіргі кезде білім беруді дамытудың маңызды бөлігі болып табылады. «Өлкетану» пәні мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуға, танымдық қызығушылығын арттыруға, отансүйгіштікке тәрбиелеуге мүмкіндік беретін курс. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған практикалық жұмыстар арқылы: азимутты анықтау; географиялық нысандардың қарапайым планын түсіру; топографиялық карталарды оқу; өзеннің енін, орташа тереңдігін, өзен ағысының жылдамдығын және су шығынын есептеу; ағаштардың, бұталардың атауларын білу және оларға шаруашылық баға беру; шалғын өсімдіктерінің атауларын, олардың емдік қасиетін; жергілікті жердің ауа райына болжау белгілерін; сыртқы белгілеріне қарап топырақтың механикалық құрамын анықтау; баяндамалар жасай білу және жиналған материалды рәсімдеу тағы да басқа көптеген жұмыс түрлерін орындай алу дағдыларына ие болады. Сонымен қатар «Өлкетану» курсы оқушылардың алдыңғы сыныптарда география, биология, тарих, әдебиет, математика, музыка пәндерінен алған білімдерін тереңдетуге және бұл курсты оқудың нәтижесіндегі білім қорын болашақта физика, химия, география, биология т.б. пәндерді оқуда қолдануға көмектеседі.

Аталған курсты оқытуда мектеп мұғалімдеріне көмек ретінде Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы әзірлеген «Орта мектепте «Өлкетану» курсының оқытудың әдістемелік негіздері» әдістемелік құралын ұсынуға болады.

3 Жалпы білім беру ұйымдарымен әзірленген және жүзеге асатын таңдау курстары тақырыптары мен мазмұнының талдамасы

Бастауыш білім беру деңгейіндегі таңдау курстарының мақсаты оқушылардың қабілеті, бейімі мен қызығушылығына қарай белгілі бір білім саласына деген тұрақты ынтасын қалыптастыру, белгілі бір пән бойынша білімін тереңдету, сондай-ақ алған білімдерін өмірде қолдануға дайындау болып табылады.

Таңдау курстары типтік оқу жоспарларының вариативтік компоненті (оқушы және мектеп компоненттері) есебінен жүргізіледі.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 25 шілдедегі № 296 бұйрығымен бекітілген оқыту қазақ тілінде жүргізілетін бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарының вариативтік бөлігінде таңдау курстарына (мектеп компоненті) 1-2-сыныптарға 2 сағаттан, 3-4-сыныптарға 3 сағаттан оқу жүктемесі берілген.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 27 қарашадағы № 471 бұйрығымен бекітілген оқыту орыс тілінде жүргізілетін бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарының вариативтік бөлігінде таңдау курстарына (мектеп компоненті) 1-4-сыныптарға 1 сағаттан оқу жүктемесі берілген. Берілген оқу жүктемелеріне сәйкес қандай оқу курстарын таңдау қажет екенін білім алушылардың білімге деген ынтасы мен бейімділігін ескере отырып, жалпы білім беретін ұйымдар анықтайды.

Бастауыш білім беру деңгейінде жүргізілетін таңдау курстарын мазмұны мен оқыту мақсатына қарай үшке бөлуге болады:

1) пәндік курстар, олардың мақсаты – ҮОЖ-дың инварианттық бөлігіне кіретін пәндерді тереңдетіп оқыту (мысалы, «Қызықты математика», «Логикалық математика», т.б.);

2) пәнаралық курстар, олардың мақсаты – оқушының табиғат, адам, қоғам туралы білімін кіріктіру, яғни әлемді тұтас күйінде қабылдауға үйрету (мысалы, «Жас зерттеуші», «Туған өлкем», «Логика әлемі», т.б.);

3) арнайы курстар, яғни ҮОЖ-ға кірмеген пәндер (мысалы, «Ақпарат негіздері», «Компьютер әліппесі», т.б.), олардың мақсаты – белгілі бір білім саласынан қосымша білім беру. Бұл курстар ҮОЖ-дың инварианттық бөлігіндегі негізгі пәндерді қайталамайды.

Еліміздің бастауыш сыныптарында жүргізілетін таңдау курстарын оқыту мақсаттары мен мазмұнына сәйкес қарастырар болсақ, негізінен, пәндік курстар басымдыққа ие.

Пәндерді тереңдете оқытуға, оқушылардың оқу дағдыларын жетілдіруге арналған курстардың ішінде ең көп тарағаны – математикалық мазмұнды курстар. Мысалы, «Математикалық логикалық есептерді шығару жолдары», «Қызықты математика», «Логикалық математика», «Ғажайып математика әлемі», «TIMSS тапсырмалары», «Логикалық есептер», «Математика елінде», «Сандар әлемі», «Алғыр есепші», т.б.

Математика пәнін тереңдетіп оқытатын 4-сыныпқа арналған «Математика

бізбен бірге» таңдау курсының бағдарламасы (аптасына 1 сағат, жылына 34 сағат) негізгі оқу материалдарын басшылыққа ала отырып құрастырылған, оқушылардың ақыл-ойының математикалық стилін, танымдық қабілеттерін, интеллектуалдық және ерік пен сезімге қатысты сапаларын дамытуды, олардың математикадан алған білім, білік, дағдыларын және пәнге деген қызығушылығын арттыруды көздейді.

Бағдарлама мазмұны мен құрылымы төмендегідей тараулардан тұрады:

1. Біздің айналамыздағы сандар мен заттар.
2. Теңдеу және теңсіздік.
3. Құрастырмалы ойындар.
4. Геометрия. Геометрияның негізгі түсініктері.
5. Математикалық ойлау есептері.

Бұл тарауларда қамтылатын білім мазмұны бастауыш сыныптың математика пәні бағдарламасының мазмұнына сәйкес құрылған. Мысалы, «Біздің айналамыздағы сандар мен заттар» тарауы.

Аталған таңдау курсы бағдарламасының жаңашылдығы – «Құрастырмалы ойындар», «Математикалық ойлау есептері» тараулары. Мысалы, «Құрастырмалы ойындар» тарауында «Үлестер қалай алынады?», «Бөлшектер қалай пайда болады?» тақырыптарын өту барысында оқушылар ойнай отырып, өздері қолымен ұстап тәжірибе жасай отырып, үлес, бөлшек туралы нақты білім алады. Осындай практикалық жұмыстардың көмегімен оқушылар өздігінен жұмыс істеуге дағдыланады, зерттеу жұмыстарын жүргізуге, ізденуге ұмтылады.

Сонымен бірге курс бағдарламасында шығармашылық жұмыстар жасатуға, дайын сызба, суреттер бойынша есептер құрастыруға және есептерді тиімді жолмен шығару тәсілдерін, танымдық және логикалық тапсырмалардың шешу жолдарын үйретуге аса үлкен мән беріледі. Әрбір тақырып соңында сол тақырыпқа сәйкес өздік және бақылау жұмысына уақыт бөлінген. Берілетін өздік жұмыстар әр бөлімді тиянақтап, өз бетімен жұмыс істеуге үйретеді.

Қорыта келе, аталған курстың мазмұны оқушылардың жас ерекшеліктері мен даму деңгейіне сай, тақырыптары математикадан алған білімдерін тереңдетіп, білік, дағдыларын дамытуға бағытталған.

Білімнің іргетасы бастауышта қаланады. Бастауыш білім беру деңгейіндегі ең қиын да жауапты міндет – мектеп есігін ашқан 6-7 жастағы сәбилерге әріптерді танытып, олардың басын қосып оқуға, одан әрі түсінгенін мәнерлеп баяндауға, жатқа айтып беруге, т.б. әрекеттерге баулу, қолына қалам ұстатып, бірте-бірте жазуға машықтандыру, байланыстырып сөйлеуге үйретіп, тілін дамыту. Сол себепті мұғалімдер оқушыларды дұрыс оқуға, сауатты, көркем жазуға үйретуге бағытталған курстарды көп таңдайды. Сондай курстың бірі – «Көркем жазу» курсы.

«Көркем жазу» таңдау курсының бағдарламасы (2-сыныпқа арналған, аптасына 1 сағаттан, жылына 34 сағат).

Курстың мақсаты – әріп элементтерін дұрыс жазуға, әріптерді бір-бірімен дұрыс байланыстырып, сөзді толық жазып болғанша қолды дәптерден алмай,

үздіксіз әрі ырғақты жазуға, сөздердің ара жігін сақтауға машықтандыру, қолдың ұсақ бұлшық еттерін нығайту.

Бұл курстың бағдарламасының мазмұны, негізінен, қазақ тілі әліпбиіндегі барлық әріптердің жазба түрін каллиграфия ережелерін сақтап жазуға дағдыландыруға бағытталған. Сондай-ақ жатқа жазу, көшіріп жазу, шағын мазмұндама жазу жұмыстары да қамтылған.

Аталған курстың мазмұнына талдау жасай келе, курс бағдарламасын құрылымы мен мазмұны тұрғысынан әлі де жетілдіру, толықтыру қажет деген тұжырым жасалды.

Бастауыш мектеп мұғалімдері үшін ең маңызды міндет – оқушылардың тілін дамыту.

«Тіл дамыту» таңдау курсының бағдарламасы (2-сыныпқа арналған, аптасына 1 сағаттан, жылына 34 сағат).

Курстың мақсаты: халқымыздың әдеби қазыналарының сырын ашып, мақал-мәтелдерді, шешендік өнерді, нақыл сөздерді, ертегілерді, аңыз-әңгімелерді оқыту арқылы тілін дамыту.

«Тіл дамыту» курсы бағдарламасының мазмұны оқушылардың шығармашылық қиялын, әсемдік пен сұлулықты сезіне білу қасиетін, тіл шеберлігін дамытуға бағытталған. Берілген тақырыптар оқушыларды ойланып жауап беруге, байланыстыра сөйлей білуге жетелейді.

Бағдарлама мазмұны мынадай тараулар арқылы ашылады:

1. Елім деп соғар жүрегім.
2. Әдептілік қағидалары.
3. Батырлар сөзі – даналар сөзі.
4. Еңбектің наны тәтті.

Тараулар ішіндегі тақырыптар «Әдебиеттік оқу» пәні бағдарламасын қайталамайды. Автор талдауға алынған шығармаларды өзі таңдаған. Сонымен қоса, эссе, шығарма жазу, мақал-мәтел айтудан жарысу, әдеби шығармаларды сахналау жұмыстары кең қамтылған. Бағдарлама мазмұны курстың алға қойған мақсат-міндеттеріне сай келеді.

Қорыта келе, қарастырылған таңдау курстарының өзектілігі дау тудырмайды. Дегенмен, мазмұны жағынан әлі де толықтыруды қажет етеді және курс бағдарламасын әр автор өз қалауынша құрастырған, белгілі бір құрылымға негізделмеген. Сондықтан курс бағдарламасын бекітпес бұрын әдістемелік бірлестіктерде сараптамадан өтуі тиіс. Сараптама жасау үшін курс бағдарламасына қойылатын талаптар бекітілуі қажет. Біз ұсыныс ретінде төмендегідей бағалау өлшемдерін көрсетіп отырмыз:

1) бағдарлама мазмұнында ұсынылған материалдардың жаңашылдығы мен өзектілігі;

2) ұлттық және жергілікті ерекшеліктердің ескерілуі;

3) бағдарламаның ынталандырушы және дамытушы әлеуеті;

4) оқушылардың жас және жеке ерекшеліктеріне сай келуі;

5) мазмұнның толықтығы және жүйелілігі;

6) функционалдық білімі мен дағдыларын қалыптастыруға бағытталуы

(практикалық бағыттылығы, қолданбалылығы);

7) ұсынылатын ресурстардың қолжетімділігі.

Осы аталған талаптар басшылыққа алынса, таңдау курстарының сапасы артады және оқушыларымызға да берері мол болады.

Республикамыздың негізгі және жалпы білім беретін мектептерінде **«Қазақ тілі мен әдебиеті»** пәні бойынша жүргізілетін барлық таңдау курстары жөнінде ақпарат жинақталып, ең көп жүргізілетін курстар анықталды.

Солтүстік Қазақстан облысында оқушы компонентінен «Қазақ тілі лексикасы» – 142, «Домбыра» – 84, «Тіл дамыту» – 39 мектепте;

Ақмола облысында оқушы компонентінен «Менің мамандығым» – 187, «Көркем сөз» – 140 мектепте; мектеп компонентінен «Қызықты грамматика» – 420, «Сөйлеу мәдениеті» (риторика) – 250 мектепте;

Шығыс Қазақстан облысында оқушы компонентінен «Практикалық қазақ тілі» – 531, «Грамматикалық әлем» – 422, «Грамматика негізі» – 253, «Сахна өнері» – 50 мектепте; мектеп компонентінен «Тіл мәдениеті» – 330, «Тіл шеберлігі» – 313 мектепте;

Оңтүстік Қазақстан облысында оқушы компонентінен «Сөз өнері» – 332, «Ереже ерекшеліктері» – 39 мектепте; мектеп компонентінен «Тіл мәдениеті» – 326, «Қазіргі қазақ тілі» – 318, «Шешендік өнер» – 313, «Жазба жұмыстарының жазу тәсілдері» – 36 мектепте;

Алматы облысында оқушы компонентінен «Сөз сыры» – 46, «Жас қалам» – 40, «Тіл білімінің салалары» – 38, «Тіл маржаны» – 35, «Көркем мәнерлеп оқу» – 33 мектепте; мектеп компонентінен «Мұқағалитану» – 54, «Тіл мәдениеті» – 46, «Сөз мағынасы» – 45, «Жамбыл әлемі» – 41, «Жас қалам» – 40 мектепте, «Әдебиет-сырлы әлем» – 39, «Тіл білімінің салалары» – 38, «Сөз өнері» – 36, «Илиястану» – 35, «Шешендік өнер» – 35 мектепте;

Қызылорда облысында мектеп компонентінен «Қазақ тілі» 230 мектепте;

Жамбыл облысында мектеп компонентінен «Шешендік өнер» – 81, «Сөз сыры» – 48, «Тіл мәдениеті» – 37, «Қазақ тілінің грамматикасы» – 32 мектепте;

Маңғыстау облысында мектеп компонентінен «Маңғыстау әдебиеті» – 48 мектепте;

Атырау облысында «Тіл білімінің лексика, фонетика салалары» – 30 мектепте;

Қарағанды облысында мектеп компонентінен «Тіл мәдениеті» – 67 мектепте, «Тіл дамыту» – 43 мектепте;

Астана қаласында оқушы компонентінен «Тіл тарихы» – 56, «Сөз маржаны» – 39; мектеп компонентінен «Практикалық қазақ тілі» – 47, «Тілдік норма және стиль» – 45, «Журналистика және баспасөз негіздері» – 41, «Салыстырмалы грамматика» – 38, «Сөз мәдениетінің негіздері» – 37 мектепте жүргізіледі.

Астана қаласындағы №74 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Н.Б. Акирапбаеваның «Тіл мәдениеті» авторлық бағдарламасы 8-сыныпқа арнап жасалған. Аптасына 1 сағат, барлығы 34 сағат. Курстың өзгешелігі оқушы мүмкіндігі мен қабілеттерін қанағаттандыруға бағытталған.

«Тіл мәдениеті» курсына тілдік норма, яғни тіл мәдениетінің, тілдік нормалардың, оның ішінде әдеби тіл нормаларын дұрыс сақтау, қабілетін дамыту, яғни оқушы сөз дәйегі, тіл тазалығы, сөз әсерлігі, тіл байлығы, сөз талғамы, сөз әдебі сынды сапаларды меңгереді.

Курста өтілетін материалдар 7 тарауға бөлініп, әр тараудың соңында интеллектуалдық ойын сабақтарымен қорытындыланып, тоқсан аяғында тест тапсырмалары алынып отырылады. Сонымен бірге мұғалімде әр оқушының даму мониторингі жүргізіліп отырады.

Бұл ақпараттық-әдістемелік кешенде сабақтың толық жоспарлары берілген. Сабақ үш блокқа бөлінеді. Атап айтқанда:

1. Танымдық блок, мақсаты – оқушыларға тіл мәдениетінің теориялық мәселелері бойынша нақты білім беріледі.

2. Кәсіби-іскерлік блогы, оның мақсаты – оқушы осы тақырып бойынша білім мен білігін толықтырады. Осы блокта берілетін өздік жұмыстар арқылы шығармашылық қабілетін дамытады, оқушы білімін марапаттау, көтермелеу арқылы белгілі болып отырады.

3. Тексеру блогы, оның мақсаты – сабақ бойынша игерген білімін деңгейлік тапсырмалар арқылы бағалау.

Авторлық бағдарламаның үшінші бөлімі - оқушыларға арналған «Жұмыс дәптері». Жұмыс дәптерінде сабақ барысында және үйде орындалатын тапсырмалар берілген. Бұл тапсырмалар арқылы оқушының шығармашылық қабілетін дамытады.

«Қазіргі қазақ тілінің пунктуациясы» қолданбалы курсы «Қазақ тілін оқытудың тұжырымдамасы» мен «Қазақ тілінің мемлекеттік стандартына сай әзірленген (Мұса А.С., Серікбаева А.К., Астана қ., № 40 орта мектеп мұғалімдері) Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған «Қазақ тілі» оқулығының білім мазмұнын теориялық-практикалық тұрғыдан толықтырады. Жалпы сағат саны – 34 сағат.

Курстың мақсаты - бағдарламаны оқыту арқылы сөздер мен сөйлемдер арасында тыныс белгілерінің дұрыс қойылу маңыздылығын ұғынып, тілді әлеуметтік қызметіне сай орынды жұмсай білуге үйренеді.

Курстың міндеттері: пунктуацияны теориялық тұрғыда үйрену арқылы практикада қолдану.

9-сыныпта «Орфография және тыныс белгілері» тақырыбында таңдау курсы қазақ тілі пәнінің бағдарламаларына сүйене отырып әзірленген (Темірғалиева М.М., Астана қ. № 66 мектеп-лицейі мұғалімі).

Бағдарламаның негізгі мақсаты: әдеби тіл нормалары, жазбаша дұрыс жазу, ауызша сөйлеу ережелерін қамту, тәжірибеде сауатты қолдана білуге дағдыландыру.

Бағдарламаның міндеті: оқушылардың сөздік қорларын байытып, дұрыс сөйлеп, сауатты жазуға дағдыландыру, пунктуациялық нормаларды және тыныс белгілерін ажырата білу.

Курс танымдық және практикалық бағыттарда төмендегідей міндеттерді шешеді:

Теориялық білімді тәжірибеде қолдану, жазба жұмыстарына талдау және жұмыс жүргізудің тиімді жолдарын ұсыну.

7-сыныптың «Халық ауыз әдебиеті» курсы оқушыларға өз халқының мәдениеті мен этнографиясын танытып насихаттауда маңызды рөл атқарады (Қашаева А.О., Астана қ. Ж. Жабаев атындағы № 4 мектеп-гимназиясы мұғалімі) Курс 34 сағатқа негізделген. «Тәрбие – тал бесіктен басталады» дейтін дана халқымыз қашанда дәстүрге берік болып, салтын сақтай білген. «Халық ауыз әдебиеті» курсы бала тәрбиесіне терең мән беріп, оқушыларды әдебиет пәніне негіздей отырып, көрген-білгенді көкейге тоқып, көп ізденудің арқасында салт-дәстүр, әдет-ғұрып, өнеге-тағылым, дін-діл, жөн-жоралғы, ілім-білім, тәлім-тәрбие, тылсым-табиғат, тариқат-тәбәрік және де деректер мен дәйектер хақында мол мағлұмат алып, білім көкжиегін кеңейтеді.

Курстың мақсаты – оқушылардың рухани дүниесін байыта отырып, оларға азаматтық, адамгершілік елжандылық, көркемдік-эстетикалық тәрбие беру.

Курстың міндеттері:

– оқушының еркін, үйлесімді дамуын және креативті ойлау қабілетін, әдеби оқырмандық мәдениетін қалыптастыру;

– қорытындылай келгенде, таңдау курстары оқушылардың функционалдық сауаттылығына бағытталған. Оқушы мектепте алған білімін өмірде қолдана алуы бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

«Орыс тілі және әдебиеті» пәні бойынша «Сөз мәдениеті» таңдау курсы 10-сынып оқушыларына арналған (Александрович М.В., № 39 мектеп-гимназия, Тараз қаласы). Курс бағдарламасы негізінде оқушылар тілдің функциясы ойдың көрініс құралы, адамдардың өзара түсінісуі мен қарым-қатынас құралы екенін, қазіргі орыс тілінің стилистикалық жіктелуін, әдеби сөздің сапасын, әдеби тілдің нормаларын және мәнерлік мүмкіндігін терең түсінуімен таныстырады.

Курс мақсаты: коммуникативті сөйлеу дағдысын қалыптастыру.

Курс міндеттері: оқушылардың танымдық белсенділіктерін артыру, дұрыс, сенімді және мәнерлеп сөйлеуге үйрету; өз ойын, идеясын, сұрақтарын, өз пікірін білдіруге қатысты немесе қоршаған ортаға байланысты мәселелерге өз пікірін білдіруді қалыптастыру; сыпайы әңгімелесуші тәрбиелеу.

Аталған курс ақпараттық, оқыту, дамыту, анықтамалық қызметтердің орындалуын қамтамасыз етеді. Курс бағдарламасының материалдары тұтастық және шоғырлануы жағынан тереңдетілген, білім мен дағдының кеңейтіліп берілуі жалпы курс көлемінде жүзеге асады. Сөз мәдениетіне оқыту өз бетімен ойлануын дамытуға, жеке шығармашылыққа негізделеді. Сыни тұрғыдан ойлауын, эталондар мен үлгілердің түрлерімен танысуға, көшірме жасап қолданудан алшақ болуға, жеке мүмкіндіктерінің жүзеге асуына ықпал етеді.

«Риторика» таңдау курсы 10-11 сынып оқушыларына арналған. Аталған курс оқушылардың жоғары ораторлықты, жалпымәдени және зияткерлік дамуын қамтамасыз етеді. [18].

Курс мақсаты: риторика ғылым екенін, оның негізгі міндеттерін түсіне білуін қалыптастыру.

Курс міндеттері: коммуникацияның сәттілігін жүзеге асыруда тәжірибелік ұсынымдамалармен таныстыру, қарым-қатынас кезіндегі диалогтық және монологтық сөйлеу формаларымен таныстыру, белгілі мәтіннен коммуникативтік бағыттағы сөйлеу жанры туралы білімін қалыптастыру, сөйлеу әдістері мен тәсілдерін, әңгімелесуде анализ жасауды, бағалауды дамыту, коммуникативтік жағдаяттарды шешуде көптілді және көпмәдениеттілікті сөйлесуде сәтті қолдануды дамыту, оқушылар бойында адамгершілік, эстетикалық көзқарастарын, талғамдарын, жалпымәдени құндылықтарын қалыптастыру.

Оқушыларда функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда риториканы оқыту коммуникативтік және тәжірибелікке негізделген. Көптілділікті дамыту мақсатында оқушыларға тәжірибелік тапсырмаларды үш тілде беріледі (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде), тапсырмаларды мұғалім таңдайды және оқушылардың оқу деңгейі ескеріледі.

«Риторика» таңдау курс бағдарламасының мазмұны екі бөлімнен тұрады: теориялық, курс мазмұнына түсініктеме беріледі (коммуникативтік жағдаяттар, қарым-қатынас түрлер, сөйлесу жанры, құрылымдық және стильдік ерекшеліктері, т.б.) және оқыту әректінің түрлеріне тоқталады (нұсқаулық және ұсынымдамалар типі); практикалық, тапсырмалар сөйлесуді қалыптастыруға бағытталған, анализдеу, алуан түрлі жұмыс түрлерін қолдану: риторикалық ойындар, риторикалық тапсырмаларды шешу, көпшілік алдында сөйлеуді импровизациялау, танымал ораторлардың риторикалық мәтіндерін және көркем әдебиттен алынған үзінділерге анализ жасау, эссе жазу.

«Орыс тілінің стилистикасы» таңдау курсы 8-11 сыныптарға арналған. Оқушыларды орыс тілінен терең дайындауда сөйлеу типі мен стиліне бағытталады. [19]. Курс бағдарламасында практикалық стилистика мен сөйлесу жүйелі берілген.

Курс мақсаты: оқушылардың тәжірибелік және коммуникативтік білік пен дағдысын жетілдіреді, жаңа білімді игеру арқылы лингвистикалық танымын кеңейтеді.

Міндеттері: орыс тілінің ойды жеткізу құралы екенін қалыптастырады, бейтарап құралдарды қоса тілдік анализ жасауды, тілдік және сөйлеу құралдарын таңдау мүмкіндігін тәрбиелеу, тіл аясында кәсіби даярлығын, стильдік сауаттылығын қалыптастыру, теориялық негізде стилистика жалпы лингвистикалық ғылымның ерекше түрі екенін біледі.

«Лексика байлығы және фразеологиялық мұра» таңдау курсы 5-9 сыныптарға арналған (Турикбаева И. Тараз қ. № 19 мектеп-гимназия мұғалімі).

Курс мақсаты: тілді сүйеге, тілді зерттеуші-ғалымдардың еңбектерін бағалауға баулу.

Курс міндеттері: лексикалық материалдарды қолдану дағдыларын дамыту, стилистиканың қызметін үйрету, орыс тілінің алуан түрлі сөздігін қолдануды үйрету, қарапайым лексикалық дағдыларын қалыптастыру.

Сонымен, таңдау курстары бойынша мұғалім-практиктерді мынадай мақсаттар біріктіреді: білуге құштарлық, қабілеттілік, оқушылардың

қызығушылығы мен шығармашылық қиялдарын дамыту және негізгі құзыреттіліктерін дамыту, сонымен қатар «оқуға үйрету». Аталған таңдау курсы оқушылардың болашақ мамандықты таңдауға ықпал етеді, бейіндік оқуды жоспарлауға қолайлы жағдай жасайды, бейіндік іс-әрекет түрлерімен таныстырады, оқушылардың танымдық белсенділіктерін арттырады, ең бастысы, оқушылардың ақпараттық және коммуникативтік құзыреттіліктерін арттырады.

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясына аймақтардан жіберілген таңдауы бойынша курстар туралы мәліметтерден **«Математика»** пәнінен жүргізілетін 5-11 сыныптарға арналған курстардың тақырыптары әртүрлі екенін көреміз. Олар мектеп математикасының барлық бөлімдерін қамтыған (арифметика, алгебра, геометрия, статистика элементтері, ықтималдық және басқалар). Бұдан басқа жекелеген таңдау курстарында жоғары математиканың сұрақтары да қарастырылады. Таңдауы бойынша курстар жеке белгілі бір сынып үшін де, сондай-ақ бірнеше сыныптар үшін де жүргізіледі. Мысалы, 5-6 сыныптарға арналған тақырыптар: «Логиканың көмегімен есептерді шешу практикумы», «Жас математик», «Логика», «Математикалық есептер», «Қызықты математика», «Логикалық математика», «Зерде», «Қызықты бөлшектер әлемінде», «Логикалық ойды дамытамыз», «Математикалық модельдеу», «Комбинаторика және графтар». 7-9 сыныптарға арналған тақырыптар: «Стандартты емес есептер шығару», «Күрделі есептерді шығару», «Тригонометрия әлемінде», «Бізді қоршаған Алгебра», «Күрделі теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу», «Математикалық есептер», «Мәтінді есептерді шығару жолдары», «Квадраттық функция», «Жоғары дәрежелі теңдеулерді және модулі бар теңдеулерді шешу технологиясы», «Теңдеулер және олардың шешу жолдары»; 10-11 сыныптарға арналған тақырыптар: «Теңдеулер мен теңсіздіктер», «Теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу», «Практикалық есептерді шығару», «Дифференциалдық және интегралдық есептеулер», «Көрнекі геометрия», «Рационал және иррационалды алгебралық есептер», «Есептерді шешудің тиімді тәсілдері», «Жазықтықтағы аналитикалық геометрияның элементтері», «Эксперименттік есептерді шешу», «Математикалық процестерді модельдеу» (1-кесте).

1-кесте – Таңдау курстарының жиі қолданылатын тақырыптары

№	Классы	Тақырып атаулары
1	5-6	Логикалық есептерді шешу
2	7-9	Стандартты емес есептер шығару
		Күрделілігі жоғары есептер шығару
3	10-11	Теңдеулер және теңсіздіктер
		Есептерді шығарудың тиімді тәсілдері

Оқушылардың логикалық ойлауын дамытуда математиканың рөлі зор. Математика пәнінде абстракция деңгейі басым, сондықтан логикалық ойлаудың алғашқы тәсілдерін меңгеру (талдау, салыстыру, синтез жасау, абстракциялау

және басқалар) бастауыш буыннан бастап қалана бастайды.

Таңдауы курстарының тақырыптарын таңдау білім беру деңгейлерінің үзіліксіздігін және сабақтастығын қамтамасыз етуі тиіс. Демек, көптеген мектептердің 5-6-сыныптарға арналған курстың «Логикалық есептерді шығару» тақырыбын таңдауы заңды болып табылады. Осындай тақырып бойынша курстар республиканың жалпы білім беретін мектептерінің барлығында дерлік жүргізіледі.

Сонымен қатар, 5-6 сыныптарда «Қызықты математика», «Сандар әлемі», «Логика», «Логиканың көмегімен есептерді шешу практикумы» және т.б. курстар өткізіледі. Мұндай курстарда оқушылар пайымдау және қарапайым дәлелдеулер жүргізеді, орындалған амалдарға негіздеме береді, негізгі логикалық амалдардың орындалуының дұрыстығын түсінеді. Осы курстарда оқушылардың интеллектуалды іс-әрекеттері күшейеді, оқушылардың танымдық мүмкіндіктерін жүзеге асыруға жағдайлар жасалады.

Сонымен қатар, математикадан таңдау курстары тақырыптарының жалғасы ретінде республика мектептерінің 7-9-сыныптарында «Стандартты емес есептер шығару», «Күрделілігі жоғары есептер шығару» атты қолданбалы курстары жүргізіледі.

Таңдау курстарының бұл тақырыптары өзін-өзі ақтаған, себебі стандартты емес есептерді шығару оқушылардан есептің шартын талдауға баса назар аударуды және өзара байланысты логикалық ойлау тізбегін құруды талап етеді. Мұндай курстарда пән бойынша оқушылардың құзыреттілігі, математикалық ойлауы дамиды; оқушылар күрделілігі міндетті деңгейімен салыстырғанда күрделілігі жоғарырақ есептерді шығару біліктігіне жетеді, өз ойларын сауатты жеткізе білуге, есептеудің тиімді тәсілдерін қолдануды, түрлі шығару тәсілдері мен әдістерін пайдалануды үйренеді.

10-11 сыныптарда «Теңдеулер және теңсіздіктер», «Көрнекі геометрия», «Есептерді шығарудың тиімді тәсілдері», «Дифференциалды және интегралды есептеулер», «Қолданбалы математика элементтері» және т.б. курстар өтізіледі. Мұндай курстарда оқушылар теңдеулер мен теңсіздіктерді, оның ішінде айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген және параметрі бар теңдеулер мен теңсіздіктерді шешудің, функция графиктерін салудың түрлі әдістерін қарастырады, есептерді шығарудың тиімді тәсілдерін табу дағдыларын дамытады. Бұл білім мен біліктер ҰБТ-ге дайындалуға және тапсыруға көмектеседі.

Таңдау курстарының тақырыптары мектептегі математика курстарының тақырыптарын ғана емес, сонымен қатар оқушылардың зерттеушілік іс-әрекеттеріне байланысты сұрақтарды да қамтиды.

Мысалы, Петропавловск қаласының КММ «№26 мектеп-балабақшасында» мұғалім К.Ж. Айтмұханова құрастырған «Зерттеушілік іс-әрекеттің негіздері» курсы жүргізіледі. Курстың мақсаты – зерттеу жұмыстарын жүргізгенде, түрлі конференциялар мен сайыстарда сөз сөйлегенде (презентацияларда) оқушыларға әдістемелік қолдау көрсету. Курс 34 сағатқа есептелген, оның мазмұны ғылыми-зерттеу процесінің барлығын қамтиды және логикалық

аяқталған 5 бөліктен тұрады: 1) Кіріспе; 2) Ғылыми шығармашылықтың әдіснамасы; 3) Ғылыми зерттеулер аясындағы жұмыс кезеңдері; 4) Зерттеу жұмыстарын безендіру; 5) Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін ұсыну (2-кесте).

2-кесте – Курстың күнтізбелік-тақырыптық жоспары

№	Курс тақырыптарының атаулары	Сағат саны:	Лекция немесе семинар:
1	Зерттеу жұмыстарының түрлері	4	Лекция
2	Ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі түсініктері	2	Лекция
3	Ғылыми-зерттеу жұмысының жалпы сызба-нұсқасы	3	Лекция
4	Ғылыми танымның әдістері	3	Лекция
5	Логикалық заңдар және ережелер	2	Лекция
6	Ақпаратты іздеу әдістері	2	Лекция
7	Жұмыс жоспарын құру	2	Лекция
8	Ғылыми әдебиетпен жұмыс істеу әдістері	2+2	Лекция, практикалық жұмыс
9	Түсіндірме аппаратпен жұмыс	2	
10	Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс	2	Практикалық жұмыс
11	Жұмысты безендірудің талаптары	4	Лекция
12	Жұмысты безендірудің талаптары	4	Практикалық жұмыс
13	Жұмыс нәтижелерін ұсыну	4	Практикалық жұмыс

Бірақ геометрия мәселелеріне арналған таңдауы бойынша курстар өте аз. Таңдауы бойынша курстар тақырыбын таңдауда геометрия ерекше орын алуы тиіс. Өйткені геометрия оқушыларға ақыл-ойы қалыптасуының кез-келген сатысында дамуларына мүмкіндік береді; фигуралар, логика және практикалық қолданылуы геометрияның негізгі құраушысы ретінде, оқушылардың бейнелі және логикалық ойлауын дамыту, танымдық, шығармашылық және тәжірибелік іс-әрекеттері дағдыларын тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Мәтінді есептерді шешуге қатысты сұрақтар қарастырылатын курстар жеткіліксіз. Ал мәтінді есептерді шығару математикаға оқытудың маңызды құралы болып табылады. Мәтінді есептерді шығара отырып, оқушылар жағдайларды талдау, белгілі және белгісіз шамалар арасындағы байланысты анықтау, амалдарды орындау нәтижесін түсіндіру біліктерін дамытады.

Таңдау курстарында жобалау іс-әрекетін ұйымдастырумен байланысты сұрақтар көрініс таппаған. Комбинаторика мен статистика есептерін шығаруда ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдануға бағытталған курстар енгізілмеген. Мұндай курстардың материалдары мәліметтерді қабылдау және талдау біліктігін қалыптастыруға және дамытуға, көптеген нақты тәуелділіктердің ықтималдық сипатын түсінуге, қарапайым есептеулер жүргізуге ықпал етеді.

Осылайша, республиканың жалпы білім беретін мектептеріндегі математикадан таңдау курстарының тақырыптары толықтай осы пәннің оқыту

мазмұнына және оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді. Таңдау курстары бағдарламаларының мақсаты мен міндеттері оқушылардың жеке білім алу мүдделерін, қажеттіліктері мен қабілеттіліктерін дамытуға мүмкіндік береді. Білім деңгейлеріне байланысты таңдау курстарының тақырыбын анықтауда сабақтастық принципі сақталған. Алайда, геометрия, жобалау іс-әрекеті және зерттеу жұмыстарының сұрақтарына бағытталған таңдау курстары жеткіліксіз.

«**География**» пәні бойынша таңдау курстарының атқаратын: негізгі қызметі базалық оқу бағдарламасының мазмұнымен белгіленген тақырыптарды тереңдету, яғни география пәнінің мазмұнын кеңейту, оқушыларға тереңдетілген білім беру. Сонымен қатар оқушылардың білім алуының өзіндік бағытын, кеңістігін таңдау мүмкіндіктері кеңейеді және білімдерін тереңдету мен кеңейту үшін қосымша мүмкіндік пайда болады. Қолданбалы курстар оқушылардың пән негіздерінен игерген білімдерін тәжірибеде қолдана алудың маңызды жолдарымен және әдістерімен таныстыруға, оқушының болашақ мамандығын таңдауға, баланы жеке тұлға ретінде дамытуға, күнделікті өмірдегі жағдаяттарға бейімделуіне және заманауи қоғамда әлеуметтенуіне мүмкіндік туғызуға, болашақ мамандығын таңдауына байланысты жеке білім кеңістігін таңдауға бағытталуы қажет.

Қолданбалы курстардың түрлері көп, бірақ олар ең алдымен өзінің атауымен, мазмұнының түсінікті, меңгеруге жеңіл болуымен оқушының қызығушылығын оятуы тиіс. Курстың мазмұнын іріктеу барысында келесі сұрақтарға жауап берген жөн:

1) теориялық және практикалық сабақтардың, сонымен қатар оқушылардың өздік жұмыстарының негізгі мәні неде: негізгі білімдер (ұғымдар, фактілер, идеялар, ойлар, принциптер), білік және дағдылар, әдістер мен іс-әрекет түрлері, оларды меңгеру тәжірибесі;

2) іріктелген мазмұн бейінді білік және дағдыларды қалыптастыруға қалайша мүмкіндік туғызады;

3) қалыптастырылатын білік және дағдылар қандай бейіндер үшін тиімді;

4) қолданбалы курсты оқып бастар алдында, мектептің оқуға міндетті бағдарламалық курсының қандай бөлімдірі (тараулары) және тақырыптары меңгерілуі тиіс;

5) курстың мазмұны қандай материалдар арқылы жүзеге асырылады (оқулық, мұғалімге арналған әдістемелік құрал, жұмыс дәптері, хрестоматия, электронды және мультимедиялық құралдар, интернет ресурстары, қосымша әдебиет, анықтамалықтар және т.б.).

Еліміздің мектептерінде «География» пәні бойынша оқушыларға ұсынылатын таңдау курстары мектептің материалдық-техникалық базасының қамтамасыз етілуіне, педагогикалық ұжымның мүмкіндіктеріне, оқушылардың танымдық қызығушылығына байланысты. География пәні бойынша республика мектептерінде өтетін курстардың тақырыптары алуан түрлі. Таңдау курстарының басым көпшілігі өлкетану, елтану тақырыбына бағытталған және олар: «Өлкетану», «Менің Қазақстаным», «Туған жер табиғаты» «Табиғатым

тағдырым», «Туған жер», «Қазақстан табиғаты», «Қазақстанның экологиялық жағдайы», «Жергілікті жердің топографиясы» және т.б. Облыстардан жинақталған деректерге сүйенетін болсақ, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің міндетті оқуға ұсынған «Өлкетану» курсы еліміздің жалпы білім беретін мектептерінің барлық деңгейлерінде оқытылады. Өлкені тануға арналған курстардың тақырыптарын: туған жердің табиғаты; ерекше қорғалатын аумақтар; өз облысының географиясы; облыстың экологиялық жағдайы; туған жер суларының экологиясы деп топтастыруға болады. Курстардың келесі тобы: «Ғаламдық география», «Геология негіздері», «Дүниежүзінің саяси картасы», «Әлем экологиясының ғаламдық проблемалары», «Дүние жүзі елдері», «Дүниежүзінің жалпы сипаттамасы» т.б., бұл тақырыптар негізінен жоғары сыныптарда оқытылады және география пәнінің оқу бағдарламасының мазмұнын толықтырады. «Ұлы саяхатшылар», «Ұлы географиялық ашылулар», «Шоқанның саяхат жолдары», «Географиялық қабықтар», «Ғажайыптар мен жұмбақтар планетасы», «Таңғажайып география», «География әлемінде» тақырыптары оқушылардың бойында білімқұмарлық сезімін оятуға бағытталған және негізгі орта білім деңгейіндегі география, биология, физика, химия, тарих, әдебиет пәндерінен алған білімдерін тереңдетуге бағытталған.

Таңдау курстары мазмұнының ерекшеліктеріне және мақсатына қарай:

- мектептегі география курсының мазмұнын тереңдететін және кеңейтетін, емтихандарға, тестілеулерге дайындайтын курстар;
- география курсын оқу барысында білімді тереңдетуге бағытталған, яғни күрделілік деңгейі жоғары курстар;
- негізгі курстың міндетті бағдарламасының құрамына кіретін жекелеген бөлімдерді тереңдетіп оқыту курстары;
- табиғат пен қоғамды танудың тәсілдерін үйренуге арналған курстар;
- географиялық есептерді шығаруға, болжауға, модельдеуге арналған курстар;
- оқушылардың алған білімдерін күнделікті өмірде қолдануға, техника мен өндіріске деген қызығушылықтарын арттыруға бағытталған курстар.

Қазақстан Республикасы облыстарының жалпы білім беретін мектептерінде оқытылатын география пәні бойынша және «Өлкетану» таңдау курстарының талдауы, курстар саны жағынан айырмашылығының бар екен көрсетті (3-кесте).

Сонымен Қазақстанның 7222 мектебінде 8384 географиялық таңдау курстары жүргізілетінін байқауға болады. Олардың 4983-і негізгі және 3401-і жалпы орта мектептерде.

Берілген мәліметтер бойынша таңдауы бойынша курстардың неғұрлым көп саны Астана қаласына тиесілі: бір мектепте жүргізілетін курс саны 4 есеге жуық. Сонымен қатар Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Қызылорда облыстарында курстардың көптеген түрлері жүргізіледі.

Негізгі орта білім деңгейінде оқу процесіне енгізілген таңдау курстарының саны жағынан Астана қаласы, Шығыс Қазақстан, Ақмола, Атырау, Ақтөбе

облыстарын атап өтуге болады.

3-кесте – Облыстар бойынша «География» пәні және «Өлкетану» курстарының саны

Облыс	Мектеп саны	«Өлкетану» курсы	Таңдау курстары	Таңдау курстары	
				5-9 сынып	10-11 сынып
Ақмола	592	300	1082	833	249
Ақтөбе	428	283	1018	617	401
Алматы	734	218	799	445	354
Атырау	193	181	536	307	229
БҚО	397	226	352	205	147
Жамбыл	450	157	606	338	268
Қарағанда	531	481	199	86	113
Қостанай	548	436	217	154	63
Қызылорда	292	288	432	182	250
Маңғыстау	130	49	169	72	97
ОҚО	1021	909	1026	360	666
Павлодар	405	181	129	80	49
СҚО	547	330	196	99	97
ШҚО	676	625	1058	880	178
Алматы қаласы	201	84	163	73	90
Астана қаласы	77	75	402	252	150
ҚР бойынша	7222	4823	8384	4983	3401

(ҚР облыстары білім басқармалары ұсынған деректері бойынша)

Астана қаласы, Ақтөбе және Атырау облыстарының мектептерінің жоғары сыныптарында өткізілетін таңдау курстарының саны басқа облыстармен салыстырғанда жоғары. Курстардың саны Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Маңғыстау, Қостанай облыстарында аз.

Таңдауы бойынша курстардың тақырыптарына жасалған талдау оқытудың бірізділігі, жүйелілігі принциптеріне сәйкестігін және оқушылардың қызығушылықтарын тудыратынын көрсетеді. Мысалы, 5-6 сыныптарда «География әлемінде», «Менің туған өлкем», «Ғажайыптар мен жұмбақтардың әлемі» және т.б., 7-9 сыныптарда «Картография әлеміне саяхат», «Қазақстанның топонимикасы», «Қызықты топонимика», «Географиялық модельдеу» т.б.

Қазақстанның барлық аймақтарының мектептері үшін экология және өлкетану тақырыптары белгілі және өзекті тақырыптар болып табылатындығы байқалады. Өз өлкесін кешенді зерделеуге арналған тақырыптар аса қызықты болып табылады, мысалы, «Ертіс бойының географиясы», «Ақтөбе облысының географиясы», «Туған өлкем – Жетісуым» және т.б.

10-11 сынып оқушыларына арналған «Саяхат негіздері», «Халықаралық туризм негіздері», «Медициналық география», Қазақстандағы туристік бизнес негіздері және экономика», «Қазақстанның геоэкологиясы» т.б. курстар. Бұл курстар оқушылардың ғылыми жаратылыстану көзқарасын және құзыреттілігін

дамытады, балалардың бойында күрделілігі жоғары тапсырмаларды орындау дағдысы қалыптасады, олар жобалауды, модельдеуді, өз дәлелдерін және ойын дұрыс, сауатты жеткізе білуді үйренеді. Бұл курстар оқушылардың шығармашылық және практикалық іс-әрекет дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен оқыту әдістерін таңдауда оқу тапсырмаларының бағдарламада қамтылған оқу материалдарының қолданбалы сипатын ашуы, мақсатқа сәйкес барынша ыңғайлы, әсерлі яғни оқушы белсенділігін талап етуі тиіс. Бақылау дәрежесі өткізілуге тиісті бақылау жұмыстары әр тарауды немесе бағдарламаны толық меңгергендігін нақты анықтауға мүмкіндік беретіндігімен анықталады. Курсты оқытуды нақты мүмкіндік тұрғысынан қарау, яғни оқу материалдарын оқушылардың сапалы игеруіне жеткілікті және жоспарланған нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін уақыт бөлінуі тиіс.

«Жаратылыстану» білім беру саласы бойынша қолданбалы курстарды жүргізудің танымдық әрі тәрбиелік мәні жоғары. Курстарды жүргізу барысында оқушылардың жаратылыстану туралы білімдері кеңейеді, олардың қабілетін дамыту арқылы мамандыққа икемделіп, кәсіптік бағдар беріледі.

Қорыта келгенде, қолданбалы курстардың көмегімен кез келген пәнді терең меңгертуге және оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік беретіні сөзсіз. Бұл курстар оқушының жалпы оқу біліктілігін және дағдыларын қалыптастыруға бағытталуы, сонымен қатар оқыту әдістемесі оқушылардың ой еңбегі және өз бетімен білім алу дағдысын дамытуы тиіс. Оқу материалдарын игеруі барысында оқушының әртүрлі оқулықтарды, оқу құралдарын, энциклопедияларды және т. б пайдалануына мүмкіндік туғызуы қажет.

«**Биология**» пәні бойынша таңдау курстары Жер және адам туралы білімді тереңдетуді және кеңейтуді, табиғат пен оның дамуы туралы диалектикалық-материалистік көзқарасты қалыптастыруды, қоршаған ортаны қорғаудың және өз денсаулығына ұқыпты көзқарастың дағдыларын меңгеруді міндеттейді.

Республика аймақтарының негізгі және жалпы орта мектептерінде биология пәні бойынша жүргізілетін таңдау курстарының жалпы саны туралы жалпы мағлұматтар 4-кестеде берілген.

Қазақстан мектептерінің 7222-де биология пәні бойынша 11273 таңдау курстары жүргізіледі. Олардың 8465-і – негізгі орта, ал 5178-і – жалпы орта мектептерде жүргізіледі.

Жалпы білім беретін мектептердегі таңдау курстарының жалпы саны бойынша Астана қаласы ерекшеленеді: бір мектепке шаққандағы курс саны республика бойынша орташа көрсеткіштен жоғары. Одан кейін Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Алматы, Ақмола, Батыс Қазақстан облыстарының мектептерінде биология пәні бойынша таңдау курстарының саны республика бойынша орташа көрсеткіштен жоғары.

Негізгі мектептердегі таңдау курстары Қарағанды, Қостанай, Ақтөбе, Солтүстік Қазақстан облыстарында және Алматы қаласында жүргізіледі.

Жалпы орта мектептері бойынша Астана қаласындағы курстар саны

басқалардан әлдеқайда көбірек болса, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан, Ақтөбе, Қостанай облыстарының және Алматы қаласының мектептерінде таңдау курстарының саны әлдеқайда азырақ.

4-кесте – Аймақтар бойынша биология пәнінен жүргізілетін таңдау курстарының жалпы саны

Облыс /қала	Барлық мектептер саны	Таңдау курстарының жалпы саны	Таңдау курстары	
			5-9 сынып	10-11 сынып
Ақмола	592	1039	579	598
Ақтөбе	428	193	183	54
Алматы	734	1755	1166	615
Атырау	193	265	201	92
БҚО	397	683	345	373
Жамбыл	450	459	328	225
Қарағанды	531	121	126	25
Қостанай	548	279	135	168
Кызылорда	292	618	996	414
Маңғыстау	130	209	151	106
ОҚО	1021	2241	1292	1275
Павлодар	405	549	637	353
СҚО	547	105	235	32
ШҚО	676	2061	1635	446
Алматы	201	154	86	87
Астана	77	542	370	315
ҚР бойынша	7222	11273	8465	5178

(ҚР облыстық білім беру басқармаларының мәліметтері бойынша)

ҚР жалпы білім беретін мектептеріндегі «Биология» пәні бойынша таңдау курстарының тақырыптары сыныптан-сыныпқа көшкендегі курс тақырыптарының сабақтастығын, оқу бағдарламалары мен оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігін (сурет) көрсетеді. Мысалы, 6-7 сыныптардағы таңдау курстарының басым көпшілігі жануарлар мен өсімдіктер әлеміне арналған. Мысалы, «Жануарлар мен өсімдіктер әлеміне саяхат», «Қызыл кітапқа енген жануарлар мен өсімдіктер», «Қазақстанның флорасы мен фаунасын сақтау» тақырыптары осы сыныптардағы биология курсының мазмұнына сәйкес және 7-сыныпта жануарларға арналған курстардың үлесі өсуде. Оқу бағдарламасына сәйкес «адамды» оқып-үйренуге бағытталған 8-9 сыныптың адам денсаулығы, физиологиясы, анатомиясы, гигиенасы, патологиясы туралы сұрақтар бойынша «Адам және денсаулық», «Адамның анатомиясы және физиологиясы», «Денсаулық пен медицина» таңдау курстарының үлесі өсуде. Жалпы биологияға арналған курстарда биосфера, биотехнология, ауылшаруашылық экономикасын оқып-үйренуге бағытталған тақырыптар кеңінен таралған. «Экология» тақырыбы биологиялық білім берудің ажырамас бөлігі ретінде Қазақстанның барлық аймақтарында аса танымал. Таңдау бойынша курстардың кейбір бөлігі еліміздің флорасы мен

фаунасының өлкелік және аймақтық ерекшеліктеріне арналған.

Жалпы алғанда, биология пәні бойынша таңдау курстары тақырыптарының талдауы көрсеткендей, олардың көпшілігі биологияның «Ботаника», «Зоология», «Адам физиологиясы», «Жалпы биология» сияқты жекелеген бөлімдерін тереңдетіп оқытуға бағытталған. Сонымен қатар, таңдауы бойынша курстарда заманауи биология ғылымының негізін қалайтын биохимия, биофизика, биоорганикалық химия, биотехнология, бионика сияқты пәнаралық интеграцияны күшейтуге бағытталған сұрақтар аса жеткіліксіз және эксперименттік биология сұрақтарына аз көңіл бөлінген. Бұл мектептің материалды базасының жеткіліксіз болуына байланысты, дегенмен мұндай тақырыптар оқушылардың қызығушылығы мен шығармашылығын дамытатынын ескерген жөн.

«Генетиканың негіздері» - 10-сыныпқа арналған курс (Омельчук А.А., Ақтөбе облысы Қандыағаш қ. № 5 орта мектебінің мұғалімі).

Курстың мақсаты мен міндеттері: адамның тұқымқуалаушылық белгілерінің механизмі мен жүзеге асуы туралы білімді тереңдету; адам генетикасының практикалық әдістері туралы оқушылардың ұғымын кеңейту; заманауи жетістіктер мен олардың практикалық мәні туралы ұғымды қалыптастыру; заманауи ақпараттық аймақта бейімделу, қажетті ақпаратты алу және сұрыптау дағдысын дамыту.

Бағдарлама мазмұнына келесі бөлімдер кіреді: «Жасуша туралы ілім», «Ағзалардың көбеюі және дамуы», «Өзгергіштіктің заңдылықтары», «Генетика және адам». Осылайша, аталған таңдау курсы 9-сыныпқа арналған «Жалпы биология» бөлімінің тақырыптарын, ең алдымен тірі жүйелердің генетикасы туралы білімді тереңдетіп оқытуға бағытталған. Курстың маңызды ерекшелігі болып генетика бойынша қолданбалы білім беру болып табылады. Ал «Гендік және жасушалық инженерия» сияқты бөлімдер, «ДНҚ-ның еселенуі», «ДНҚ-ның репликациясы», «Транскрипция» тақырыптары бойынша есептер шығару курстың жаңашылдығын көрсетеді. Курс аналитикалық ойлауды және білім дереккөздерімен жұмысты дамытуға бағытталған.

«Адам өміріндегі жануарлардың маңызы» – 7-сыныпқа арналған курс (Б. Бралина, Ақтөбе облысы Қандыағаш қ. № 5 орта мектебінің мұғалімі). Курстың мақсаты – адам өміріндегі жануарлардың маңызын оқып-үйрену, Қазақстандағы жануарлардың таралу географиясы туралы білімді тереңдету, ғылыми қызығушылық пен білімпаздықты дамыту.

Міндеттері – ғылыми ойлауға қабілеттілікті дамыту: жануарлар тіршілігіндегі экологияның маңызын оқып-үйрену; үйдегі мал өсірудің артықшылығын танып-білу; оқушыларға экологиялық тәрбие беру.

Бағдарлама 7-сыныпқа арналған биология пәнінің оқу бағдарламасына сәйкес келесі бөлімдерден тұрады: «Қарапайымдардың тіршілігі және таралуы», «Қарапайымдардың экологиялық жіктелуі», «Былқылдақденелілер типінің сипаттамасы», «Буынаяқтылардың тіршіліктегі таралуы, олардың адам өміріндегі маңызы», «Омыртқасыздар типінің сипаттамасы». Курстың жаңашылдығы болып қазақ халқының мал өсірумен тығыз байланысты

тұрмыстық ерекшеліктерін оқып-үйрену болып табылады.

«Қоршаған орта және адам денсаулығы» – 8-сыныпқа арналған курс (Калиева А.М., Ақтөбе облысы Қандыағаш қ. № 3 мектеп-гимназисының мұғалімі). Курс оқушылардың табиғатқа ұқыпты көзқарасын, экологиялық жауапкершілігінің құқықтық принциптерін қалыптастыру қажеттілігіне сай әзірленген (аптасына 1 сағат, жылына 34 сағат).

Курстың мақсаты: оқушылардың білімдерін тереңдету арқылы оларды шығармашылықпен ойлауға және өздігінен шешім қабылдауға үйрету.

Міндеттері: экология проблемаларын негіздеу; оқушыларды оқытуда және тәрбиелеуде экологиялық принциптер мен амалдарды оқып-үйрену.

Ұсынылған курстар экологияның сан түрлі аспектілерін қамтиды: гидросфера және су проблемасы, агроэкология, қоршаған орта және адам денсаулығы, ғылыми-техникалық прогрестің табиғатқа әсері, Қазақстанның полигондары және біздің республиканың экологиялық проблемалары, өндірістік экология, экологиялық мақал-мәтелдер, қала мен ауыл экологиясы және т.б.

Қазақстанның жалпы білім беретін мектептері оқу бағдарламасына сәйкес келетін таңдау курстарының тақырыптарын ғана емес, сонымен қатар жекелеген сұрақтарды тереңдете оқып-үйрететін және қосымша салаларды қамтитын биология ғылымдарының да кең көлемін жүзеге асырады. Курстар мазмұнының сыныптан-сыныпқа көшкен сайын сабақтастығы және оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігі байқалады.

Жобалық іс-әрекетке, тәжірибелік биологияға, өндіріске және ауыл шаруашылығына, күнделікті өмірге байланысты курс тақырыптарының аз болуы олардың практикалық бағытталмағандығын және оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту мақсатында жаңарту қажеттігін түсіндіреді. Талдау барысында пәнаралық интеграцияны күшейтуге бағытталған курстардың жетіспеушілігі анықталды. Таңдау курстарын мазмұны бойынша да, қолданылатын оқыту технологиясы бойынша да түрлендіру қажет.

Аймақтарға бөлгендегі республиканың негізгі және жалпы орта мектептерінде өткізілетін «**Физика**» пәні бойынша таңдау курстарының жалпы саны туралы мәлімет 5-кестеде көрсетілген.


5-кесте – ҚР жалпы білім беретін мектептерінде жүргізілетін «Физика» пәні бойынша таңдау курстарының аймақтарға бөлгендегі саны

Аймақтар	Мектептердің жалпы саны	Курстардың жалпы саны	Таңдауы бойынша курстар	
			7-9 сыныптар	10-11 сыныптар
1	2	3	4	5
Ақмола	592	164		164
Ақтөбе	428	190	107	107
Алматы	734	1841	1006	939
Атырау	193	179	101	81
БҚО	397	103	48	56
Жамбыл	450	400	297	198
Қарағанды	531	159	82	101
Қостанай	548	216	100	171

5-кестенің жалғасы				
1	2	3	4	5
Қызылорда	292	246	246	186
Мыңғыстау	130	109	90	36
ОҚО	1021	107		107
Павлодар	405	300	192	143
СҚО	547	336	138	82
ШҚО	676	1926	812	1114
Алматы қаласы	201	259	96	195
Астана қаласы	77	844	528	391
ҚР	7222	7739	3843	4071

(ҚР облыстық білім беру басқармаларының мәліметтері бойынша)

Қазақстанның 7222 мектептерінде физика пәнінен барлығы 7739 таңдау курстары өткізілген. Олардың 3843-і негізгі мектепте, 4071-і жалпы орта мектепте жүргізілген. Аймақтар бойынша республика мектептерінде жүргізілген курстардың орташа саны 1, 2-суреттерде көрсетілген.




1-сурет – Аймақтарға бөлгендегі ҚР жалпы білім беретін мектептерінде жүргізілетін «Физика» пәні бойынша таңдау курстарының аймақтарға бөлгендегі орташа саны

1-суретте «Физика» пәні бойынша таңдау курстарына Астана қаласында көбірек көңіл бөлінетіндігі көрініп тұр. Шығыс Қазақстан, Алматы, Ақмола, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан облыстарында физикадан таңдау курстарының саны республика бойынша орташа көрсеткіштен жоғары.

Негізгі мектеп бойынша (2-сурет) Астана қаласы алдыңғы қатарда. Одан кейін Шығыс Қазақстан, Алматы, Ақмола, Қызылорда облыстары келеді. Жалпы орта мектеп бойынша таңдау курстары Астана қаласы, Шығыс Қазақстан, Алматы облыстары және Алматы қаласында бәрінен де көбірек оқытылады.

Курстардың мазмұнын талдау келесі курстардың типтерін айқындауға мүмкіндік берді (6-кесте). 10-11 сыныптарда мұғалімдер физикалық есептер

шығаруға көбірек көңіл бөледі, яғни оқушыларды Ұлттық бірыңғай тестілеуді тапсыруға дайындық жұмысына басым көңіл аударылады. Табиғатты тану әдістеріне бағытталған курстар өзінің маңыздылығын негізгі орта білім деңгейінде де, жоғары сыныптарда жоймайтынын байқауға болады.



2-сурет – ҚР-ның негізгі және жалпы орта мектептерінде жүргізілетін «Физика» пәні бойынша таңдау курстарының аймақтарға бөлгендегі орташа саны

6-кесте – Курстарды мазмұнына байланысты топтастыру

Курстардың түрлері	Сыныптар/мектеп саны	
	7-9	10-11
Табиғатты тану әдістері	812	854
Білімді тереңдету	741	512
Есеп шығару тәсілдері	703	898
Білімді тәжірибеде қолдану	630	812
Физика ғылымының даму тарихы	532	453
Пәнаралық курстар	425	542

Оқу пәнін тереңдетуге бағытталған курстар:

1. Пәнді тереңдетіп оқытуға бағытталған курстар.
2. Мақсаты – оқушыларға білімді практикада және өндірісте қолданудың маңызды жолдары және әдістерімен таныстыру болып табылатын курстар.
3. Табиғатты тану әдістерін оқып-үйренуге бағытталған курстар.
4. Пәндердің тарихына арналған курстар.
5. Физикалық эксперименттің негізінде есептерді шығаруға, құруға, шешу әдістерін оқып-үйренуге бағытталған курстар.
6. Пәнаралық курстар.

7-9 сыныптардағы «Физика» пәні бойынша курстарды талдау олардың көбі табиғатты тануға бағытталғандығын көрсетті: «Физика: бақылау, эксперимент, модельдеу», «Физикалық шамаларды өлшеу». Оқушылардың табиғат пен қоғам туралы білімдерін кіріктіруге бағытталған пәнаралық курстарға аз көңіл бөлінеді.

10-11 сыныптарда барлығы – 4071 курс. Физикалық эксперимент негізінде есептер шығаруға, құруға, шешу әдістерін оқып-үйренуге көбірек көңіл бөлінсе, ал физика пәнінің тарихына арналған курстар өте аз.

Ұсынылған тақырыптардың көпшілігіне бағдарламаның таңдамалы талдауы жасалды (7-кесте).

7-кесте – «Физика» пәні бойынша таңдау курстары мазмұны

№	Курс тақырыбы	Мұғалімнің аты-жөні	Сынып	Мақсаты	Міндеттері	Ерекшеліктері
1	2	3	4	5	6	7
1	Ғарыш физикасы	Кушумова А.М.	7	Эксперименттік тапсырмаларды қолдануда оқушылардың білімін тереңдету	Ғылыми және шығармашылық қабілеттерін арттыру, физика ғылымының ерекшеліктерін оқып-үйрену	Физика, инженерия, радиотехника, кибернетика, техника мамандықтарына бейімдеу
2	Физиканың заманауи проблемалары	Казиолла Т.	7	Ғылыми-жаратылыстану дүниетанымын, оның физикалық аспектілерін қалыптастыру	Физикалық құбылыстарды оқып-үйрену, өзіндік зерттеу жұмысын істеу дағдысын қалыптастыру; экологиялық мәдениет қалыптастыру	Ғылым мен техника арқылы заманауи технологияларды танып-білу
3	Менің үйім және оның ішіндегінің бәрі	Ударцев В. М.	7-9	Заманауи ақпараттық кеңістікте тұруға және әрекет етуге қабілетті құзіретті, креативті тұлғаны қалыптастыру	Тіршілік қарекетінде және қоршаған әлемде қажетті білім мен дағдыларды дамыту	Өзін-өзі дамыту, бейімдеу және өзін-өзі жүзеге асыруға бағытталған тұлғаны қалыптастыру
4	Эксперименттік және логикалық есептерді шығару	Максутова Н.М.	10	Есептерді шығару дағдыларын дамыту	Алған білімді өмірде қолдануға арналған логикалық ойлауын дамыту	Теория мен практиканы логикалық және практикалық есептерді шешу арқылы ұштастыру

7-кестенің жалғасы						
1	2	3	4	5	6	7
5	Биофизика	Коспано ва Р.Т. Абдрахманова Р.Х.	10-11	Ғылымдарды (физиканы, биологияны) кіріктіру туралы білімді қалыптастыру	Мамандық таңдауға қажетті физика мен техника білімдеріне оқушылардың қызығушылықтары н қалыптастыру	Биомеханика мен биофизика сұрақтарын қарастыру
6	Физикалық есептерді шығаруды жүйелеу	Даужанова Ж.Б.	11	Тест тапсырмаларын шығару дағдыларын дамыту	Физикалық есептерді шығару дағдыларын қалыптастыру, физикаға қызығушылықтары н қалыптастыру	Теория мен практиканы есептерді шешу арқылы ұштастыру

7-9 сынып оқушыларына арналған «Менің үйім және оның ішіндегінің бәрі» бейіналды курсының бағдарламасы (авторы В.М. Ударцева) мазмұны бойынша басқаларынан ерекшеленеді.

Ұсынылып отырған бейіналды курсының бағдарламасы МЖМББ-на сәйкес әзірленген. Ол 7-9 сыныптарға арналған тұтастай физика курсын ұсынады және жобалық іс-әрекетті ұйымдастыру дағдысын қалыптастыруға, архитекторлық-құрылыс және бір-бірімен байланысты мамандықтар бойынша алғашқы кәсіби білім алу құралы ретінде алған білімді қолдануға бағытталған шағын курстарға бөлінген. Бағдарлама қабілеттілікті белсенді дамытудың технологиясына, ұғынудың сенсомоторлық синтезіне және ақпаратты өңдеуге негізделген оқушылардың өзіндік іс-әрекеттеріне сүйенеді. Бағдарламаның түйінді құралы болып білім беру процесінің медиялық сүйемелдеуі табылады.

Таңдау курстары оқушылардың қабілеттілігі мен қызығушылығын, олардың болашақ мамандықтарына дайындықтарын ескеретін кәсіптік сипаттағы білімді қалыптастырады.

Кәсіптік білімге жатады:

– ғылымның жеке бағыттары (мысалы, тірі табиғаттағы биология, физика тарихы, физикалық эксперимент және басқалары);

– бағдарламаның базалық бөлімін толықтыратын немесе ашатын тақырыптар мен сұрақтар (техникадағы электрлік, медицинадағы жылу үдерісі, ауыл шаруашылығындағы жарық құбылыстары және басқалары);

– кешендік таным және жаңғырту объектілері (теңіз, орман, су, от, автокөлік, тағам, адам, ғаламшар және т.б.);

– оқушылардың өзіндік жұмыстарына арналған жеке сұрақтар.

Бейіналды курсты ұйымдастырудың негізгі құралдарына «МегаКВАНТ» ЖШС және «Жастардың жетістіктері» АБО әзірлеген кешендер жатады. Оған кіретіндер:

1. Өзіндік іс-әрекетті ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыруға арналған жұмыс дәптерлері;

2. Электрондық білім беруші компонент келесі блоктар жүйесін ұсынады:

- ақпараттық-мультимедиялық ұсынылым (оқыту);
- оқу материалының интерактивтік сүйемелдеу (дамыту);
- ББД блок мониторингі;
- ақпараттық-анықтамалық блок;
- білімді өзіндік бақылау блогы.

Аудио-видео компонент өзіндік басқару қабілеттігін дамытуға арналған.

7-сыныптың курсы «Архитектурадағы физика» деп аталады (34 сағат, аптасына 1 сағат), 8-сыныпта – «Экоүй» (34 сағат, аптасына 1 сағат), 9-сыныпта – (34 сағат, аптасына 1 сағат).

«Физикалық экономика» курсы материалдық (физикалық) өндіріс шеңберінің ерекшеліктері мен даму принциптерін оқып-үйретеді. Курстың мақсаты – адамзаттың Жер бетінде ұзақ болуын қамтамасыз ететін үздіксіз ғылыми-технологиялық прогрестің базасында «нарықтық себетті» сандық және сапалық жақсарту.

Оның ішінде есептерді шешу әдістерін оқып-үйренуге, физикалық эксперимент негізінде есептерді құруға және шешуге арналған 11-сыныпқа арналған қолданбалы курстар да бар, мысалы, «Физикалық есептерді шешуді жүйелеу» (авторы Ж.Б. Даужанова). Курс физика бойынша эксперименттік және тестілік тапсырмаларды шығару дағдыларын қалыптастыруға ерекше көңіл бөледі. Курс оқушылардың физикаға, физикалық есептерді шығаруға қызығушылығын арттырады.

Қолданбалы курс оқушылар жиі кездесетін шынайы қиындықтарды есепке ала отырып, физикалық есептерді шығаруды оқытудың тұтас және жүйелі амалдарын қамтамасыз етеді.

Р.Т. Қоспанова мен Р.Х. Абдрахманова әзірлеген 10-11 сыныптарға арналған «Биофизика» таңдау курсы ғылыми-жаратылыстану цикліндегі екі пәннің – физика мен биологияның кіріктірілуіне арналған. Кең көлемді танымдық материал, түрлі биофизикалық құбылыстардың анализі, эксперименттік тапсырмалар, сонымен қатар, шешуі үшін қалай физиканың, солай биологияның білімі қажет тапсырмалардың саналуан түрлері ұсынылған.

Курста физикалық заңдар мен адам ағзасында жүретін үдерістер арасындағы байланыс қарастырылады және биомеханиканың кейбір сұрақтары қарастырылған. Мысалы, ірі ұлпалар мен мүшелердің механикалық қасиеттері, сонымен қатар, тұтас ағзада қалай жүрсе, мүшелерінде де солай жүретін механикалық құбылыстар, адамның және жануардың дыбысқабылдаушы, әрі дыбыстүзуші құрылымы мен жұмысын зерттейтін физиологиялық акустиканы қарастыратын биофизика бөлімі.

Курста зерттеуші сипаттағы лабораториялық жұмыстар, оқушылардың оқу жобаларын орындау кезіндегі өзіндік жұмыстары орын алған. Авторлар жеке бөлімдердің мазмұнынан тұратын толық курсты ұсынады.

Жүргізілген таңдау курстарының талдауы көрсеткендей:

– мкурс оқушылардың білім, білік, дағдыларының функционалдық дамуына, тұлғаның креативті қасиеттерінің қалыптасуына жеткіліксіз

бағытталған;

– курс базалық оқу бағдарламаларында жоқ аспектілер мен тақырыптар бойынша жаңа білім мен дағдыларды меңгеруді жеткілікті қамтамасыз етпейді;

– зерттеушілік ізденіске және өзіндік шығармашылық іс-әрекетке бағытталған курстар жеткіліксіз.

Қазақстанның жалпы білім беретін мектептеріндегі «Химия» пәні бойынша таңдау курстарының тақырыптарын талдау, олардың оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігін көрсетті (8-кесте). Мысалы, 5-8 сыныптарда «Жас химик» және «Айналамыздағы химия» курстары кең таралған. Сонымен қатар, республикамыздың мектептерінде «Химия тұрмыста», «Химия бойынша есептерді шығару әдістері», «Химия және қоршаған орта» сияқты практикаға бағытталған курстар да жиі жүргізіледі.

8-кесте – «Химия» пәні бойынша жалпы білім беретін мектептердің курстық тақырыптарды таңдауы туралы жалпы мәлімет

№	Сыныптар	Курстық тақырыптар	Таңдаған мектептер саны	Үлесі %
1	5-7	Жас химик	179	2,5
		Химия айналамызда	165	2,3
2	8-9	Тұрмыстық химия	988	13,7
		Химиялық есептерді шығару әдістері	812	11,2
		Химиядан сандық және эксперименттік есептер шығару	155	2,2
		Химия және қоршаған орта	689	9,5
		Химиядан күрделілігі жоғары есептерді шығару	252	3,5
3	10-11	Бейорганикалық және органикалық қосылыстар химиясы	64	0,9
		Органикалық химияның есептерін шығару жолдары	75	1,0

Химия пәні бойынша курстар, республикамыздың барлық аймақтарындағы жалпы білім беретін мектептерде өткізіледі. Мектептерде өткізілетін жалпы курстар саны – 5863 (9-кесте).

9-кесте – «Химия» пәні бойынша жалпы білім беретін мектептерде өткізілетін таңдау курстары туралы жалпы мәлімет

№	Аймақтар атауы (обл/қала)	Барлық мектептер саны	Курстар өтетін мектептер саны	Сыныптар бойынша курстардың бөлінуі	
				5-9 сынып	10-11 сынып
1	2	3	4	5	6
1	Ақмола	592	186	152	119
2	Ақтөбе	428	113	64	42
3	Алматы	734	226	108	118
4	Атырау	193	217	130	105
5	Батыс Қазақстан	397	339	142	193
6	Жамбыл	450	223	184	35

9-кестенің жалғасы					
1	2	3	4	5	6
7	Қарағанды	531	138	69	86
8	Қостанай	548	147	79	66
9	Қызылорда	292	210	24	186
10	Маңғыстау	130	41	28	13
11	Оңтүстік Қазақстан	1021	1532	466	1066
12	Павлодар	405	239	109	130
13	Солтүстік Қазақстан	547	156	127	31
14	Шығыс Қазақстан	676	1252	872	529
15	Алматы қаласы	201	131	53	139
16	Астана қаласы	77	398	178	188
	ҚР	7222	5863	1682	1980

Алайда, өткізілетін курстар саны барлық аймақтарда бірдей емес. Ең көп өткізілетін курстар саны Оңтүстік және Шығыс Қазақстан облыстарына тиесілі (1532 және 1252). Ал Маңғыстау облысында курстар өткізілетін мектептер саны өте аз: небәрі 41. Республикамыздың жалпы білім беретін мектептеріндегі химия пәні бойынша таңдау курстарының тақырыптары сыныптар арасында (5-7, 8-9 және 10-11-сыныптарда) оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты топтастырылған.

Атап айтқанда, 2014-2015 оқу жылында еліміздің 7222 жалпы білім беретін мектептер арасында 5-7 сыныптарда «Жас химик» және «Химия айналамызда» сияқты курс тақырыптарын 179 және 165 мектеп таңдаған (2,5 және 2,3%).

8-9-сыныптар аралығында «Тұрмыстық химия» курсы 988 мектепте, «Химиялық есептерді шығару әдістері» – 812, «Химия және қоршаған орта» және «Химиядан күрделілігі жоғары есептерді шығару» таңдау курстары 689 және 252 мектепте өткізілетіні анықталды. Ал, 10-11 сынып аралықтарында «Бейорганикалық және органикалық қосылыстар химиясы» және «Органикалық химияның есептерін шығару жолдары» тақырыптары бойынша таңдау курстары 64 және 75 мектепте өткізіледі (10-кесте).

10-кесте – Қарағанды қаласындағы мектеп мұғалімдерінің 9-11 сынып оқушыларына әзірлеген химия пәні бойынша таңдау курстарының тақырыптары

№	Тақырыбы, әзірлеуші	Мақсаты	Міндеті
1	2	3	4
1	Химия пәнінен типтік есептерді шығару (Файзуллина И.К. Жамбыл атындағы ДБМ мектеп-интернаты, 8-сынып)	Күнделікті өмірмен байланысты есептерді шығарта отырып, оқушылардың білім деңгейін арттыру	Оқушылардың ойлау санасын, шапшаңдылыққа, пәндік икемділікті дамыту; Есеп шығарту арқылы игерген білімдерін тереңдету.

10-кестенің жалғасы			
1	2	3	4
2	Химиядан сандық есептерді шығару (Сатмолдина Ф.А. Н.Нұрмақов атындағы ДБМ мектеп-интернаты, 9-10 сыныптар)	Есеп шығару кезінде оқушының табиғаттың біртұтастығына көз жеткізіп,оның әр түрлі ғылым салаларынан алған білімін өзара ұштастыра,толығымен қолдануына мүмкіндік беру	Оқушыларды өз бетімен белсенді жұмыс істеуге үйрету; Оқушылардың білім, білік, дағдыларын тұрақты қалыптастыру; Оқытуды өмірмен тығыз байланыстыру; Курсты оқыту барысында кәсіптік бағдарлау мәселелерін шешу.
3	Химия пәнінен олимпиадаға және ғылыми жобаға дайындық жүргізу (Г.С. Жумагулова, Г.М. Кадирберлина, Қарағанды қаласы ДБМ «Дарын» мектеп – интернаты, 8-9 сынып)	Химия пәні бойынша алған білімдерін тереңдетіп, одан әрі білімдерін жетілдіруде күрделі құрылымды олимпиадалық есептерді жүйелей білу, олардың шығарылу жолдарын қарастыру, сондай-ақ ғылыми құрылымды үлкен тақырыптарды жүйелеп, мақсат пен міндеттерін айқындауға, зерттеу бөлімдеріне алғашқы қадам жасауға, күрделі құрылымды тестілермен жұмыс жасауға үйрету	Олимпиадалық есептердің әртүрлі деңгейдегі түрлерінің шығару жолдарын ұғындыру; Оқушыға зерттеу жұмыстарының жолдарын ұғындыру; Оқушыларды өз бетінше жұмыс істеуге, қосымша әдебиеттермен жұмыс жасай білуге үйрету; Аталған мақсатқа жету үшін күрделі құрылымды олимпиадалық есептер мен тест тапсырмаларын шығара білуге үйрету; Жаратылыстану – математика бағыты бойынша таңдаған пәні бойынша болашақта қажетті мәліметтер жинақтау
4	Жаңашыл технологияларды химия сабағында қолданудың тиімді жолдары (тәжірибелі – эксперименттік жұмыс) (К.С. Жумагулова, Қарағанды қаласы ДБМ «Дарын» мектеп – интернаты, 12-сынып)	Жаңа технологияларды қолдану арқылы (модульдік оқыту, кредиттік оқыту, деңгейлеп оқыту, дамыта және үйрете оқыту технологиялары) өндіріс және экологиялық тақырыптарға байланысты эксперименттік есептер шығару;	Сабақта құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған тапсырмаларды өз бетімен ізденіп, орындау; Заман талабына сай оқушының танымдық үлгідегі тапсырмалар орындауына жағдай жасау; Оқушылардың химия пәні бойынша алған білімдерін практикамен ұштастыра отырып, одан әрі жетілдіру, шығармашылық мүмкіндіктерін шыңдау.
5	Құзіреттілікті қалыптастыруға бағытталған сабақтарды химия сабағында қолданудың тиімді жолдары (Жұмағұлова К.С., Францен Е.А., Қарағанды облыстық ДБМ «Дарын» мектеп – интернаты, 12 сынып)	Оқушылардың шығармашылық мүмкіндігі мен өзіндік қабілеттерін жаратылыстану бағытындағы химия пәні бойынша алған білімдерімен жетілдіре отырып, оқушылардың құзыреттіліктерін қалыптастыру.	Оқушының теориялық алған мәліметтерін практикада, өмірде пайдалана алуына жол ашу жаратылыстану – математика бағытын таңдаған пәнінен болашақ мамандыққа бағыттау

10-кестенің жалғасы			
1	2	3	4
6	Химия әлемінде (Төлєнова С.А. Қарағанды қ.№77 ЖББМК 11-сынып)	Химия пәнін оқытуда практикалық іс-әрекет арқылы жағымды мотивация қалыптастыру, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту; Әр оқушыға өздігінен жеке білім беру траекториясын құруға мүмкіндік беру	Заттардың қасиетін зерттеу және бақылау Бақылаулардың нәтижелерін түсіндіре білу Гипотезаларды ұсыну Қажетті құралдар, химиялық және реактивтерді таңдай білу Өлшеулерді орындау Қорытынды шығара білу Эксперимент нәтижелерін талқылап, сұхбаттасу
7	Экология және біз (Қасымова Ш.М., О.Жұмабеков атындағы орта мектебі базасындағы тірек мектебі)	Оқушы тұлғасының үйлесімді дамуына қажетті Адам мен қоршаған орта ынтымақтастығын және қоршаған ортаның тұтастығын тұрақты даму шеңберінде сақтайтын қағидалар мен өмірлік ұстанымдарды қалыптастыру.	Қоршаған ортаға зиянды және экологиялық қауіпсіз құрылыс материалдарының айырмашылығын білу; Өлшегіш құралдарды қолдану арқылы ауа температурасын және дымқылдығын өлшеу; Отбасындағы әртүрлі қажеттіліктерге орай су шығынын анықтау; Суды тиімді пайдалану, оның ластану деңгейін азайту және суды тазарту; Экологиялық акцияларға қатысу.

Талдау бойынша анықталғандай, жалпы білім беретін мектептердегі химия пәнінен жүргізілетін таңдау курстарын келесідей мазмұнда топтастыруға болады:

- күрделілігі жоғары химиялық есептерді шығарудың әдіс-тәсілдерін оқып-үйренуге бағытталған курстар;
- бейорганикалық химия бойынша типтік және эксперименттік есептерді шығарудың әдіс-тәсілдерін оқып-үйренуге бағытталған курстар;
- химия пәні бойынша практикалық және лабораториялық жұмыстарды орындаудың технологиясын оқып-үйренуге бағытталған курстар;
- органикалық химия бойынша есептер шығарудың әдіс-тәсілдерін оқып-үйренуге бағытталған курстар;
- пәндік олимпиадаларға және ғылыми жобаларға дайындалуға бағытталған курстар;
- химияның күнделікті тұрмыста, өндірісте, ауыл шаруашылығында, медицинада, мұнай өнеркәсібінде қолданылуын оқып-үйренуге бағытталған курстар;
- химияның қоршаған ортаға және адам денсаулығына әсерін оқып-үйренуге бағытталған курстар;
- химияның және химиялық элементтердің шығу тарихын оқып-үйренуге бағытталған курстар.

Мұндай саналуан тақырыптарды қамтитын таңдау курстарының оқушылардың өзін-өзі дамытуына, болашақ мамандығына бейімделуіне, алған білімдеріне біліктері сай функционалдық сауатты, креативті тұлға болып қалыптасуына ықпал етері сөзсіз.

Республикамыздың жалпы білім беретін мектептеріндегі химия пәні бойынша таңдау курстарының тақырыптары мен мазмұны оқушылардың жас ерекшеліктеріне, танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес таңдап алынған. Мәселен, 5-7 сыныптарға арналған таңдау курстары («Жас химик», «Химия айналамызда») оқушылардың химия пәніне деген қызығушылығын оятып, дүниетанымын кеңейтуге ықпал етеді. 8-9-сыныптарда «Тұрмыстық химия» таңдау курсы оқушыларды күнделікті өмірде жиі қолданатын химиялық заттарды қолдануда қауіпсіздік ережелерін сақтауға, жаңа өмірлік дағдыларды меңгеруге бағыттаса, «Химия және қоршаған орта» курсы оқушыларды қоршаған ортада өзін дұрыс ұстауға, тірі және өлі табиғатқа гуманистік көзқарасқа, экологиялық сауатты қарым-қатынасқа тәрбиелейді.

«Химиялық есептерді шығару әдістері», «Химиядан күрделілігі жоғары есептерді шығару» курстарында күнделікті өмірге байланысты химиялық есептер көптеп берілген. Бұл курстар оқушыларды қиын есептерді шығарудың әдіс-тәсілдерін меңгеруге мүмкіндік береді, білім деңгейін жоғарылатады. 10-11 сыныптарда өткізілетін «Бейорганикалық және органикалық қосылыстар химиясы» және «Органикалық химияның есептерін шығару жолдары» тақырыптары бейорганикалық және органикалық заттардың өзара тығыз байланысын түсіне білуге, органикалық есептерді күнделікті өмірмен байланыстыра отырып шығаруға баулиды, оқушылардың дүниетанымын, функционалдық сауаттылығын дамытады.

Қорытындылай келе, жалпы білім беретін мектептердегі 2014-2015 оқу жылына арналған таңдау курстары оқушылардың өз бетінше жан-жақты ізденіп, әрі шығармашылықпен жұмыс істеуін көздейді. Мұндағы берілетін теориялық материалдар практикамен тығыз байланыста болуы тиіс. Дидактикалық материалдарды таңдауда оқушылардың функционалдық сауаттылығын, құзіреттілігін дамытуға, күнделікті өмірмен байланыстыратын әртүрлі деңгейлі тапсырмаларды көбірек қолданған жөн.

«*Астанатану*» таңдау курсы Қазақстанның елордасы – Астана қаласы және оның тарихы, тұрғындары және көрнекті орындары туралы оқу пәні. Қазір Астана қаласының № 1, 2, 4, 35, 38, 44, 45 тағы басқа жалпы білім беру мектептері «Астанатану» қолданбалы курсы жүргізеді.

Курстың мақсаты – туған қаласы, жері мен туған мәдениетін сүйуге тәрбиелеу.

Курстың міндеттері:

– оқушылардың өзіндік тарихи ой-санасын жетілдіру, қаланың мәселелеріне адамгершілік, белсенділік позициясы тұрғысынан қарауға баулу, Астана қаласының тарихы мен қазіргі жағдайына сыйластықпен қарауға тәрбиелеу;

– патриотизмге, азаматтылыққа, туған қаланы сүйу және мақтан ету

сезімдеріне тәрбиелеу;

– қаланың тарихы, тұрғындары, экономикасы, даму перспективалары, мәдени дәстүрлері білім жүйесін оқушылардың қабылдауын әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету;

– Астана қаласының ерекшеліктері мен даму перспективаларын, қаланың республика және әлем тарихындағы орны мен рөлін ашып көрсету;

– қаланы бағдарлау дағдысын дамыту;

– оқушылардың өзіндік зерттеушілік жұмыс дағдысын бекіту.

Бағдарламада лекциялық дәрістермен қатар, тәжірибелік сабақтар, экскурсиялар және т.б. өткізу қарастырылған. Бұл курста оқушылардың жеке, шығармашылық, тәжірибелік жұмыстарын (Астана қаласының музейлері, кітапханаларында іздестіру-зерттеушілік жұмыстарды жүргізу) кеңінен қолдануға ерекше мән беріледі.

Курсты зерттеп білу негізгі өткен тақырыптар бойынша құрастырылған тапсырмалар мен сұрақтар енгізілген бақылау тестімен аяқталады. Оқушылардың шығармашылық тапсырмаларын орындауы және оқытылу кезеңінде ғылыми мәлімдемелерін ұсынуы тестіге жіберілудің міндетті шарты болып есептеледі.

Курс барысында оқушылардың өзіндік, шығармашылық, тәжірибелік жұмыстарын кең пайдалану мүмкіндігі қарастырылады (Астананың кітапханалары, мұражайларында іздестіру-зерттеу жұмыстарын жүргізіледі). Дәстүрлі мектеп курстарынан атап өтетін ерекшелігі: оқушылар Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Мұражайымен бірлесе жұмыс жасайды, сол арқылы Мұражай қорларынан алынған тәуелсіз Қазақстанның жас астанасының тарихы бойынша бірегей жәдігерлер мен құжаттармен танысуға мүмкіндік алады.

Астанатану оқушылардың бойында өз туған еліне деген мақтаныш сезімін және өскелең ұрпақтың азаматтық болмысын қалыптастыруға бағытталған. Отансүйгіштік тәрбие отбасының, туған ауылдың, қаланың, өлкенің тарихын таныстырумен, насихаттаумен сабақтастыра жүргізіледі. Туған өлке тарихын таныту белгілі елді мекеннің тарихын зерттеп жазудан, сол жерде тарихи өлкетану мұражайын ұйымдастырудан, оны тәрбие орнына айналдырудан бастау алатын баршаға аян. Сол себепті Астанатану элективті курсын оқыту Отантану-өлкетану ретінде оқытуға жол ашады.

Аталған курсты жүргізуде мұғалімдерге көмек ретінде «Астанатану» әдістемелік құралы әзірленген (авторы Жансеитова Н.). Оқушыларды тәрбиелеу жұмысында әдістемелік құралдың маңызы зор.

Этносаралық қатынастардың қалыптасу тарихы курсы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген. 2013-2014 оқу жылынан бастап жалпы білім беретін мектептердің 8-сыныптарында оқытылады. Оқу жүктемесінің көлемі аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

Арнайы курс бағдарламасы жастарымызға тәрбие берудегі басты бағыттардың бірі ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін дамытуды

қарастырады. Бағдарламаның болашақ ұрпақты толерантты әрі өзге этностардың құндылықтарын құрметтейтін азамат ретінде тәрбиелеудегі маңызы зор.

Курстың мақсаты: оқушыларға Қазақстанның көпэтносты қоғам ретінде қалыптасу тарихын белгілі заңдылықтар мен тарихи үдерістер негізінде таныстыру. Қоғамның тұрақтылығын қамтамасыз етудің маңызды жолдары мен шарттарын түсіндіру болып табылады.

Оқыту міндеттері:

– этнос ұғымының адам өміріндегі ролін, оның басты белгілері мен қызметтерін көрсету;

– Қазақстан аумағындағы этномәдени үдерістердің негізгі заңдылықтары мен ерекшеліктерін түсіндіру;

– этносаралық қатынастардың қалыптасу тарихын кезеңдер арқылы ашып көрсету;

– этностардың бай этникалық тарихы, мәдениеті және олардың қоғам өмірін ұйымдастырудағы қызметтерімен таныстыру;

– көпэтносты, әрі көпконфессиялы қоғам құрудағы қазақстандық тәжірибенің ерекшеліктерін айқындау.

Курстың білім мазмұны келесі тарауларды қамтиды: «Этнос әлемі», «Көне және орта ғасырлардағы Қазақстанның этносаралық қарым-қатынас мәдениеті», «Көпэтносты Қазақстанның қалыптасу тарихы», «Тәуелсіз Қазақстан – көпэтносты және көпконфессиялы мемлекеттің жаңа үлгісі», «Қазақстан халқының ортақ салт-дәстүрлері мен мерекелері», «Қазақстан халқының ассамблеясы және этносаралық қатынастар».

Этносаралық қатынастардың қалыптасу тарихы этностар өмірінің әртүрлі сатыдағы даму деңгейінің барлық қырларын қарастыратындықтан, пәнаралық байланыстар орната білудің мүмкіндігі өте мол. Пәнаралық байланыс белгілі бір этносқа ортақ фактілер, деректер, түсініктер мен идеялар бойынша жүргізіліп, оқушылардың оқу материалдарын шығармашылықпен игеруіне, оқу дағдылары мен икемділіктерін қалыптастыруға септігін тигізеді. Курс тақырыптарына байланысты пәндер тізімінен тек тарих, әдебиет сияқты гуманитарлық пәндерді ғана емес, жаратылыстану-математика цикліндегі пәндерді де көруге болады. Курстың нәтижесінде 8-сыныптың оқушылары дайындық деңгейіне қойылатын талаптар бойынша тарихи құжаттармен өздік жұмыс жасауды, өткен материалдар бойынша жеке пікірін айта алуды және дәйектер негізінде өз көзқарасын қорғай алуды, қосымша мәліметтерді өз алдына іздестіруді үйренеді.

4 Қазақстанның инновациялық мектептерінде жүзеге асырылатын таңдау бойынша курстарының тақырыптары мен мазмұнын талдау

Білім берудің жаңа ұлттық бәсекеге қабілетті моделінің стратегиялық және тұжырымдамалық бағдарлары зияткерлік ұлттың қалыптасуы, білім берудің халықаралық стандарттарына көшу, әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдасу, білім беру қызметтерінің сапасын арттыру болып табылады.

Инновациялық білім беру бағдарламалары мен жобаларын әзірлеу, енгізу және тарату оларды іске асырудың ұйымдастырушылық-экономикалық механизмі болып табылады. Инновациялық білім беру өз мазмұнында белгілі инновацияларды, оқытуға деген жаңа көзқарасты, инновациялық формалар мен оны ұйымдастыру тәсілдерін, жалпы білім беру үдерісін қамтамасыз етудің принципіалды түрде жаңа технологиялары, сондай-ақ инновациялық нәтижелері мен өнімдерін қамтиды [20].

Қазақстанның инновациялық мектептері – бұл Назарбаев Зияткерлік мектептері, Қазақ-түрік лицейлері, «Мирас» халықаралық мектептері, «*Көгілдір желкен – Blue sail – Голубой парус*», «Хэйлибэри» және басқалары.

Инновациялық оқытудың мәні, алдымен, адамды, баламаларды саналы түрде таңдауға, қоршаған әлемнің өзгерістеріне оның тез бейімделуіне, белсенді өмірлік көзқарастың қалыптасуына және оның айналасында болып жатқан барлық өзгерістер үшін өз мойнына жауапкершілікті алуға, қиялдаудың жаңа формалары арқылы инновациялық ойлаудың дамуына ықпал етеді.

XXI ғасыр басындағы Қазақстанның жеделдетілген әлеуметтік-экономикалық дамуы техникалық, басқарушылық және көсемшілдік құзыреттері жоғары деңгейде қалыптасқан кәсіпқойларда шұғыл қажеттілігін туындатты, сондықтан 2008 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасы бойынша **Назарбаев Зияткерлік мектептерін** (бұдан әрі - НЗМ) ашу жөніндегі жоба іске қосылды.

НЗМ жүзеге асыратын барлық бағдарламалар, халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті Қазақстанның зияткерлік элитасын тәрбиелеу үшін іргетасты қалыптастыруға, жас қазақстандықтардың старттық зияткерлік әлеуетін және мықты денсаулығын қалыптастыруға бағытталған. Сонымен қатар, олар орта білімнің барлық жүйесін реформалауға бағытталған [21].

Білім беру саласында қызмет көрсетудің жоғары сапасы мен НЗМ қызметінің нәтижелілігіне қол жеткізу үшін балаларды қолдау мақсатында арнайы іс-шаралар өткізіледі. Олардың бірі елімізде және шетелде физика, математика, химия, биология, сонымен қатар ағылшын тілінен (тілдік курстар) элективті курстарды ұйымдастыру болып табылады.

Назарбаев зияткерлік мектептерінің үлгілік оқу жоспары инварианттық және вариативті бөліктерден тұрады. Үлгілік оқу жоспарының вариативтік бөлігі мектеп және оқушы компоненттерінен тұрады. Мектеп компонентінің ерекшелігі 1-12-сыныптардың оқушыларына элективтік курстар шеңберінде таңдауы бойынша білім беру курстарын үйренуге мүмкіндіктер болып табылады. Назарбаев зияткерлік мектептерінде элективтік курстар дегенде

білім беру бағдарламаларын іске асырудың ұйымдастыру формасы түсініледі. Элективтік курстар мектепте кадрлық ресурстарды ескерумен оқушылардың білім беру сұраныстарының негізінде қалыптастырылады. Элективтік курстар (ағылшын тілінен аударғанда *Elect-* «таңдау», «қалау») - бұл оқушы өз бетінше бағытын таңдайтын оқу үшін міндетті курстар.

Жалпы білім беру дайындығын қамтамасыз ететін оқу курстарынан және жеке пәндер бойынша тереңдетілген дайындықты қамтамасыз ететін бейіндік курстардан айырмашылығы элективтік курстар әрбір оқушының жеке білім беру мүдделерін, сұраныстарын және бейінін қанағаттандыруға ықпал етеді. Элективтік курстар оқушыға оны қызықтыратын салада қосымша білім беруге бағытталған.

Элективтік курстар мынадай бағыттарды қамтиды:

– үлгілік оқу жоспарының оқу пәндері бойынша білімдерін тереңдетіп, кеңейтуге бағытталған *пәндік курстар*;

– бірнеше оқу пәндері бойынша білімдерді қамтитын *пәнаралық (кіріктірілген) курстар*;

– зияткерлік мектептердің жаратылыстану-математикалық бағытына сәйкес келетін *техникалық-технологиялық курстар*;

– оқушылардың жобалау-зерттеушілік дағдыларын дамытуға және оларды ғылыми-зерттеу іс-әрекетімен айналысуға үйретуге бағытталған курстар;

– оқушыларды, тұлғаны толық үйлесімді әрі қарай дамытуын анықтайтын, толеранттылық, жалпы адами құндылықтар, адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу негізінде, мәдениеттер диалогын, көпұлттық, көп мәдениетті және көп конфессиялы қазақстандық қоғамды құрметтеуді тәрбиелеуге бағытталған *пәннен тыс курстар*;

– екінші шет тілін меңгеру бойынша курстар;

– әлемнің жетекші университеттеріне оқуға түсуге және әрі қарай табысты оқу үшін *IELTS, ESOL, TOEFL, SAT1, SAT2, SET* халықаралық емтихандарын тапсыруға оқушыларды дайындау курстары.

Элективтік курстардың мазмұны өмірмен тығыз байланысты, қолданбалы сипатты және жалпы КБББМ-пен (кіріктірілген білім беру бағдарламалары) оқушылардың тұтас ғылыми әлем бейнесінің қалыптасуын қамтамасыз етуі қажет. Элективтік курстарды таңдау барысында оқушылар үшін өзектілік және жаңалық дәрежесіне, қызықтыру және дамыту әлеуетіне назар аудару керек. Бағдарламалардың мазмұны оқушылардың зияткерлік, шығармашылық, эмоционалдық қабілеттерін қалыптастыру қажет, белсенді оқыту әдістерін кеңінен қолдануды, қазіргі білім технологияларына бағытталуын жоспарлайды.

Элективтік курс бағдарламасын бағалау өлшемдері.

Оқушылар үшін жаңашылдық дәрежесі. Бағдарлама КБББ-да жоқ материалдарды қамтиды.

Бағдарламаның ынталандыру әлеуеті. Бағдарламаның оқушыларды қызықтыратын мазмұны бар.

Бағдарламаның дамыту әлеуеті. Бағдарламаның мазмұны оқушылардың зияткерлік, шығармашылық, эмоционалдық қабілеттерін қалыптастыру қажет,

белсенді оқыту әдістерін кеңінен қолдануды көздейді.

Қойылған мақсаттарға сәйкес бағдарламаның мазмұндық желістерінің толықтығы мен аяқталуы.

Ұсынылған материалдың байланыстылығы мен жүйелілігі. Мазмұны, кейінгі тақырыптарды зерделеу, бұған дейінгі немесе базалық курстар білімдерімен қамтамасыз ететіндей әзірленген; жеке және жалпы білімдер арасындағы байланыстар байқалады.

Оқыту әдістері. Бағдарлама көбінесе белсенді оқыту әдістеріне негізделген (жобалау, зерттеушілік, ойын және т.б.).

Бақылау дәрежесі. Бағдарламада оқытудан күтілетін нәтижелер мен оларға жетуді тексеру әдістері нақты анықталды.

Ресурстар тұрғысынан қарағанда шынайылығы. Бағдарлама оқу-әдістемелік және материалдық-техникалық құралдарды, мектептің кадрлық мүмкіндіктерін қолдану тұрғысынан қарағанда шынайы болып табылады.

Бағдарламаның формальды құрылымы. Бағдарламада қажетті тараулардың болуы: түсінік хат, (міндетті мақсатты көздеумен), базалық (тақырыптық) мазмұн, оқытудан күтілетін нәтижелер, әдебиеттер тізімі.

НЗМ элективтік курстарды екіге бөледі: ішкі және сыртқы. 11-кестеде Назарбаев Зияткерлік мектептерінде жүргізілетін ішкі курстар ұсынылған.

11-кесте – НЗМ жүргізілетін таңдауы бойынша ішкі курстар

№	Курстардың атауы	Сыныбы	Курсты жүргізетін пән мұғалімі
1	2	3	4
1) <i>Үлгілік оқу жоспарының оқу пәндері бойынша білімдерін тереңдету және кеңейтуге бағытталған пәндік курстар</i>			
1	Математика, физика, химия, биология бойынша олимпиадалық есептерді шығару	7-10	Оқушыларды олимпиадаларға дайындауда тәжірибесі бар физика, химия, биология мұғалімдері
2	Генетика ғажайыптары. Діндік жасушалары. Клондау. Адамның өлмеу және өмірін ұзарту мәселелері.	8-12	биология мұғалімі
3	Математика, физика, химия бойынша стандарттық емес есептерді шығару	7-11	Математика, физика, химия мұғалімдері
4	Комбинаторика және ықтималдық негіздері	7-8	Математика мұғалімі
5	Графтар теориясы арқылы математикалық есептерді шығару	11	Математика мұғалімі
6	Математиканың калаулы сұрақтары	9-12	Математика мұғалімі
7	<i>Improve your English Grades!</i> (Ағылшыныңды жетілдір!)	7-11	Ағылшын тілі мұғалімі
8	Тілдік дағдыларды дамыту: әдеби шығармалар мәтіндерін кешенді талдау арқылы тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу	7-10	Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің мұғалімдері
9	Қазақстандағы альтернативтік энергетиканың даму көздері мен перспективалары	7-11	Физика мұғалімі
10	Катализ және катализаторлар	8-11	Химия мұғалімі

11-кестенің жалғасы			
1	2	3	4
<i>2) бірнеше оқу пәндері бойынша білімдерді қамтитын пәнаралық (кіріктірілген курстар) курстар</i>			
1	Математикалық жолмен химиялық, физикалық есептерді шығару	7	Математика, физика, химия мұғалімдері
2	Математикалық жобалау	11-12	Математика, информатика мұғалімі
3	Экология және тұрақты даму	8-11	Химия, биология мұғалімдері
4	Қазақстандағы дәрі-дәрмектер және олардың фитохимиялық құрамы	8	Химия, биология мұғалімдері
5	Бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы графика функцияларын зерттеу	9-10	Математика, информатика мұғалімдері
6	Компьютерлік физика	9-11	Физика, информатика мұғалімдері
7	Биоинформатикаға кіріспе	9-11	Биология, информатика мұғалімдері
8	Өнер, сәулет саласындағы геометрия	9-10	Математика, өнер мұғалімдері
<i>3) жаратылыстану-математикалық бағытқа сәйкес келетін техникалық-технологиялық курстар</i>			
1	Эксперименттер призмасы арқылы физика	7-10	физика мұғалімі
2	Биотехнология және адам денсаулығы	9-12	физика мұғалімі
3	Нанобөлшектер мен айналамыздағы наноөлем	9-12	химия, физика мұғалімдері
4	Робототехника	8-12	информатика мұғалімі
5	РНР бағдарламасы арқылы динамикалық сайттарды жасау	12	информатика мұғалімі
6	Компьютерлік графикадан бастап анимацияға дейін	7-10	информатика мұғалімі
7	Тамақ өнімдері мен дәрі-дәрмек заттарды өндеудегі химиялық технологиялар	11	химия мұғалімі
<i>4) оқушылардың жобалау-зерттеушілік дағдыларын дамытуға бағытталған және ғылыми-зерттеу іс-әрекетімен айналысуға үйрететін курстар</i>			
1	Химиялық зерттеулер әлемінде	7-8	химия мұғалімі
2	Айналамыздағы және ішіміздегі химия	7-8	химия мұғалімі
3	Физикалық академия	8	физика мұғалімі
4	Журналистика. Қаламды сынау	7-12	қазақ, орыс тілдерінің мұғалімдері
5	Айналамыздағы және ішіміздегі геометрия	7-11	математика мұғалімі
6	Химия бойынша қызықты сынаулар	8	химия мұғалімі
7	Аналитикалық химия бойынша эксперименталды және сапалы есептерді шығару	9	химия мұғалімі
8	Практикалық және тәжірибелік физика	12	физика мұғалімі
9	Қолданбалы электродинамика	9-11	физика мұғалімі
10	Өсімдіктерді клондық микрокөбейту	7-11	биология мұғалімі
11	Объективтік-бағдарланған бағдарламалау	11-12	информатика мұғалімі
12	Айналамыздағы және ішіміздегі физика	7-9	физика мұғалімі
13	Ойлап шығару есептерін шешу және теориялық негіздер	10-11	Математика, физика, химия мұғалімдері

11-кестенің жалғасы			
1	2	3	4
14	Қызықты математика, физика, биология, химия әлемінде	1-5	Математика, физика, химия, биология мұғалімі
15	Delphi ортасында жобаларды жасау	7-10	информатика мұғалімдері
5) Оқушыларды, тұлғаны толық үйлесімді әрі қарай дамытуын анықтайтын, толеранттылық, жалпы адами құндылықтар, адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу негізінде, мәдениеттер диалогын, көпұлттық, көп мәдениетті және көп конфессиялы қазақстандық қоғамды құрметтеуді тәрбиелеуге бағытталған пәннен тыс курстар			
1	1	7-12	7-12
2	Мақсатқа жетудің тиімді жолдары (көшбасшылық қасиеттерін дамыту)	7-10	Сертификатталған жаттықтырушы мұғалім
3	Карьераны дамыту курсы	7-10	Сертификатталған жаттықтырушы мұғалім
4	Ғаламдық мәселелер туралы сөйлеу қабілетін дамыту	10-11	Ғаламдық перспективалар мен жобалық жұмыс мұғалімі
5	Мәдениеттану	12	Тарих мұғалімі
6	Риторика	7-9	қазақ, орыс тілдерінің мұғалімдері
7	Шешендік өнер	7-10	қазақ, орыс тілдерінің мұғалімдері
8	Адамзат тарихындағы әлем соғыстары	9-10	Тарих мұғалімі
9	Әлем-табиғат-қоғам (экономиканы жандандыру мәселелері)	11-12	Ағылшын тілін білетін экономика және география мұғалімі
7) <i>IELTS, ESOL, TOEFL, SAT1, SAT2, SET</i> әлемнің жетекші университеттеріне оқуға түсуге және әрі қарай табысты оқуға халықаралық емтихандарды тапсыруға оқушыларды дайындау курстары			
1	<i>IELTS</i> халықаралық емтиханына дайындық	9,11	Ағылшын тілі мұғалімі
2	<i>SET</i> (математика) емтиханына дайындық	11, 12	Ағылшын тілін білетін математика мұғалімі
3	<i>SET</i> (физика) емтиханына дайындық	11, 12	Ағылшын тілін білетін физика мұғалімі
4	<i>SET</i> (химия) емтиханына дайындық	12	Ағылшын тілін білетін химия мұғалімі
5	<i>SET</i> (биология) емтиханына дайындық	12	Ағылшын тілін білетін биология мұғалімі
6	<i>SET</i> (сын тұрғысынан ойлау) емтиханына дайындық	12	Ағылшын тілін білетін тарих мұғалімі
7	<i>SET</i> (география және экономика) емтиханына дайындық	12	Ағылшын тілін білетін экономика және география мұғалімі
8	<i>SET PREPARATION CLASSES 12th grade</i>	12	Ағылшын тілі мұғалімі
б) екінші шет тілін меңгеру бойынша курстар			
1	Қытай тілін үйренеміз	7-10	қытай тілі мұғалімі
2	Неміс тілін үйренеміз	7-10	неміс тілі мұғалімі
3	Француз тілін үйренеміз	7-10	француз тілі мұғалімі

Әрбір мектеп өз бетінше элективті курстар мен олардың бағдарламаларын анықтауға құқылы, бірақ негізгі мектептегі «*Робототехника*» элективті курсы мен 11-12-сыныптағы «*Халықаралық емтихандарға дайындық*» курсы міндетті болып есептеледі.

Оқушыларға арналған «*Робототехника*» элективті курсын Назарбаев Университетінің робототехника оқытушылары әзірледі. Аталған бағдарлама жобаларды әзірлеу қағидасы бойынша құрылған практикаға бағыттау негізінде жүзеге асырылады.

Оқушыларды конструкторлық тәжірибе жинақтауға оқыту алдыңғы қатарлы оқу платформасы болып табылатын *VEX Robotics* оқу конструкторлары базасында жүзеге асырылады. Бұл тәжірибе өз әлеуетін толық ашуға және ХХІ ғасырда табысқа жету үшін өмірлік маңызды білімдері мен дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Оқушылардың бағдарламаны меңгеруі оларға математикадан, физикадан, информатикадан алған білімдерін робототехникалық жүйелердің практикалық қосымшаларында зерттеушілік, дизайнерлік және коммуникативтік дағдыларын дамыта отырып, білімдерін қолдануға мүмкіндік береді.

Дайындық нәтижесінде «*Халықаралық емтихандарға дайындық*» элективті курстарында 11-12-сынып оқушылары *SAT* және *EILTS* табысты тапсырады.

IELTS-ке дайындық бойынша элективті курс оқушыларды тереңдетіп дайындау үшін қажет, себебі оқушыларға қызметтің негізгі түрлері бойынша білімді тереңдету жолымен ағылшын тілі бойынша білімді кеңейтуге мүмкіндік береді. Курстың өзектілігі оқушыға білім беру перспективасы тұрғысынан өз әлеуетін бағалауға, *IELTS* форматында талаптар деңгейінде жұмыс тәжірибесін жинақтауға, жаңа нысандағы емтиханға, олимпиада мен байқауларға қатысуға, сонымен қатар бейіндік мектепте табысты оқуға мүмкіндік береді.

Ұсынылып отырған «*Қызықты физика*» элективті курсының бағдарламасы пәнге деген қызығушылығын арттыру, оқушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру, физика бойынша білімдерін тереңдету, кеңейту үшін ұсынылады, сонымен қатар сабақтардың жеке фрагменттерін физика сабақтарында қолдануы мүмкін.

Элективті курс орта буын оқушыларының бейіндікке дейінгі дайындығының маңызды мазмұнды бөлігі болып табылады. Аталған элективті курс зерттеушілік және құрылымдық іс-әрекетпен байланысты әртүрлі деңгейдегі тапсырмаларды өз бетімен орындауға мүмкіндік береді, физикаға пән ретінде қызығушылығын артады және курс сабақтарында алған білімдерін адамның іс-әрекетінің түрлі салаларында қолдануға болатынын көрсетеді. Бақылау және тәжірибе туралы білімдерінің көзі болып табылатындықтан оқушылар зерттеуші-физик қызметін атқарады. Өздік, практикалық жұмыстарды орындау физикалық эксперименттің оқытылатын теориялық материалмен байланысын қамтамасыз етеді, бұл жағдай балаларға өз бетімен жалпылаулар мен қорытындылар жасауға мүмкіндік береді.

Аталған «*Компьютерлік графикадан анимацияға дейін*» элективті курсы оқушылардың танымдық белсенділігінің; шығармашылық ойлау қабілетінің,

информатикаға және ең маңыздысы мамандықтар әлеміндегі кәсіби бағдарлау қызығушылығының дамуын қамтамасыз етеді. Компьютердегі графикамен жұмыс күннен-күнге кез келген адамның компьютерлік сауаттылығының ажырамас бөлігі болып келе жатыр.

Курсты меңгеру барысында алған білімдерін оқушылар әртүрлі білім саласында қолдана алады: физика, химия, биология және т.б., сонымен қатар олар үш өлшемдік жобалау, анимация, бейнемонтаж саласында шеберлігін әрі қарай жетілдіре алады.

Сыртқы элективті курстар танымал жетекші білім және ғылым ұйымдарының базасында жүргізіледі. Курстың тақырыптары оқушыларда тілдік дағдыларды және бейіндік пәндер бойынша машықтарын дамытумен байланысты.

Элективтік курстар Қазақстанда, Ресейде, Сингапурда, Ұлыбританияда, АҚШ-та және басқа да елдердің әлемге танымал білім беру ұйымдары және жоғары технологиялық кәсіпорындарының базасында өткізіледі: Колмогоров атындағы СУНЦ, Джонс Хопкинс Университетінің дарынды жастар орталығының жазғы лагері (CTY), *The Bell Educational Services Ltd.*, ГБОУ В.Н. Челомей атындағы «Халықаралық ғарыш мектебі», *F1F Technologies LLP*, Ұлыбритания Корольдік институты, «Фитохимия» Халықаралық ғылыми-өндірістік холдинг» АҚ, «Қазақ ауыл шаруашылығы өнімін өңдеу ғылыми-зерттеу институты» ЖШС және т.б.

В.Н. Челомей атындағы Халықаралық ғарыш мектебінде оқушылар аэроғарыштық білім беру жобалары бойынша «Байқоңыртану», «Ғарыштағы сабақтар», «Ғарыштық моделизм», «Ғарыш астрономиясы» және басқа да оқу-танымдық сабақтарды өтеді. Жұлдызды аспан мен ғаламшардың нағыз астрономиялық бақылаулары жүзеге асырылады. Оқушылар өз көздерімен «Энергия», «Буран», «Зенит» ракета тасымалдауыштарының монтаждық-сынау кешендерін, алыс ғарыш байланысының «Сатурн» кешенін, «Союз» старттық кешенін, Гагарин старттық кешенін көреді.

НЗМ оқушылары Джонс Хопкинс университетінің дарынды жастар орталығында (CTY), Карлайл қ., Пенсильвания штатында, АҚШ-та элективті курстардан өтті:

«*Ықтималдықтар мен ойындар теориясы*» - ықтималдықтар мен ойындар теориясын зерделеу студенттерге математика білімдерін шынайы жағдайларда қолданудың тиімді тәсілі болып табылады.

«*Жоғары мектеп химиясы*» – курс орта мектептегі химияның жылдық кіріспе курсына енгізілген материалды қамтиды. Оқушылар, кем дегенде жиырма сағат байланыс уақытын зертханада өткізеді.

«*Физика (жеделдетілген курс)*» – аталған курста оқылатын тақырыптар Ньютон механикасын, толқын қозғалуын, геометриялық және толқындық оптиканы, электр қуаты мен магнетизмді, термодинамика мен бастауыш қазіргі физиканың сұлбаларын қамтиды.

«*Электротехника*» – оқушылар қазіргі электроникадағы ең маңызды физикалық қағидаларының бірі ретінде электромагнитті құбылыстарды және

олардың практикада және әртүрлі құрылғыларда қолданылуын зерделейді. Олар Ом заңы және Кирхгоф заңдары сияқты математикалық құралдарды қолдану арқылы баламалық құрылғылар макеттерін жасайды.

«Криптология» – бұл құпия хатын жасау үшін кодтар мен шифрларды зерделейтін ғылым. Математиканың аталған курсына оқушылар құпия хатты жазу үшін әртүрлі бастауыш білім беру әдістерін зерделеуден бастайды: дөңгелек шифрлары, Цезарьдың өтуі, моноалфавиттік ауысым, Винжер шифры және т.б.

Ауқымы тар бейіндегі тақырыптарды оқу қарастырылған элективті курстарды жүргізу кезінде, оқушыларда оларды оқығаннан кейін зерттеулер мен жаңа ғылыми жобалардың әзірленуіне алып келетін идеялар мен сұрақтар пайда болады.

Осылай, мысалы, Қарағанды қаласындағы тікелей эксперименталды және клиникалық фармакология зертханаларындағы «Фитохимия» элективті курстарында оқушылар өсімдіктердің эндемиялық және дәрі-дәрмектік түрлерінің биотехникалық сақтау тәсілдерін зерделеді, «Фитостероидтер», «Өсімдіктердің алкалоидтері мен оларды химиялық зерттеу» және т.б. тақырыптарда практиканы жүзеге асыратын ғалымдардың дәрістерін тыңдады.

Кейінен, кейбір оқушылар химиялық қоспаларсыз, барынша өсімдік компонентін сақтайтын тамақ өнімі мен жуу құралдарын өңдеу бойынша зерттеулермен айналысты.

Назарбаев Зияткерлік мектептері элективті курстар мазмұнын жетілдіруді, оқушыларды жаратылыстану-ғылыми бағыттағы үлкен мұражайлардың құнды материалдарына және еліміздегі және шетелдегі оқу орындарының үздік зертханалары базасына негізделген жан-жақты зерттеулерді тарту мақсатында курстарды ұйымдастыруды жоспарлайды [22].

Сонымен қатар **Қазақ-түрік лицейлері** (бұдан әрі – ҚТЛ) Қазақстандағы инновациялық мектептер болып саналады.

ҚТЛ-дың басты ерекшелігі – оқыту төрт тілде жүргізіледі: қазақ, орыс, ағылшын және түрік. Қазіргі таңда, ҚТЛ-де әлемдік білім беру стандарттарына жауап беретін көптілді білім беру принципі енгізілген [23]. 12-кестеде «Нұр Орда» халықаралық мектеп-лицейінде өткізілетін таңдауы бойынша курстары көрсетілген.

«Ағылшынша тілдесейік» 7-9-сыныптардағы (барлығы – 68 с., аптасына 2 с.) таңдауы бойынша курсының мақсаттары: оқушының жеке тұлға болып қалыптасуына және оның тұтастай дамуына ықпал ету, сөйлеу қызметінің негізгі түрлеріндегі қарапайым шет тілдік коммуникативтік құзыреттің қалыптасуы, төменгі сынып оқушыларының эмоционалдық, шығармашылық, әлеуметтік, қатысымдық және тілдік қабілеттерінің дамуы, ағылшын тілінде қарым-қатынас жасай алу негіздерін меңгеруі [24].

«Физика және электротехника» таңдау бойынша курсы 10-11-сыныптарда өткізіледі (барлығы – 34 с., аптасына 1 с.). Бұл курс ғылым мен техниканың даму бағыттарымен, құралдардың, техникалық құрылғылардың, технологиялық қондырғылардың жұмыс істеуінің физикалық негізімен

таныстыру нәтижесінде оқушылардың политехникалық білімдерінің негізі қаланады. Олардың теориялық және қолданбалы білімдерді меңгеруі зертханалық жұмыстарды орындауы мен есептер шығару барысындағы политехникалық білім беру міндеттері шешіледі [25].

12-кесте – «Нұр Орда» мектеп-лицейінің таңдау курстары

Таңдауы бойынша курстары		Таңдауы бойынша курстар
Мектеп компоненті есебінен өткізілетін курстардың атауы	Сыныптар	
Ағылшынша тілдесейік	7-9	Бакирова Ж.Қ./ағылшын тілі Иманғалиев Н.К./ағылшын тілі Сарбасов Е.Е./ағылшын тілі
Түрікше тілдесейік	7-9	Кая Н./түрік тілі Арслан Мухаммед Б./түрік тілі Ерен М./түрік тілі
Тіл мәдениеті	8-9	Қозыбай Н.Н./қазақ тілі Молдабекова Р.А. /қазақ тілі
Абайтану	10-11	Абдрасилов Е./қазақ тілі
Өлкетану	7	Жекенова Ж.С./география
Физика және электротехника	10-11	Тусубжанов А.Б./физика
Дифференциалдық және интегралды есептеулер	10	Қожахметов Қ.Б./математика
Параметрлік есептер	1	Қожахметов Қ.Б./математика
Елтану	10-11	Байзильдина С.С./география
Генетика негіздері	10-11	Эрметов Б.Т./биология
Қолданбалы химия	10-11	Саматов А.М./химия Канмаз Х./химия
Қолданбалы информатика	10-11	Абылаев Ф.Т./информатика

«Елтану» курсы 10-11 сыныптарда өтеді (барлығы – 34 с., аптасына 1 с.). Қазіргі кезде елдер арасында әлеуметтік, саяси, экономикалық және мәдени қарым-қатынастар қарқынды дамуда. Сондықтан да мектеп оқушыларының дүние жүзі елдерінің табиғаты мен шаруашылығы жөнінде білім негіздерін қалыптастыратын пән ретінде географияның маңызы артады. Аталған курс білімдерін меңгере отырып, оқушы географиялық білімдерін жетілдіріп қана қоймай, қоғамда болып жатқан өзгерістер мен оқиғаларға баға бере алатын саяси сауатты, салауатты өмір салтын серік еткен, мәдениетті тұлға болып қалыптасады және де дүниені танып білуге деген құштарлығы, ынта-ықыласы артады [26].

«Қолданбалы химия» таңдау бойынша курсы 10-11 сыныптарда өткізіледі (барлығы – 34 с., аптасына 1 с.). Аталған курстың бағдарламасы табиғатта, тіршілікте кездесетін химиялық үрдістердің нәтижесінде пайда болған заттардың тірі организмге тигізетін зиянын сабақтастық ұстанымымен оқып білуді үйретеді.

Курстың мақсаты: оқушылардың химия ғылымына деген қызығушылығын

арттыру; танымдық белсенділігін тереңдету; химия пәні бойынша зерттеушілікке, терең білімдерді меңгеруге деген белсенділікті қалыптастырады [27].

«Тіл мәдениеті» таңдауы бойынша курсы 10-11-сыныптарда өткізіледі (барлығы – 34 с., аптасына 1 с.). «Тіл мәдениеті» курсының бағдарламасы оқушылардың сөйлеу мәдениетін жетілдіру, қарым-қатынастың барлық түрлеріне сай келетін коммуникативтік дағдыларын дамыту, шешендікке баулу, интеллектуалдық қабілеттерін арттыру [28].

«Дифференциалдық және интегралдық есептеулер» курсы 10-сыныпта өткізіледі (барлығы – 34 с., аптасына 1 с.). 10-сыныпқа арналған математика курсы әлемнің біртұтас бейнесін қалыптастыруға, жалпы ғылыми және интеллектуалдық біліктерді меңгертуге мүмкіндік береді. Дифференциалдық есептеулер оқушының математикаға деген ықыласын оятуға, қызықты есептерді шешу арқылы жаңа әдіс-тәсілдермен, идеялармен танысуға; математика жөніндегі түсінігі, математикалық ой-өрісінің кеңеюіне ықпал етеді. Негізгі міндеті – оқушының шығармашылық ойлау қабілетін ақпаратқа сыни көзқарасы, ізденушілік қабілетін қалыптастыру [29].

«Түрікше тілдесейік» курсы 7-9-сыныптарда өткізіледі (барлығы – 34 с., аптасына 1 с.). Әлемдік өркениетке ілесе отырып, мемлекетіміздің халықаралық деңгейде әр салада түбегейлі өзгерістер енгізуі, достық, ынтымақтастық қатынастар орнатуы, шет тілінің маңыздылығын арттырып отыр. Түрік тілін үйрене отырып оқушы өз білімін шыңдайды, басқа ел туралы кең көлемде мәліметтер алады, салт-дәстүрлерін, мәдениетін таниды [30].

«Қолданбалы информатика» курсы 10-11-сыныптарда жүргізіледі. (барлығы – 34 с., аптасына 1 с.). Аталған курс оқушылардың ойлау, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуды, жалпы адамзаттық құндылықты дамытуды, табиғатқа ғылыми көзқарасын, адамның дүниетанымдық көзқарасына алғышарт болып табылатын әлеуметтік маңызды бағдарларын, түрлі мәселелерді шешуде алған білімін шығармашылықпен қолдану дағдыларын қалыптастыруды көздейді [31].

«Генетика негіздері» курсы 10-сыныпта оқытылады (барлығы 34 сағат, аптасына – 1 сағаттан). Осы курста оқытылатын мәселелердің бір қатары интегративтік сипатта болатынын атап өткен жөн. Оны игеруде оқушылармен жаратылыстану топтамасы (химия, физика, математика) және қоғамдық пәндерді (география, қоғамтану және құқық) оқу кезінде алынған білім үлкен рөл атқарады.

Сонымен қатар, «Адам генетикасы» элективті курсын зерделеу оқушылардың қазіргі жалпы биологиялық ғылымның ең өзекті салаларының бірі бойынша білімдерін ғана қалыптастырып қана қоймай, сондай-ақ әлемнің тұтас бейнесі және ондағы өз орны, қазіргі адамның рөлі мен қызметі туралы түсінігін қалыптастырады [32].

Сонымен қатар, 13-кестеде көрсетілген Алматы қаласының білім басқармасының арнайы мектеп-лицей-интернатының таңдауы бойынша курстарына талдау жасалды.

13-кесте – Алматы қаласы білім басқармасының қазақ-түрік арнайы мектеп-лицей-интернатының таңдауы бойынша курстары

Мектеп компоненті есебінен өткізілетін курстардың атауы	Сыныптар	Курсты жүргізетін пән мұғалімі
Өлкетану	7	Б. Балкыбек / география мұғалімі
Түрік тілі	7-8	С. Екер/ түрік тілі мұғалімі
Абайтану	9	А. Кадырқұлова / қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі
Алгебралық теңдеулер мен теңсіздіктерді логикалық шешу жолдары	10-11	Е. Ишмухаметов / математика мұғалімі
Математикалық талдаудың теориялық негіздері	10-11	Р. Султамуратов / математика мұғалімі
Экономикалық сауаттылық әліппесі	10-11	Э. Шотанова / география мұғалімі

«Математикалық талдаудың теориялық негіздері» 10-11-сыныптардың оқушыларына арналған курстың оқу бағдарламасы (барлығы – 68 с., аптасына 2 с.) мектептегі математикалық білім берудің мынадай жалпы мақсаттарын анықтайды: практикалық іс-әрекетте қолдануға қажет нақты математикалық білімдерін, аралас пәндерді зерделеу және білім алуды әрі қарай жалғастыру үшін меңгеру; оқушылардың зияткерлік дамуы, математикалық іс-әрекет үшін қажет оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыру; логикалық және абстрактілі ойлауды дамыту; өздігінен білімін жетілдіруді, еңбек сүйгіштікті, зерделеу материалына деген шығармашылық көзқарасты және өз іс-әрекетін бара-бар бағалау қабілетін тәрбиелеу [33].

10-11-сынып оқушыларына арналған «Алгебралық теңдеулер мен теңсіздіктерді логикалық шешу жолдары» (барлығы – 68 с., аптасына 2 с.) оқу бағдарламасының негізгі міндеті – қазіргі қоғамның әр мүшесіне күнделікті өмірі мен еңбек әрекетіне қажет математикалық білімдер мен дағдылары жүйесін толық және саналы түрде оқушылардың меңгеруін қамтамасыз ету. Негізгі міндетті шешумен қатар аталған курсты оқыту оқушылардың пәнге деген тұрақты қызығушылығын, олардың математикалық қабілеттерін анықтау және дамыту, математикамен, ЖОО оқуға дайындықпен тығыз байланысты мамандықтарға бағдарлауын жоспарлайды [34].

10-11-сыныптарға арналған «Экономикалық сауаттылық әліппесі» курсы оқыту (барлығы – 34 с., аптасына 1 с.) мынадай мақсаттарға жетуге бағытталған: ойлаудың экономикалық бейнесін дамыту; экономикалық пәндерді оқыту барысында экономикалық білімдер мен қызығушылықты қалыптастырудағы қажеттілік; жеке өз тағдырын өзі шешу мен өз орнын өзі табу қабілетін қалыптастыру; экономикалық шешімдер үшін жауапкершілікке тәрбиелеу; еңбекке және кәсіпкерлік іс-әрекетке деген құрметін тәрбиелеу;

экономикалық пәндерді колледждер мен жоғары оқу орындары әрі қарай оқыту үшін немесе өз бетімен білім алу үшін Қазақстанның экономикасы туралы білім беру жүйесін меңгеру; типтік экономикалық міндеттерді шешу үшін алған білімдері мен дағдыларын қолдану тәжірибесін қалыптастыру; жалданған қызметкер ретінде болашақ жұмысы үшін және экономикалық салада өз білімдерін тиімді жүзеге асыру үшін, өз орнын табу үшін экономикалық білімдерді игеру [35].

Қазақстанның инновациялық мектептері арасында білім беру нарығында 1995 жылдан бастап жұмыс істейтін «Көгілдір желкен - Blue sail - Голубой парус» атты ірі мемлекеттік емес мекемеге назар аудару қажет. 2001 жылдан бастап «Көгілдір желкен» ҚР Білім және ғылым министрлігінің ресми эксперименталды алаңы болып табылады, мұнда қазақстандық ұлттық білім беру жобасы жасалды, университеттік сыныптар ашылды, 12 жылдық мектеп және бейіндік мектеп аясында эксперимент өткізу әрі қарай жалғастырылуда.

Осыған байланысты, ҚР білім беру ұйымдарының оқу жоспарларының базистік компоненті толық көлемде орындалады.

Вариативтік бөлімі мынадай мүмкіндіктер береді:

- мемлекеттік және ағылшын тілін тереңдетіп оқыту;
- қосымша таңдауы бойынша бір немесе екі шет тілін - неміс, француз немесе қытай тілін;
- информатиканы ерте 5-сыныптан бастап оқыту (сонымен қатар компьютерлік сауаттылық негіздерін балалар балабақшадан бастап үйренеді);
- таңдалған ЖОО бейініне сәйкес қолданбалы, арнайы курстар, факультативтік сабақтар деңгейінде 10-сыныптан бастап таңдап алған бағыты бойынша бейіндік оқыту;
- пәндік циклдер мен таңдауы бойынша пәндер арасындағы оқытуды баланстандыру.

Қойылған міндеттерді шешу үшін әр оқушының қабілетін шешуін, оқыту деңгейі әртүрлі оқушының педагогикалық қолдауын қамтамасыз ету. Сабақтың технологиялық картасы оқушыны үш деңгейі бойынша барлық кезеңдердегі жұмысқа қосуды қарастырады – алдын ала оза оқыту, стандарт, түзеу. Жаңадан келген оқушыларды педагогикалық қолдау бағдарламасы негізгі пәндер бойынша қабылдау тестілеуін (орыс тілі, математика, оқу техникасы, қазақ және ағылшын тілі), психикалық үдерістер диагностикасын талдау материалына негізделген және оқушыны жеке бағдарлама бойынша дамыту мен оқытуды қамтиды.

Екінші сабақ кестесі пәндік және пәндік емес үйірмелерді, спорт секцияларының жұмысын, оқу-танымдық экскурсияларды өткізуді, оқушылардың еңбектерін республикалық газеттер мен журналдарға жариялауды қамтиды; «Көгілдір желкен» филиалы базасындағы Шучье сауықтыру кешенінде каникулды өткізу.

«Көгілдір желкен» мектебі қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша жұмыс жасайды. 14-кестеде таңдауы бойынша курстар туралы ақпарат келтірілген.

14-кесте – «Көгілдір желкен» білім беру мекемесі филиалының таңдауы бойынша курстары

Таңдауы бойынша курстар		Курсты жүргізетін пән мұғалімі
Оқушы компоненті есебінен жүргізілетін курстардың атауы	Сыныптар	
Есептерді шығару бойынша практикум (математика)	5-8, 10-11-сыныптар	Жүсіпова Д.Б. – математика мұғалімі
Мәтінді лингвостилистикалық талдау	10-11-сынып	Жүкенова Г.Н. – орыс тілі және әдебиет мұғалімі
Өлкетану	5, 7-сынып	Москаленко О.Н. – тарих мұғалімі
Елтану	10-11-сынып	Жұмағұлова Г.У. – ағылшын тілі мұғалімі
Сауатты жазуға үйренеміз	9-сынып	Ананьева М.З. – орыс тілі және әдебиет мұғалімі

9-сынып оқушыларына арналған орыс тілі пәні бойынша «Сауатты жазуға үйренеміз» атты элективті курс бағдарламасы аптасына 1 сағат, жылдық жүктеме 34 сағатты құрайды.

Бағдарлама білім беру үдерісінде орыс тілінің негізгі тақырыптары мен тараулары бойынша білім алушыларға алған білімдерін қайталауға және бекітуде көмек көрсететін бейіндікке дейінгі дайындық туралы негізгі жалпы білім беру стандарттары мен нормативтік құжаттар негізінде құрастырылған.

Аталған курстың жаңалығы таңдап қолдануға болатын орыс тілінің әртүрлі тапсырмаларының үлкен санын ұсынуда көрініс табады. Мәтіндерді таңдау, көркем әдебиет мәтіндерін адами және этикалық тәрбиелеу тұрғысынан және өзің тексеруге назар аудару, тіл мен әдебиеттің кіріктірілуін есепке алу арқылы жүзеге асырылады.

Курстың мақсаты мен міндеттері теориялық білімдерді тереңдету мен жүйелеуде көмек көрсету, сауатты жазу дағдыларын қалыптастыру және бекіту, грамматикалық талдауды дұрыс жасау.

Курсты меңгеру нәтижесінде мынадай күтілетін нәтижелер жоспарланған:

- сөзді грамматикалық талдаудың барлық түрлерін жүзеге асыру дағдысын меңгеру;
- әдебиет және лингвистика саласындағы жаңа білімдерін қалыптастыру;
- өз бетімен жұмыс істеу дағдысын жетілдіру;
- ғылыми әдіс туралы түсінігін тереңдету (проблеманы анықтау, мәтінді талдау әдісі мен жолдарын таңдау), өзінің ізденіс нәтижелерін интерпретациялауға үйрету.

Аталған курс тілдік, лингвистикалық, коммуникативтік және ақпараттық құзыреттіліктерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Курс мынадай тараулардан тұрады: «Фонетика және орфография», «Сөзжасам және орфография», «Морфология және орфография» [36].

Орыс тілі пәнінен 10-сынып оқушыларына арналған «Мәтінді

лингвостилистикалық талдау» элективті курсы базистік пәндер мазмұнын дамытатын курстар тобына жатады. Курс оқушылардың орыс тілі сабағында алатын білімдері мен дағдыларын кеңейтуге және тереңдетуге бағытталған. Курс, пәндік құзыреттілігін арттыру міндетін шеше отырып оқушыларды көркем мәтінді толық жан-жақты талдаудың екі негізгі аспектілерінің бірімен – көркем мәтінді лингвостилистикалық талдаумен (екінші болып әдебиеттанушылық талдау саналады) таныстырады. Курс жылына 34 сағатты құрайды.

Курстың мақсаты: оқушыларға лингвостилистикалық талдау бойынша практикалық жұмыс барысында сөз өнері феномені ретінде мәтінді түсіну үшін лингвистикалық және тілдік құзыретті қалыптастыруға, мәтінді талдау дағдысын дамытуға, орыс тілі бойынша Ұлттық бірыңғай тестілеуге (бұдан әрі - ҰБТ) дайындалуға көмектесу [37].

Мектепте математиканы оқытудың негізгі міндеті оқушылардың қазіргі қоғамның әр мүшесіне күнделікті өмір мен еңбек іс-әрекетінде қажет, аралас пәндерді оқытуға және білім алуды әрі қарай жалғастыруға жеткілікті математикалық білім мен дағдыларын толық және саналы түрде меңгеруін қамтамасыз етуде көрініс табады. Математика бойынша курс сабақтарында математиканы зерделеудің негізгі міндетін шешумен қатар оқушылардың пәнге деген тұрақты қызығушылығын, олардың математикалық қабілеттерін анықтау және дамытуды қарастырады. Осылай, практикум по решению задач предмета «Математика» пәні бойынша есептерді шығару практикумы 5-8 және 10-11-сынып оқушыларына арналған және аптасына 1 сағатты немесе жылына 34 сағатты құрайды.

Математика пәні бойынша 5-сыныпқа арналған «*Математика оқулығынан тыс*» курсының жұмыс бағдарламасы жылына 34 сағатқа арналған (аптасына 1 сағаттан) және негізгі 6 тараудан: логиканы дамытамыз, олимпиада резерві, оригами, қызықты математика, математика тарихынан, қорытындыдан тұрады [38].

5-сыныпта математиканы оқытуда мәтіндік есептерді шешуге, натурал сандарымен, жай және ондық бөлшектермен, геометриялық материал бойынша жұмыс жасау маңызды рөл атқарады. Осыған байланысты, курс барысында логикалық ойлау және талқылау, логика заңдарын қолдану дағдыларын қалыптастыратын есептер, кесу есептері, олимпиада қозғалысы тапсырмалары қарастырылады (күрделілігі жоғары), сонымен қатар оқушылар математика тарихымен танысады.

Курсты оқыту нәтижесінде мынадай күтілетін нәтижелер жоспарланған:

- шығармашылық үдеріске деген қызығушылығын қалыптастыру;
- мәтіндік арифметикалық есептерді шешу барысында логикалық талқылау дағдысы; олимпиадалық есептерді шешуге меңгерілген әдістерін қолдану дағдысы; оқушылардың олимпиадаларға табысты қатысуы.

Оқушылардың математика табиғаты, математикалық ғылымда шынайы әлем құбылыстары мен үдерістерінің көрініс табуы туралы дұрыс түсініктерінің қалыптасуы *6-сынып* оқушыларына математиканы оқытудың бағдарламалық

талабы болып табылады. Осы бағдарламалық мақсатты жүзеге асырудың басты құралы математикалық жобалау әдісі болып табылады.

Математика пәнінен есептерді шешу бойынша практикумның негізгі мақсаттары:

– білім алушылардың оқу іс-әрекеті үдерісіндегі қызығушылығын жүзеге асыру және математикалық зияткерлік қабілеттерін дамыту үшін жағдай жасау;

– Факультативтік курстың міндеттері анықталды: оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту;

– пәнді оқытуға деген қызығушылығын арттыру;

– пән бойынша білімдерін кеңейту және тереңдету;

– дарынды балаларды анықтау;

– оқушылардың мақсатқа жетуге тырысуы, еңбек сүйгіштік, тиянақтылық, зейіндік, жауапкершілік сезімі, тұлғаның мәдениеті сияқты қабілеттерін қалыптастыру.

7-сыныпқа арналған «Математика» курсының мақсаты: оқушыға бейінді таңдауда, тек қана емтихан тапсыруға ғана емес, сонымен қатар бейіндік мектепте табысты оқуға көмектесу, жоспарланған бейінде оқытудың оңтайлы уәждемелерін қалыптастыруды қамтамасыз ету.

Аталған курстың өзектілігі алгебралық өрнектердің тепе-теңдігін түрлендірулерді орындау дағдыларын қалыптастырудағы іргелі рөл атқаратындығымен анықталады. Осы тақырыптағы негізгі орынды көпмүшемен әрекет алгоритмі алады.

Курс бағдарламасы математиканың мектеп курсына кірмейтін кейбір мәселелерін оқытуды жоспарлайды.

8-сыныпқа арналған элективті курстың негізгі мақсаты – оқушыларды жалпы білім беретін орта мектептің екі және үш белгісіздерімен сызықтық теңдеулердің жүйелерін, квадратты теңдеуді қолдану әртүрлі есептерін шешудің түрлі тәсілдерімен таныстыру.

Элективті курсты әзірлеу принциптері: жүйелілік (білімдер сабақтастығы); дифференциациясы (күрделілік деңгейі әртүрлі жұмысқа деген бейімділігін дамыту); материалды беру баламалылығы; көрнекілігі; қызығушылық.

34 сағаттан тұратын «Тригонометрия әлемі» курсы *10-сынып* оқушыларына – математиканың автономиялық бұтағын ұсынады. Курс оқушылардың математика бойынша алған білімінің базалық деңгейін кеңейтуге, пәнге бағытталған болып саналады да, оқушыларға тригонометрияның қызықты стандартты емес сұрақтарымен, тригонометриялық есептерді шығарудың кеңінен тараған әдістерімен танысуға, математикаға деген қабілеттерін тексеруге мүмкіндік береді.

11-сыныпқа арналған бағдарлама алгебра және анализ бастамалары бойынша орта мектеп курсының негізгі тарауларын, сонымен қатар осы курсқа қатысты және оны негізгі идеялық желістері бойынша тереңдететін бірқатар қосымша сұрақтарын қамтиды. Материал, курстың негізгі тақырыптарын жалпылама қайталауын қамтамасыз ету, негізгі тақырыптар бойынша оқушылардың білімдерін тереңдету және кеңейту, ҰБТ-ға қосымша

дайындығын жоғары деңгейде қалыптастыру үшін құрастырылған.

Келесі ұсынылып отырған таңдауы бойынша курсы – бұл «*Елтану*». Мектептің жоғары сатысында оқытудың гуманитарлық-филологиялық бейіні құрамына кіретін «*The History of the UK*» «*The History of the USA*» элективті курсы 10 және 11-сынып оқушыларына және жалпы білім беретін мектептерде ағылшын тілін оқу кезінде оқушылардың бейінішілік мамандандырылуына арналған [39].

Аталған курс оқушылардың елтану саласындағы білімі және өз білімін жетілдіру құралы ретінде ағылшын тілін қолдану қабілеттерін дамытуға; әлемді елтануды меңгеруде жоғары сынып оқушыларының қазіргі танымдық қызығушылықтарын және мәдениетаралық қарым-қатынастағы коммуникативтік қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған.

Аталған курстың негізгі бағыты бейінішілік мамандандырылуға негізделген. Осыған байланысты элективті тілдік курстарда шет тілі оқыту мақсаты және таңдаған оқыту бейіні аясында оқушылардың білімін жетілдіру құралы ретінде рөл атқарады және бұл курстар бірдей бейінді пәндік бағытқа ие, сондай-ақ бейіндік оқу пәнінің кеңеюіне қызмет етеді.

«**Хэйлибэри**» халықаралық мектебінің оқу жоспары оқытудың британдық стандарттарына негізделген, бірақ Қазақстандағы білім беру жүйесіне бейімделген. Оқу жоспарына «Қазақ тілі», «Орыс тілі» сияқты пәндер, «Қазақ әдебиеті», «Қазақстан тарихы», «Қазақстан географиясы» және «Орыс әдебиеті» кіріктірілген курстары енгізілген.

Оқыту мерзімі «*Key Stages*» (бұдан әрі – *KS*) деп аталатын буындарға бөлінген. Мысалы, 9-сынып оқушылары *KS3* оқытудан өтеді, 10 және 11-сыныпты қамтитын оқытудың келесі буыны *KS4*. *KS4* пәндерді таңдау бойынша оқыту мүмкіндігін береді. Осы екі жыл оқу курстың соңында *IGCSE* (11-сыныптың соңында Ұлыбританияның барлық оқушылары тапсыратын *GCSE* емтиханының халықаралық версиясы болып табылатын Орта білім туралы халықаралық аттестат) маңызды емтиханын тапсыруға бағытталған.

2015-2016 оқу жылында «*Haileybury*» мектебінде алғаш рет *IGCSE* таңдауы бойынша пәндер ұсынылады [40]:

Өнер: «Өнер және Дизайн» *IGCSE* бағдарламасы жеке реакциясы мен елестету, сезімталдық, тұжырымдамалық ойлау, зейіндік және аналитикалық қабілеттерін дамытуға бағытталған. Оқушыларға сызбалар, гравюра, графика, коллаж сияқты шығармалары мен тиісті материалдарымен жұмыс жасау ұсынылады.

Кәсіпкерлік: Курстың бірінші бөлігінде оқушылардың назары шағын бизнеске аударылуы керек. Оқушылар курс бойына бизнестің шағын ЖК үлкен корпорацияға дейін қадамдық өсуін біледі, бизнесті басқару және қызметкерлерді ынталандыру, тұтынушыларды тарту және пайда табу үшін қаржыны пайдалану жан-жақты зерделейді.

Аталған курс қолданыстағы бизнеспен танысуды қамтиды, білім алушының креативтілігін, өз идеяларын ұсыну және оны жүзеге асыру мүмкіндігін дамытады. Бизнес пен менеджментті, экономиканы оқу үшін

кәсіпкерлік, егер оқушы болашақта бизнеспен айналысуды жоспарласа, идеалды старт береді де, жақсы кіріспе болып саналады.

Мектепте *«Дизайн және Технология»* пәнін оқыту балаларды жоғары технологиялардың тез дамып жатқан әлеміне дайындайды.

Сабақ үстінде оқушылар әртүрлі бұйымдарды талдауды және қолдануды үйренеді. Олар дизайнерлік үрдіс пен бұйымдарды өңдеу саласында арнайы білімдерін қалыптастырады.

Бұл пән зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамытады және оқушылардың сын тұрғысынан ойлау мен қойылған міндеттерді шешу сияқты қасиеттерін ашуға көмектеседі; сонымен қатар қолданбалы математика және ақпараттық технологиялар сияқты пәндер бойынша білімдерін арттыруға мүмкіндік береді.

Оқушы бастапқы идеядан түпкілікті өнімге дейін жеке дизайнерлік жобаларын ұсынуға үйренуі керек.

«Ағылшын тілі» IGCSE таңдауы бойынша курс екі жыл оқу мерзіміне есептелген. *«Ағылшын әдебиеті» IGCSE* курсы драма, поэзия және проза сияқты үш дәстүрлі жанрда көркем әдебиетті талдауға шоғырланған.

Оқыту газеттен, баяндамадан, жарнама және креативті мақалалардан алынған көптеген әдеби және әдеби емес жазбаша жұмыстарға талдау жасауға негізделген. Оқушылар негізгі дағдыларды: мәтінді мазмұндауды, түсінуді және тілдік талдауды игереді.

Емтиханға Портфолио және екі түрлі мәтін бойынша халықаралық бағалаудың бөлігі ретінде екі курстық жұмыс – эссені дайындау қажет.

«Ағылшын тілі екінші тіл» пәні тілді салыстырмалы түрде жақында үйрене бастаған оқушыларға немесе ағылшын тілі бойынша *IGCSE* емтиханын тапсыру кезінде тілдік қабілеттеріне сенімді емес адамдарға арналған. Осы пән бойынша сабақтарға қатыса отырып, оқу, жазу және сөйлеу тіліндегі дағдылары мен тілді есту арқылу қабылдау қабілеті дамиды.

IGCSE Географиясы оқушыларды халықаралық бакалавриаттың (бұдан әрі – ХБ) көптеген курстары бойынша дайындайтын академиялық маңызды пән болып табылады. Курсты үйрену экологиялық проблемаларды тану негізінде оқушылардың жаратылыстану-ғылыми құзыреттіліктерін қалыптастыруға, экологиялық мақсатты қызметке деген қабілеттерді дамытуға, тұтыну мәдениеті дағдыларын жетілдіруге, адамның табиғатқа деген тұлғаның азаматтық құзыреттіліктерін және этикалық принциптерді сақтауды дамытуға бағытталған. Курсты оқу барысында қоршаған ортаны сақтауға жауапкершілік және экологиялық қауіп-қатерлерді түсіну сезімдері дамиды.

Тарих оқушыларға ұлы тұлғалардың ішкі әлемін, күші мен сипатын, ХХ ғасырдың айтулы, тынымсыз, үрейлі және инновациялық оқиғаларын қарауды ұсынады. Оқу оқушыларға ХХІ ғасырдағы күрделі тарихи процестерді түсінуіне көмектесу үшін Бірінші дүниежүзілік соғысы ұрыстарының қорытындысынан басталады.

«Қазақ тілі екінші тіл ретінде» пәні *IGCSE* бағдарламасы бойынша 10-11-сынып оқушылары үшін міндетті болып табылады. Бағдарламаның негізгі

мақсаты IGCSE бағдарламасының шарттарына сәйкес оқушыларды емтиханға дайындау, сондай-ақ оқушылардың коммуникативтік сөйлеуін жетілдіру, сөйлеу қызметінің ауызшы және жазбаша түрлерін қалыптастыру.

IGCSE бағдарламасы бойынша қазақ тілін үйрену кәсіптік тақырып бойынша материалдарға негізделген.

Ақпараттық және коммуникативтік технологиялар (бұдан әрі – АКТ) IGCSE үш бөлімге бөлінген: бұл компьютерлік технология қалай жұмыс істейтінін және «монитордың ар жағында» не болып жатқанын терең оқып-үйренуге және түсінуге арналған екі жоба мен бөлім. Компьютерлік жүйелер мен бағдарламалау бөлімінде оқушылар бағдарламамен қамтамасыз етуге, компьютерлік жүйедегі деректерді, деректер базасын, коммуникацияны, бағдарламалауды және т.б. презентациялауды үйренеді.

Практикалық зерттеу осы әлемдегі компьютерлендіру туралы қызығушылыққа негізделген. Бағдарламалау жобасы оқушыларды *Visual Basic* бағдарламалау тілін қолданып, үш тапсырма бойынша шешімдерді жобалауды кодтауға және сынақтан өткізуге бағытталған.

Математика Кембридж IGCSE барлық оқушылар үшін негізгі пән болып табылады. Ол ХБ және ары қарай дамыған деңгейі үшін жақсы негіз болатын математикалық білім мен ойлау дағдыларының дамуын қолдайды. Бағдарлама сенімділікті құруға негізделген, сандар, алгебра, геометрия және статистика бойынша дағдыларды дамытады. Математиканы оқып-үйрену ХБ математикасының барлық опцияларын біліп және сенімді бастау үшін қажетті біліммен және дағдылармен қамтамасыз етеді. 15-кестеде тапсырмаларға қойылатын талаптар және бағалаудың пайыздық ара қатынасы көрсетілген.

15-кесте – Тапсырмаларға қойылатын талаптар

Математика Кембридж IGCSE 0580 (курстық жұмыссыз)	Бағаның пайыздық ара қатынасы
1-тапсырма (Негізгі) 1 сағат Негізгі бағдарлама бойынша қысқаша жауаптарды талап ететін сұрақтар	35%
2-тапсырма (Кеңейтілген) 1 сағат 30 минут Кеңейтілген бағдарлама бойынша қысқаша жауаптарды талап ететін сұрақтар	35%
3-тапсырма (Негізгі) 2 сағат Негізгі бағдарламаға негізделген құрылымдық сұрақтар	65%
4-тапсырма (Кеңейтілген) 2 сағат 30 минут Кеңейтілген бағдарламаға негізделген құрылымдық сұрақтар	65%

Музыка IGCSE курсы өз музыкасын орындау мен шығаруды қоса алғанда, шамамен 60%-ы практикалық бөлімнен тұрады. Өзінің музыкасын құрастыруда KS3 музыкасы дәрістерінен дағдылар, *Sibelius 7* бағдарламалық қамтамасыз етуі қолданылады. Орындау кезінде аспапта ойнау дағдысы дамиды, курс бойына сыныпта, дайындықтар мен концерттерде өнер көрсетеді. Шығармада

композициялық тәсілдер, сондай-ақ *MIDI* жазбалар, аудио редакциялау, *Cubase* секілді пакеттер қолданылады. Эквалайзер, реверберация және кідіртуді қолданумен нәтижелердің өндірісі мен жазба, мульти-жазба стереосы бойынша дағдылар дамиды.

Музыка курсының басқа бөлігіне (40%) тыңдау дағдыларын жетілдіру кіреді. Батыс классикалық музыкасы, танымал музыка оқытылады, әлемнің барлық елдерінің музыкасын (қазақ, үнді, африкалық, араб және қытай) үйренуге мүмкіндік бар. Оқушылар музыкалық элементтер жоспарында үзінділерге: құрылымына, әуеніне, үйлесімділігіне, фактураға, ырғағына, метрді, қарқынына, тембріне және динамиканы талдауға үйренеді.

Дене шынықтыру курсы практикалық бөліктерден тұрады. Оқушылар футбол немесе баскетбол секілді «басып алу» ойындарына, волейбол және теннис сияқты «сетка және қабырға» ойындарына қатысады. Сондай-ақ жеңіл атлетика мен спорттың судағы түрлері бойынша жаттығулар ұсынылады.

Дене шынықтыру барысында қатысу және әрекетке әсер ететін факторлар, денсаулық және диета секілді тақырыптар, анатомия мен физиология, қауіп-қатерлерді бағалау мен қауіпсіздік, денеге жаттығулар жасау мен фитнес нәтижелері таныстырылады.

Екі жылдық *IGCSE* «Орыс тілі ана тілі ретінде» бағдарлама курсы өз өмірінде бірінші тіл ретінде қолданылатын оқушыларға арналған.

10-11-сыныптардағы орыс тілі сабақтары жазбаша сөйлеуді дамытуға және әртүрлі мәтіндерді орындау икемділігіне, сөйлеу стильдері мен жанрларын дамытуға, белгілі бір тақырыптарға, сонымен қатар оқыған орыс және шетел жазушыларының туындыларына шығармалар мен эссе жазу білімдерін дамытуға бағытталған.

IGCSE ғылымы бойынша пәндер ғылым жөнінде негізгі дағдыларды күнделікті өмірде бұдан әрі зерделеуге және пайдалануға түсінікті дамытуға мүмкіндік береді. *IGCSE* ғылымының пәндерін оқуды аяқтағаннан кейін, түлектерге ХБ Дипломдық бағдарламаларының ғылымдарын және *KS4* кейін өзге білім беру бағдарламаларын өту үшін біліктілік беріледі.

Сонымен бірге теориялық және практикалық білімдерді үйлестіру арқылы «*Биология*» пәні бойынша адам денесінің, молекулярлық биология, өсімдік биологиясы, экология және биотехнологияның негізгі принциптерін түсінуге қол жеткізеді. «*Химия*» бойынша периодтық кесте, химиялық реакция мен органикалық химияның негізгі принциптері зерттеледі. Бағдарлама қышқылдар, негіздер, тұздар, металлдар, ауа және су туралы бөлімдерден тұрады. *Жалпы физикаға* қосымша термальды физика, толқындар қасиеті (жарық пен дыбысты қоса), электр, магнетизм және атом физикасы оқылады.

Екі жылдық «*Испан тілі*» таңдау курсы бойынша оқушыларға көптеген елдерге есіктерді ашады, себебі, әлемдегі қолданылатын барлық тілдер арасында, ағылшын және қытай тілдерінен кейін, испан тілі үшінші орынды алады. Испан тілін меңгеру әлемдегі испан тілінде сөйлеушілердің әрбір үшінші миллиардмен қарым-қатынасқа түсуге мүмкіндік береді. 16-кестеде *IGCSE* арналған таңдау бойынша пән топтамасы келтірілген.

16-кесте – *IGCSE* арналған таңдау бойынша пән топтамасы

1-топ	2-топ	3-топ	4-топ	5-топ	6-топ	7-топ	8-топ	Міндетті
Ағылшын тілі	Орыс тілі (тіл иелері үшін)	География	Биология	Математика	Өнер	Қазақ тілі (тіл иелері үшін міндетті)	кәсіпкерлік	Негізгі дене шынықтыру /АКТ барлықтары үшін
Ағылшын тілі және әдебиеті	Орыс тілі (шет елдіктер үшін)	Тарих	Химия		Дизайн және технология	Теориялық және академиялық зерттеу	АКТ	
Ағылшын тілі екінші тіл ретінде	Испан тілі				музыка		Физика	
					Дене шынықтыру		Теориялық және академиялық зерттеу	
4 сабақ	3 сабақ	3 сабақ	6 сабақ	4 сабақ	3 сабақ	3 сабақ	3 сабақ	

Осылайша, «*Haileybury*» мектебіндегі таңдауы бойынша курстар бірнеше пәндер бойынша *IGCSE* емтиханын тапсыруға бағытталған. Бұл Кембридж университетінің бөлігі болып табылатын Халықаралық Емтихандар кеңесінің (ХЕК) емтихандары. Екі курсты аяқтағаннан кейін және емтихандарды табысты тапсырғаннан кейін бітірушілерге жоғары оқу орнына түсу үшін әрбір пән бойынша дүние жүзінде танылған сертификаттар беріледі [41].

«**Мирас**» мектебі Халықаралық бакалавриаттың барлық үш бағдарламасы бойынша авторизацияланған (дәріс беру құқығы) және халықаралық аккредиттеуге (*CIS* – мектептердің халықаралық кеңесі және Жаңа Англия колледждері мен мектептерінің қауымдастығы – *NEASC*) ие Қазақстандағы жалғыз мектеп. Мұндай мәртебе мектеп бітірушілерге шет елдің колледждері мен жоғары оқу орындарына түсу кезінде артықшылықтар береді, ал *IB* Дипломдық бағдарламасының бітірушілері – әлемнің озық университеттеріне емтихансыз қабылдана алады. Сонымен бірге, «Мирас» мектебін бітірушілер мемлекеттік үлгідегі құжаттарды алады.

Мектептің білім беру үлгісі ҚР білім беру стандарттары мен Бакалавриаттың Халықаралық бағдарламаларының кіріктірілуінен құрылған, бұл оқушыны дамытуға көңіл бөліп оқу үдерісін ұйымдастыруға, тек қана

жалпы оқу дағдылары мен икемділігін ғана қалыптастырып қана қоймай, оқушының құндылық-тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқу мен тәрбиеде әртүрлі әдістер мен құралдарды таңдауға мүмкіндік береді.

Мектептің бағдарламасы қазіргі білім берудің үш басымды тұжырымды ережелеріне негізделген: тұтас оқу, коммуникативтің құзіреттілікті және мәдениетаралық хабардарлыққа негізделген. Бағдарламаның айрықша ерекшелігі студенттердің зерттеу және пәнаралық жобалау қызметтерін ұйымдастыру болып табылады. 17-кестеде Астана қаласындағы «Мирас» халықаралық мектебіндегі таңдауы бойынша курстар ұсынылған.

17-кесте – Астана қаласындағы «Мирас» халықаралық мектебіндегі таңдауы бойынша курстар

Оқушы компоненті есебінен жүргізілетін таңдау пәндерінің атауы	Сыныптар	Курсты жүргізетін пән мұғалімі
TOEFL/IELTS дайындық	9	Ағылшын тілі мұғалімі
Бейнелеу өнері		Бейнелеу өнерінің мұғалімі
Информатика		Информатика мұғалімі
Математика IGCSE		Математика мұғалімі
TOEFL/IELTS дайындық	11	Ағылшын тілі мұғалімі
Елтану		География мұғалімі

Орта мектепте ұлттық білім беру стандарттарының мазмұндық компонентін, философияны және МҮО оқу бағдарламаларына қойылатын талаптарды кіріктіру арқылы жаңа педагогикалық технологиялар мен оқыту әдістері енгізіледі.

10-сыныптан кейін студенттер 11-сыныпқа түсе алады – бұл Қазақстандық бағдарлама немесе IIB сыныпқа – Дипломдық бағдарлама.

11-сыныптарға арналған «Мирас» Халықаралық мектебінің Қазақстандық бағдарламасы ҚР-ның мемлекеттік білім беру стандарттары мен оқыту талаптарына негізделген. Ол 16 жастан бастап 18 жасқа дейінгі оқушыларға арналған, интернационалды ойлау, дербес зерттеу дағдыларын және оқуға деген жағымды көзқарасты дамытады, оқушалар білімге деген құштарлығын дамытады.

Оқушының бейінінде баланың жан-жақты дамығаны ерекше көрсетіледі – физикалық, интеллектуалды, эмоционалды, этикалық.

Оқу бағдарламасы үш өзара байланысты бөліктерден тұрады: жазбаша (*Written curriculum*); практикалық (сыныптағы қызмет) (*Taught curriculum*); бағалау (баға беру) (*Assessed curriculum*).

Қазақстандық бағдарламаның МҮР бағдарламасы және 11-сынып оқушылары арасындағы сатылай жоспарлау мен байланысқа негізгі назар бөлінетін, теңдестірілген және логикалық жүйелі білім беру үшін, 11-сыныпта 6 пәндік топтармен байланысқан, 15 пәнді оқу қарастырылған. Осы пәндердің 5-уі бойынша оқу жылының соңында міндетті емтихан тапсырады, бұл Ұлттық бірыңғай тестілеу немесе мектепшілік емтихандар.

Сонымен бірге 11-12-сынып студенттеріне *дипломдық жұмыс* бойынша 6 пәндік топтан 6 пәнді таңдау құқығы ұсынылады. Ол бірқатар пәндердер тұрады: география, тарих, бейнелеу өнері, әлем қауымдастығындағы, бизнес және менеджмент, экономика, биология, химия, физика, математика (3 деңгей), тілдер бойынша пәндер (ағылшын, орыс, француз, қытай). Осы оқыту бағдарламасы бойынша білім беру ағылшын тілінде өткізіледі.

ІВ МҮР орта мектебіне арналған негізгі орта мектеп бағдарламасы 6-10-сынып оқушыларына арналған. *МҮР* бағдарламасында маңызды рөлді үш фундаменталды қағида алады: білім берудің толықтығы, мәдениетаралық түсінік және дамыған коммуникативтік дағдылар.

Пәндік салалар:

– тіл және әдебиет (мектепте білім беретін тіл немесе оқушылардың ана тілі) – ағылшын, орыс немесе қазақ тілі;

– В тілі (шет тілі – мектепте оқытылатын қосымша тіл) – ағылшын, орыс, қазақ, француз;

– жаратылыстану ғылымдары – жалпы пән ретінде 6-8-сыныптарда оқытылады, және 9-10-сыныптарда үш жеке пән ретінде;

– математика;

– дизайн;

– гуманитарлық ғылымдар;

– дене шынықтыру;

– өнер – бейнелеу өнері, музыка және театр өнері.

МҮР бағдарламасындағы оқу пәндерінің мазмұны, жаһандық мәнмәтін деп аталатын, арнайы тақырыптарда ұйымдастырылған. Оқу үдерісі бойы студенттер барлық алты жаһандық мәнмәтінді зерттеулері тиіс: Сәйкестік және өзара қарым-қатынас, Кеңістікте және уақыттағы бағдар, Тұлғалық және мәдени тұрғыдан өз ойын білдіру, Ғылыми және техникалық инновациялар, Жаһандану және тұрақты даму, Әділдік және даму.

Оқушылар үш тілде білім алады: қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде, сонымен қатар француз, қытай және өзге тілдерді дамытуды ұстанады [42].

Қазақстандық және әлемдік білім беру жүйелерінің үздік дәстүрлері көрініс табатын мектептегі білім беру инновациялық жобаны қалыптастыру қазіргі білім берудің объективті қажеттілігі болып есептеледі. Осы жобаны әзірлеу білім, оқыту әдістемелерінің, оқу жетістіктерін бағалау принциптерін, мектептің қалыптасқан құрылымын, өзара қарым-қатынас жүйесі мазмұнын өзгертуді талап етеді.

Қорытынды

Кейбір шетелдік мемлекеттерде білім алушыларды таңдау курстарында оқыту тенденциясы бойынша педагогикалық ғылым мен практиканың негізгі ізденісі адамның дамушы қабілеттеріне, оның құбылмалы әлемдегі әлеуметтену және бейімделу табыстылығына, оқушыларды әртүрлі іс-әрекет түрлерінің кең аумағына енгізуге бағытталғандығын көрсетеді.

Қазақстан Республикасында оқытудың жүйелі-іс-әрекеттік нәтижелері білім алушылардың тек пәндік олимпиадалардағы жетістіктерімен және шығармашылық оқу жобаларының, зертеушілік іс-әрекеттерінің орындалуымен ғана емес, сонымен қатар, таңдау курстарын оқып-үйренудегі жетістіктері арқылы да анықталады [43].

Облыс аймақтары бойынша *таңдау курстарын талдау*:

- әзірленген курс тақырыптарының кең диапазонын;
- таңдау компоненттері бойынша бірінғай амалдардың жоқ екендігін;
- курстардың оқу жоспары бойынша пәндік білімді тереңдетуге бағытталғандығын;
- білім алушыларды ерте кәсібилендірудің әлсіз көрінісін;
- ұсынылған мазмұнның дәстүрлілігін, халықаралық салыстырмалы зерттеу нәтижелері есебінің жеткіліксіздігін;
- іргеліліктің, заманауи ғылыми зерттеу нәтижелердің жоқ екендігін *көрсетеді*.

Мониторингтік зерттеулердің нәтижелері көрсеткендей, таңдау курстарының көптігі пәндік білімді тереңдетуге, жалпы білім беретін мектептерде білім алушылардың білік пен дағды шеңберін ұлғайтуға, оны таза оқу аясынан тыс жағдайларда қолдануына, танымдық қызығушылығының, функционалдық сауаттылығының, жобалық және зерттеушілік іс-әрекетінің дамуына ылғи да әкеп соқтырмайды.

Тұтастай алғанда, таңдау курстары заманауи білім аймақтарының өзекті аспектілерін оқып-үйретеді. Олар типтік оқу бағдарламаларында кездесетін олқылықтардың орнын толтырады. Мысалы, қазақстандық мектептердегі білім беру мазмұнының міндетті минимумы халықаралық салыстырмалы зерттеулерде қолданылатын жеке тақырыптық сұрақтарды бейнелемейді. Айтар болсақ, математика саласы бойынша бастауыш мектептің қазақстандық оқу бағдарламасына халықаралық тест тапсырмаларының 33%-ы, сегізінші сыныптың – 3%-ы, жаратылыстанудың – сәйкесінше 24 және 3%-ы сәйкес келмейді. Жаратылыстану бойынша 4-сынып тапсырмаларының жалпы саны 172 екендігін көрсетті, оның 23%-ы бастауыш мектептің оқу бағдарламасына сәйкес келмейді. Жаратылыстану бағыты бойынша 8-сынып оқушыларына ұсынылған 217 тапсырманың 3%-ы Қазақстанның негізгі мектептерінің оқу бағдарламаларына сәйкес келмейді.

Таңдау курстары білімді практикаға енгізуге және қолдануға қолайлы және білім алушыларға қажетті дағдыларды мақсатты түрде дамытуға мүмкіндік береді. Талдау көрсеткендей, функционалдық сауаттылықты дамытуға

байланысты проблемалардың күрделілігі мұғалімдерден белсенді және шығармашыл жұмыстарды қажет етеді. Заманауи білім беру технологияларын, оның ішінде инновациялық әдістемелерді тиімді әрі сауатты қолдану арқылы керекті нәтижелерге қол жеткізуге болады.

Білім беру мазмұнының модернизациясы, оның өзгеруші және дамушы мақсаттарға сәйкестігін қамтамасыз ету таңдау курстарының мазмұнында да көрінуі тиіс. Курстардың құрылымын және мазмұнын жақсарту үшін төмендегілерді ұсынамыз:

- курстың оқу материалының мазмұны жаңашылдық пен өзектіліктің қағидаларына жауап беруі тиіс;

- ұлттық және аймақтық компоненттердің ерекшеліктері ескерілуі тиіс;

- курстың бағдарламасы білім алушылардың дамушы және уәжді қызығушылығын оятуы тиіс;

- оқушылардың өзіндік ерекшеліктерін қалыптастыруы тиіс;

- функционалдық білім мен дағдыларын қалыптастыруы қажет;

- оқушылардың бейіналды және кәсіптік бағдарының қажеттілігін ескеру қажет.

Осыған байланысты, таңдау курстарының оқыту сапасын және тиімділігін арттыру үшін пәнаралық интеграцияны, орта білім беру деңгейінің үздіксіздігі мен сабақтастығын қамтамасыз ететін курс мазмұнын жобалаудың бірінғай концептуалды әдіс-амалдары қажет.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Вульфсон Б.Л. Управление образованием на Западе: тенденции централизации и децентрализации // Педагогика, 1997, № 2.
- 2 Джурицкий А.Н. Сравнительная педагогика. - М.: 1998.
- 3 Барановский Л.С., Козикис Д.Д. Hello, America. - М.: 2009.
- 4 Барановский Л.С., Козикис Д.Д. Hello, America - М.: 2009 // Педагогическая мастерская, 2004, № 3.
- 5 <http://3dway.org/publications/srednee-i-vysshee-obrazovanie-v-belarusi>
- 6 <http://ale.by/news/3774>
- 7 <http://charko.narod.ru>
- 8 <http://nm2000.kz/news/2008-08-17-8422>
- 9 <http://www.nv-online.info>
- 10 <http://www.vivakadry.com/85.htm>
- 11 Государственная программа Российской Федерации «Развитие образования» на 2013-2020, 7 февраля 2013 г. № 163-р.
- 12 <http://www.wikipedia.org>
- 13 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламасы.
- 14 М. Мырзахметұлы. Ұлы ақын дүниетанымы туралы бірер сөз... // «Қазақ әдебиеті». 2005, 19 тамыз.
- 15 «Мен Абайды неге «жек» көрдім» Қазақстан ZAMAN. 2013.12.08.
- 16 М. Мырзахметұлы «Абайтану» 1-кітап. –Астана. «Interactif Kazakhstan». 2014. – 432 б.
- 17 Бунеев Р.Н. Понятие функциональной грамотности. Образовательная система «Школа 2100». Педагогика здравого смысла. Сборник материалов / Под научной редакцией А.А. Леонтьева. – М.: «БАЛАСС», 2003, -С. 34.
- 18 Шакенова М.Т., Рахимжанов К.А., Мухатаева Б.М. и др. Риторика. Учебная программа по риторике для 11-х экспериментальных классов 12-летней школы. – Астана: НАО им. И. Алтынсарина, 2013. – 12 с.
- 19 Булатбаева К.Н. Русский язык как средство общения. Программа спецкурса. – Павлодар, 2003. – 17 с.
- 20 Мурзабекова С.В. Развитие инновационных образовательных программ и проектов в Казахстане. / Материалы ІХ Міжнародна конференція «Управління проектами у розвитку суспільства». - Київ, 11-12 травня 2012. – С.157-158.
- 21 Стратегия развития АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» до 2020 года, утверждена решением Высшего попечительского совета от 18 апреля 2013 года.
- 22 www.nis.edu.kz
- 23 www.katev.kz
- 24 Учебная программа курса по выбору «Разговариваем по-английски» 7-9 классы.
- 25 Учебная программа курса по выбору «Физика и электротехника» 10-11

классы.

26 Учебная программа курса по выбору «Страноведение» 10-11 классы.

27 Учебная программа курса по выбору «Прикладная химия» 10-11 классы.

28 Учебная программа курса по выбору «Культура языка» 8-9 классы.

29 Учебная программа курса по выбору «Дифференциальные и интегральные исчисления» 10 класс.

30 Учебная программа курса по выбору «Разговариваем по –турецки» 7-9 классы.

31 Учебная программа курса по выбору «Прикладная информатика» 10-11 классы.

32 Учебная программа курса по выбору «Основы генетики» 10 класс.

33 Учебная программа курса «Теоретические основы математического анализа» 10-11 классы.

34 Учебная программа курса по выбору «Логические пути решения алгебраических уравнений и неравенств» 10-11 классы.

35 Учебная программа курса по выбору «Азбука экономической грамотности» 10-11 классы.

36 Программа элективного курса по русскому языку «Учимся писать грамотно» 9 класс.

37 Программа элективного курса «Лингвостилистический анализ текста».

38 Практикум по решению задач (математика) 5-8, 10-11 классы.

39 Программа курса «Страноведение» («TheHistoryoftheUK») для 10 класса.

40 Программа курса «Страноведение» («The History of the UK» и«The History of the USA») для 10-11 классов.

41 Руководство по подготовке к экзаменам IGCSE для 10 и 11 классов//Haileybury AstanaShool.

42 www.miras.kz

43 ГОСО, утвержденного постановлением Правительства Республики Казахстан от 23 августа 2012 года № 1080.

Мазмұны

	Кіріспе.....	3
1	Әлемдік білім беру тәжірибесіндегі таңдау курстары.....	6
2	ҚР Білім және ғылым министрлігімен ұсынылған таңдау курстары мазмұны мен ұйымдастырылуының талдамасы.....	16
3	Жалпы білім беру ұйымдарымен әзірленген және жүзеге асатын таңдау курстары тақырыптары мен мазмұнының талдамасы.....	25
4	Қазақстанның инновациялық мектептерінде жүзеге асырылатын таңдау бойынша курстарының тақырыптары мен мазмұнын талдау.. Қорытынды.....	54 76
	Әдебиеттер тізімі.....	78

Введение

Актуальность темы исследования:

Содержание образования является ключевой и наиболее постоянной величиной по сравнению с другими компонентами обучения и воспитания. Поэтому его обновление порождает новые парадигмы образования и обуславливает целый комплекс необходимых изменений педагогических условий.

Изменения и дополнения в учебные программы в рамках обновления содержания образования касаются и содержания школьных курсов по выбору.

Курсы по выбору являются важнейшим средством для построения индивидуальных образовательных программ, так как в наибольшей степени близки к выбору каждым школьником элементов содержания образования в зависимости от собственных способностей, интересов, жизненных планов.

Курсы по выбору разделяются на три типа:

1) традиционные предметные курсы, основанные на использовании имеющегося методического обеспечения (например, обычные факультативные курсы, учебные модули, блоки дополнительных занятий по обычным учебным предметам и др.);

2) межпредметные курсы, цель которых – интеграция знаний у учащихся о природе и обществе;

3) курсы по предметам, не входящим в Базисный учебный план, требует:

– углубление знаний и навыков, представляющих практический интерес для учащихся в ближайшей и отдаленной перспективе;

– создание углубленной знаниевой и практикоориентированной базы для ориентации учащихся в мире современных профессий;

– знакомство учащихся на практике со спецификой типичных видов деятельности, соответствующих наиболее распространенным профессиям выбранного профиля.

Содержание учебных программ курсов по выбору формируется за счет углубления или расширения базовых тем различных предметов и строится в соответствии: с содержанием базовых учебных предметов образовательного учреждения; с профилем организации образования; с учетом индивидуальных запросов учащихся, общественного запроса и возможностей реализации учебных программ.

Содержание курсов должно также иметь новизну и актуальность учебного содержания, быть оригинальными и нестандартизированными; отличаться от базового курса, дополнять и углублять его; иметь содержательный, логично выстроенный материал, который отражает интегрированность знаний, межпредметность и практикоориентированность; аккумулировать разнообразие и соответствие форм работы и видов деятельности желаниям учащихся, обеспечивать самостоятельность и индивидуальный подход, развивать инициативность учащихся.

Базовыми требованиями к содержанию программ курсов по выбору

являются следующие:

- 1) ориентация на современные образовательные технологии;
- 2) соответствие содержания курса поставленным целям и наличие логического построения;
- 3) соответствие учебной нагрузки учащихся нормативам;
- 4) соответствие принятым правилам оформления программ;
- 5) наличие пособий, содержащих необходимую информацию.

Изменения и дополнения в учебные программы в рамках обновления содержания образования касаются и содержания школьных курсов по выбору.

Выражено оно в следующем:

- усилении практикоориентированности содержания обучения через реализацию системно-деятельностного подхода;
- развитию функциональной грамотности обучающихся;
- систематизации содержания предметов путем усиления межпредметной интеграции и перераспределения учебных материалов по уровням;
- усилении профилизации и дифференциации содержания;
- расширении казахстанского компонента;
- увеличении количества практических, проектно-исследовательских работ и экспериментальных заданий;
- исключении из программы устаревших, неактуальных учебных тем, внедрение новых учебных материалов, отражающих современную социально-экономическую модернизацию казахстанского общества.

В казахстанской системе образования курсы по выбору входят в состав вариативного компонента типового учебного плана и реализуются с целью индивидуализации обучения, подготовки учащихся к осознанному выбору профиля обучения в соответствии с их интересами и способностями.

В рамках нормативно-правовых документов они регламентируются приказами Министра образования и науки Республики Казахстан от 25 июля 2013 года № 296 и от 27 ноября 2013 года № 471.

Курсы по выбору делятся на два вида:

1. Курсы по выбору, рекомендованные МОН РК к обязательному изучению.
